

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

12

ДЕКАБРЬ

1967

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ

Социализмнің ұлы жеңістеріне елу жыл

КПСС Орталық Комитетінің

Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың
Ұлы Октябрь социалистік революциясының
50 жылдығына арналған КПСС Орталық
Комитетінің, СССР Жоғарғы Советінің және
РСФСР Жоғарғы Советінің бірлескен
салтанатты мәжілісінде жасаған баяндамасы

Жолдастар, Орталық Комитеттің мүшелері!

Депутат жолдастар!

Құрметті шетелдік меймандарымыз!

Қымбатты достар!

Осыдан елу жыл бұрын бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар оқиға болды. Россияның коммунистер партиясы бастаған жұмысшылар мен шаруалары мемлекеттік өкімет билігін өз қолына алды. «Қажеттігін большевиктер әрқашан айтып келген жұмысшы және шаруа революциясы жасалды» деген Лениннің сөздері бүкіл елге, бүкіл дүние жүзіне естілді.

Қысқы сарайға шабуыл әлі жасалып жатқанда Смольныйда жұмысшылар мен солдаттар депутаттары Советтерінің Бүкіл Россиялық екінші съезі басталды. Съезд біздің партиямыздың негізін қалаушы және революцияның көсемі Владимир Ильич Ленин бастаған Совет үкіметін құрды. Жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекеті дүниеге келді. Ұлы Октябрь Россияның ұлан-байтақ территориясында жеңімпаздықпен қанат жая бастады.

Жетінші ноябрь адамзат тарихындағы жаңа заманды бастап берді, жаңа, социалистік жылнаманың бастамасы болды. Бұл күні жаңа социалистік қоғам негізінің ірге тасы қаланды.

Октябрьдің жеңісі социализмнің мұраттарын жүзеге асырудың жолын ашып берді. Тарихи қысқа мерзімнің ішінде Отанымыз ғасырлардан бергі мешеуліктен шығып, жоғары дәрежеде өркендеген қуатты мемлекетке айналды. Еліміздің еңбекшіле-

рі Коммунистік партияның басшылығымен бірінші болып социалистік қоғам орнатты, бірінші болып коммунизм орната бастады.

Октябрь социалистік революциясы бүкіл дүние жүзілік қоғамдық дамуға қуатты қозғау салды, революциялық және азаттық күресінің барысын тездетте түсті. Октябрь марксизм-ленинизм туы астында жеңіп шықты, бүгін таңда марксизм-ленинизмнің идеялары миллиондардың ақыл-ойы мен жүрегін билеп, қуатты жасампаз күшке айналды.

Өткен жарты ғасырдың тарихи қорытындысы сол — дүние жүзілік аренадағы күштердің арақатынасы жұмысшы табының пайдасына, барлық прогресс, демократия және социализм күштерінің пайдасына түбегейлі түрде өзгерді.

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, Жоғарғы Советінің Президиумы, Министрлер Советі қымбатты отандастарымызды — жұмысшылар мен колхозшыларды, интеллигенцияны, Совет Армиясы мен Флоттың жауынгерлерін, барлық совет адамдарын ұлы мерекемен қызу құттықтайды!

Бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған еңбекшілер Октябрь революциясының мерекесін өздерінің қымбатты да сүйікті мейрамы ретінде атап өтеді. Салтанатты бұл күндерде Лениннің партиясы, бүкіл совет халқы өзінің шетелдік достарына, серіктеріне және туыстарына революциялық жалынды сәлем жолдайды!

Ғасырлар өтер, адамзат біздің замандастарымыздың ең ұшқыр қиялындарыдан да биік шындарға жетер, көптеген оқиғалар ұмытылар да, ал 1917 жылдың жетінші ноябрі — жеңімпаз социалистік бірінші революция жасалған күн келешек ұрпақтардың есінде мәңгі сақталмақ.

Ұлы Октябрінің ісі ғасырлар бойы жасай береді!

1. Ұлы Октябрь социалистік революциясы — марксизм-ленинизмнің жеңісі

Жолдастар! Халықтардың тардырында, қоғамдық дамуда үлкен роль атқарған революциялар адамзаттың тарихында аз болмаған. Октябрь революциясы — өзінің сипаты жағынан да, тарихи нәтижелері жағынан да — солардың арасында айрықша орын алады. Октябрь революциясы адамды адамның қанауын жойды және қоғамды еңбекшілердің өз мүддесі үшін қайта құруды бастап берді. Ол жұмысшы табын, барлық еңбек адамдарын мыңдаған жылдар бойы қанаушылардың үстемдік етуінен тұған апаттан, қайғы-қасіреттен және қорлықтан азат ету заманын бастап берді.

Өткен заман оқиғалары әр түрлі көзқарас туғызады. Біреулерінен — маңызды және ғибрат аларлық бола тұрса да — тек тарихтың беттерін ғана көруге болады. Басқалары — тарихшылардың ғана емес, сонымен қатар заманымыздағы саяси күреске қатысып жүргендердің бәрінің де ынтасын туғызып, тіпті ондаған жылдар өткеннен кейін де бейнебір бүгінгіміздің бір бөлегі болып қала береді. Октябрь революциясы — міне дәл осындай оқиға.

Октябрден кейінгі өткен 50 жылдың ішінде дүние жүзілік революциялық қозғалыс үлкен және жан-жақты тәжірибемен байытылды. Бұл тәжірибе революциялық күрестің жолдары мен әдістері жөніндегі ұғымдарды кеңейтті, жұмысшы табының революциялары толысып пісетін және жасалатын жағдайлардың барлық мол түрлерін ескерудің аса маңызды екенін көрсетіп берді. Сонымен бірге осы тәжірибенің арқасында социалистік революцияның жалпы заңдылықтарының маңызы бұрынғыдан да айқын бола түсті. Дәл сондықтан да, 1917 жылғы революция бұл заңдылықтарды сондай толық және мүлтіксіз анықтап бергендіктен де, дүние жүзілік революциялық процесс міне жарты ғасыр бойына Октябрінің қуатты ықпалын сезінуде.

Россияны социализмге әкелген жол — дүние жүзілік тарихтың, күллі адамзат мәдениетінің даңғыл жолы. Россия жағдайларының қаншама өзіндік өзгешеліктері бола тұрса да, Октябрь революциясы тұтас тарихи заманның — капитализмнен социализмге өту заманының — дүние жүзіндегі қоғамдық-экономикалық дамудың бүкіл барысы әзірлеп берген осы өту заманының негізгі, басты бағыттарын бейнеледі.

Өндіріс құралдарына жеке меншік өндіргіш күштердің дамуына кедергі бола бастаған кезде капитализмнің орнына социализм орнату қажетті және шүбәсіз іске айналды. Капитализм өзінің көрін қазушыны — жұмысшы табын өзі туғызды. Халықаралық пролетариаттың көп жылғы қажырлы күресінде, капиталға қарсы тап шайқастарында еңбектің қаһарлы қаруына айналған жауынгерлік тәжірибе туды.

Алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірдің бүкіл дамуы Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеп берді. Марксизмде бұл даму өзінің асқар шыңына шықты.

Ұлы ойшылдар және революционерлер Карл Маркс пен Фридрих Энгельс нағыз творчестволық ерлік жасап, социализмді утопиядан ғылымға айналдырды, барлық езілгендер мен жапа шеккендерге бостандық пен бақытқа жету жолдарын көрсетіп берді.

Социалистік революция ескі дүниенің өз ішінде пісіп жетілді. Сондықтан ол ең әлсіз буында — ХХ ғасырдың бас кезінде империализмнің барлық негізгі қайшылықтары түйіскен Россияда бұрқ ете түсті.

Капитализмнің жедел дамуы мұнда шешілмейтін көптеген проблемалар туғызды, таптық антагонизмді барған сайын үсті-үстіне тереңдете берді. Жартылай феодалдық құрылыс жағдайында еңбекшілер бұқарасы капиталистік қанаудан азап шегіп қана қоймай, сонымен қатар помещиктердің тепкісінен, қатал саяси озбырлық пен ұлттық езуден де азап шекті. Ол кезде заманның әлеуметтік және саяси қайшылықтары мұншалық шиеленіскен, мұншалық ушыққан басқа ел жоқ еді.

Дүние жүзілік бірінші соғыс оқиғалардың дамуын тездетті. Бұл соғыс еңбекшілер бұқарасының жоқшылығы мен қайғы-қасіретін жоғары шегіне жеткізді, патша самодержавиясының, ал содан кейін Уақытша үкіметтің шіріктігін және дәрменсіздігін ашкерелеп берді. Ленин: ол күндерде ескі өкімет жанартау үстінде еді, халық санасының терең қойнауында ұлы өзгерістер болып жатты, ауада тазартқыш нажағай тұрызбай қоймайтын электр жиналды, деп жазды.

Сөйтіп, Октябрьдің тәжірибесі революцияның тек объективтік жағдайлар қалыптасқан шақта ғана жеңетінін көрсетіп берді. Революцияның осы бұлжымас заңын ешкім де жоя алмайды. Сонымен бірге Октябрь революциясы ескі құрылысты құлату үшін қолайлы объективтік жағдайлармен қоса еңбекшілер бұқарасының тап дұшпанымен шешуші шайқастарға тиісінше әзірленген және ұйымдасқан болуы керек екенін көрсетіп берді.

Россияның жұмысшы табы бұл міндетті ойдағыдай атқарып шықты. Ол дүние жүзілік пролетариаттың нағыз революцияшыл отряды болып қалыптасты. Елдің өміріндегі оның саяси ролі оның санынан өлшеусіз жоғары болды. Ол біздің еліміздегі халықтардың таңдаулы революциялық дәстүрлерін лайықты түрде алға апарушы болды, дүние жүзілік пролетариаттың революциялық тәжірибесін творчестволықпен қабылдады. Ол өзінің жауынгер авангардын — большевиктер партиясын құрды, бұл партия социализмді жұмысшы қозғалысымен, бұқараның стихиялық ашынуымен ұштастыра білді. Маркс пен Энгельстің ілімі Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларының дүние таңымы болды. Лениншіл большевиктер бұл ілімнің тазалығын қорғап қалды және мұны жаңа тарихи жағдайларға — империализм жағдайларына сәйкес, өзінің революциялық күресінің нақты міндеттеріне сәйкес дамытты.

Большевиктер социалистік революция жоғарыдан жасалатын төңкеріс емес, бір топ батырлардың сөз байласуы емес, қайта қалың еңбекші халық бұқарасының қозғалысы деген қариданы әрқашан да басшылыққа алып отырды. Партия бұқараның қалың ортасында бола отырып, олардың күресін бастай отырып, миллиондаған жұмысшыларды, шаруалар мен солдаттарды революцияның біртұтас армиясына топтастыра білді. Большевиктер жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағын қажымай-таямай шындай берді. Бұл одақ біздің еліміздегі революция мен пролетариат диктатурасының берік базасы болды. Тіпті 1905 жылы-ақ халық бұқарасының творчествосы тұрызған Советтерден Ленин партиясы еңбекшілердің саяси өкіметінің жаңа формасын тапты.

Ленин мен лениншілдер көп жылдық тап күресінің барысында, екі буржуазиялық-демократиялық революциялардың шайқастарында революцияның стратегиясы мен тактикасын ұдайы жетілдіре берді.

Партия Октябрь төңкерісіне әзірлене отырып, күрестің барлық формаларының — жария және жасырын, бейбіт және бейбіт емес, астыртын және ашық формаларының — аса бай тәжірибесін жинақтады. Партия бұл формаларды жедел ауыстыруға әзір тұрды, ең қысталаң және шытырман жағдайларда жұмысшы табын тарихтың барлық кедергілері мен бұраң жолдары арқылы алға бастай білді. Сондықтан шешуші кезең туған шақта Россияның жұмысшылары мен шаруалары өз тәжірибесі бойынша большевиктер саясатының дұрыстығына көзі жетіп, Ленин партиясының соңынан ерді, оның ұрандарын қостап, жеңіске жете білді.

Октябрь қарулы көтерілісінің асқан шеберлікпен, жұмысшы, шаруа және солдат бұқарасының көңіл-күйін түсінгендікпен әзірленгені және өткізілгені соншалық, бұл көтеріліс революциялық стратегия мен тактиканың үлгісі ретінде тарихтан лайықты орын алды. Революцияның Қызыл Питерде лап еткен жалыны бүкіл елді қамтып, оның нағыз алыстағы қиыр аймақтарына тарады.

Октябрь революциясының жеңісі — лениншіл большевиктердің көп жыл бойы еңбектеніп жүргізген қажырлы жұмысының, қаһармандық және жігерлі күресінің нәтижесі. Октябрьдің тәжірибесі тіпті қолайлы жағдайлар болғанның өзінде де жұ-

мысшы табы тек өз авангардының — бұқарамен берік байланысты және революциялық күрестің барлық формаларын меңгерген маркстік партияның басшылығы арқасында ғана социалистік революция жасай алатынын көрсетті. Бұл — революцияның тағы бір бұлжымайтын заңы.

Жұртқа мәлім, XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың бас кезінде халықаралық жұмысшы қозғалысында оппортунизм терең тамыр жайды. II Интернационалдың лидерлері осы оппортунизмнің басты тұлғалары болды. Социализмге қалай бару керек: революция арқылы бару керек пе немесе жұмысшы табының міндеттерін ішінара талаптар жолындағы күреске саятын, капиталистік құрылыстың негіздеріне тимейтін реформизм жолымен бару керек пе, деген ұлы талас туды. Тарихи практика осы таласты шешуге, мұнда өзінің соңғы сөзін айтуға тиіс болды. Осындай сөзді Октябрь революциясы айтты. Ол қандай түрде жасалса да, тек революция арқылы ғана жұмысшы табының жеңіске жете алатынын көрсетті.

Октябрь революциясы саяси өкіметтің ауысуы болып қана қойған жоқ. Ол халық өмірін шын мәнісінде мейлінше өзгерткен, Россия болмысының барлық жақтарын қамтыған аса терең әлеуметтік-экономикалық төңкеріс болды. Жұмысшы табын өкімет басына қойып, Октябрь еңбекшілерді қанаудан құтқарды, кәсіпорындарды, банктерді, темір жолдарды олардың қолдарына берді, шаруаларға жер берді, Россия халқының тең жартысына азап шектірген ұлттық езгіні жойды, елді империалистік сорыстан шығарып алды.

Тап жауларының қарсылығы мен шаруашылық күйзелісі туғызған адам айтқысыз қиыншылықтар жағдайында жас Совет мемлекеті өз өмірінің алғашқы күндерінен-ақ қоғамды қайта құру жұмысын бастады. Өндіріс құралдарына жеке меншікті жою, барлық сословиелік артықшылықтарды жою, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, әйелдердің праволарын теңестіру, білім беру ісіне демократиялық реформа жасау, халықтың денсаулығын сақтауды ұйымдастыру, ғылым мен өнерді дамыту жөніндегі қамқорлық — міне Совет өкіметі өз қызметін осы мәселелерді шешуден бастады.

Мұның бәрінің аса зор принциптік маңызы болды. Дүние жүзі халықтарының көз алдында социалистік құрылыстың эпопеясы өрістетіліп жатты, олар осы эпопеяның алғашқы күндерінен бастап пролетарлық революцияның міндеті тек ескіні қирату ғана емес, оның негізгі мағынасы, оның пафосы — жасампаздық, жаңа өмір орнату екенін өз көздерімен көре алды. Маркстіл-лениншілдер әрқашан да: өкімет жөніндегі мәселе революция атаулының түбегейлі мәселесі болып табылады дегенге сүйенді. Бірақ өкіметті жеңіп алу коммунистер үшін ешқашан да жалаң мақсат болған жоқ. Пролетариат диктатурасын олар жаңа социалистік қоғам орнату жолындағы, еңбекші халықтың игілігі мен бақыты жолындағы күрестің негізгі құралы деп санап келді және солай деп санап отыр.

Тап күресінің бүкіл тәжірибесі: революция өзін қорғай білген күнде ғана құнды деп үйретеді. Ұлы Октябрь ескі дүниенің барлық күші жабылып қарсы шығатын социалистік революция үшін бұл ақиқаттың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Жас Совет республикасына контрреволюция мен интервенттердің қалың қолдары шабуыл жасаған қатерлі күндерде, қоршау, саботаж, бай-кулактардың бүліктері жағдайында революциялық Россия ең жауапты сыннан мүдірмей өтті, өзінің өмір сүру правосын қорғап қалды. Оның бұл сыннан мүдірмей өткен себебі — революцияшыл жұмысшылар мен шаруалар азамат сорысы майдандарында, азық-түлік отрядтарында, еңбек майданында өздеріне ең жақын іс үшін шайқасты, өйткені олардың өз тағдырлары, бостандығы, болашағы осы іске байланысты болды.

Октябрьдің от-жалынында туған Қызыл Армия сол күндерде өзін мәңгі өшпес даңққа бөледі. Революция жауынгерлерінің қаһармандығы мен жанқиярлығы, өздерін құрбан етуге әзірлігі, жеңіс үшін қиыншылықтың қандайына болса да төзуге әзірлігі бүгін таңда да дүние жүзін сүйсіндіріп отыр. Перекөп, Каховка, Волочаевка, батыр чапаевшылар мен атты әскерлер ән мен жырға арқау болды. Олардың ерлігі — совет адамдарының барлық ұрпақтарының тәрбие алуына үлгі, өнеге. Социалистік Отан үшін жанқиярлық күрестің азамат сорысы жылдарында туған дәстүрлері біздерге, Октябрьдің мұрагерлеріне, ерліктің, табандылықтың, жеңіске деген қайсарлықтың мәңгілік сарқылмас қайнар бұлағы болып қала береді.

Россияның жұмысшыларын бүкіл дүние жүзіндегі табы бір бауырларымен берік дәнекерлер арқылы байланыстырып отырған пролетарлық интернационализм — Октябрь революциясының тамаша сипаттарының бірі. Октябрьдің жеңісі — еңбекшілердің халықаралық туысқандығының жеңісі, пролетарлық интернационализмнің жеңісі деп айтуға толық дәлеліміз бар. Қызыл Армияның қатарында біздің елдің халықтарының перзенттерімен қатар венгрлер мен поляктар, сербтер мен хорваттар, чехтар мен словактар, болгарлар мен австрияндар, немістер мен финдер, ру-

мындар мен монғолдар, корейлер мен қытайлар, басқа да көптеген ұлттардың өкілдері қол ұстаса отырып бірге шайқасты. Мұның өзі революционерлердің жауынгерлік интернационалы болды.

Революциямен тек азамат соғысының майдандарында Октябрьдің ісі үшін айқасқандар ғана бірге болған жоқ. Интервенттерді өзінің эскадрасын Одессадан әкетуге мәжбүр еткен француз теңізшілерінің ерлігі туралы, «Россиядан қолыңды тарт!» деген ұран тастаған ағылшын жұмысшыларының ереуілі туралы хабар бүкіл Европаны шарлады. Европа буырқанып жатты. Көтерілістер, ереуілдер, демонстрациялар тасқыны үсті-үстіне ұласты. Жұмысшы қозғалысының қуатты өрлеуі халықаралық контрреволюцияның күшіне тұсау болды, империалистік интервенттердің қысымын әлсіретті.

Совет коммунистері мен барлық совет адамдары атынан біздің шетелдік серіктерімізге, сонау даңқты жылдарда Октябрьдің маңызын ақыл-ойымен және шын жүрегімен түсінгендердің, біздің халқымыздың революциялық жеңістерін қорғап қалуына көмек көрсеткендердің бәріне зор құрмет көрсетіп, шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер.

Жолдастар! Октябрьдің жеңісі — ленинизмнің жеңісі. Россияда социалистік революцияға бүкіл әзірлік, біздің Коммунистік партиямыз бен советтік мемлекетіміздің құрылуы мен тарихы, біздің соғыс майдандары мен бейбіт құрылыстағы жеңістеріміз мәңгі жасайтын Лениннің есімі мен қызметіне тығыз байланысты.

Владимир Ильич Ленин тарихқа большевиктік партияны құрушы, еңбекшілер бұқарасының ұлы көсемі және ұйымдастырушысы ретінде, мұнымен қатар дауышпан ғалым ретінде еніп отыр. Ол революционер деген сөздің ең мәртебелі әрі игі мағынасындағы асыл тұлға еді. Оның бүкіл өмірі еңбекші халықтың бақыты мен мүддесі жолындағы қажырлы күресте өтті.

Октябрьдің көсемі революцияның стратегі ретінде де, саяси тактиканың теңдесі жоқ шебері ретінде де ұлы адам болды. Ленин саяси күштердің орналасуындағы, бұқараның көңіл-күйіндегі азғана ілгері басушылықтарды сезімталдықпен ұғып, осы көңіл күйін үлкен саясат тіліне дәл аудара білді, дәл сол жардайда неғұрлым пәрменді бұқаралық ұран тастап, нысанаға жетудің ең дұрыс жолын белгілей білді.

Ленин идеология мен саясаттың принципті мәселелерінде ымыраға келмейтін. Алайда бұл оның нақтылы проблемаларды шешуге келгенде барынша икемділік көрсетуіне бөгет жасаған жоқ. Жалынды революционер Ленин жалған революциялық сөзuarлықты аяусыз ажуалап отырды. Өзінің бар тұрпатымен мұқалмас күрескер болған ол керек болып қалған жардайда күш жинап алу үшін және бұдан кейін неғұрлым табысты түрде шабуыл жасау үшін уақытша ымыраға келіп, шегіне де білді.

Керенаулық пен догматизм атаулының бәрі Ленинге мүлде жат еді. Оның теория мен саясатқа творчестволық тұрғыдан қарауы революция туралы маркстік ілімді, социализм орнату туралы ғылымды жан-жақты дамытып, байытуына мүмкіндік берді. Ленин практикалық жұмыстардың қалың ортасында болып, кезек күттірмейтін қыруар істерді шеше жүріп, Россиядағы социалистік құрылыстың сара жолын белгіледі, советтің ішкі және сыртқы саясатының принципті негіздерін қалады.

Ленин саяси қайраткер ретінде де, адам ретінде де мейлінше кішіпейіл еді. Ол паңдық атаулыдан, менмендік атаулыдан аулақ болды, өзіне өзі қатаң талаптар қоя білді — дүние жүзі пролетариатының көсемі, революция жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінің штурвалына қойған адам міне осындай еді.

Советтердің Бүкіл Россиялық II съезінің мінбесінде тұрып социалистік революцияның жеңгенін жариялағанда Ленин 47 жаста еді. Ал жүрегі соғуын тоқтатқанда ол 54 жаста болатын. Алайда Лениннің ұлы даналығы алдында тіпті өлім де дәрменсіз болып шықты. Ленин алғашқы бесжылдықтардың қайнаған кезінде де бізбен бірге болды. Ленин Ұлы Отан соғысының шайқастарында да бізбен бірге болды. Ленин қазір де, Совет Одағының халықтары коммунизм құрылысының практикалық міндеттерін шеше отырып, жаңа тарихи асудан асқан кезде де бізбен бірге болып отыр.

Лениннің ісін ол құрған партия ілгері бастырды. Бұл партияның үлесіне ауыр, бірақ құрметті міндет — Лениннің мәңгі жасайтын идеяларын, оның асыл ойының мәңгі өшпес мұраларын жүзеге асыру міндеті тиді. Ал біздің партиямыз — Совет Одағының Коммунистік партиясы — бұл міндеттерді абыроймен орындауда.

Октябрь революциясының елу жылдық мерекесі — ленинизмнің салтанаты, Ленин партиясының идеялары мен ісінің салтанаты.

Партиямыз, совет халқы лениндік бағыттан ешқашан айнымай алға баса беруді Лениннің есіміне шексіз құрмет көрсетудің ең жақсы әдісі деп санап отыр!

2. СССР-де социализм орнату — совет халқының ұлы ерлігі

Жолдастар! Советтік Россияның еңбекшілері революцияны қолына қару алып қорғап, лениндік партияның басшылығымен социализмнің шыңына өрлей бастады. Бұл әрі қиын жол еді, совет халқының ұлы, ұмытылмас ерлігі еді.

Совет өкіметі патша өкіметінен экономикасы мен мәдениеті мешеу елді мұраға алып қалған еді, ал жеті жылғы соғыс — әуелі империалистік, ал кейін азамат соғысы — халық шаруашылығын тіпті соғысқа дейінгі көрсеткіштермен салыстырғанда да кейін қарай ығыстырып тастады. Біз капиталистік жау мемлекеттердің қоршауында болдық. Майданда талқандалған тап жаулары қарсыласуын тоқтатқан жоқ, олар жұмысшылар мен шаруалардың жас мемлекетін бүлдіріп, әлсірету үшін қандай да болсын мүмкіндіктерді, зәредей саңлауларды пайдалануға тырысты. Оңшыл және «солшыл» оппортунистер партияны лениндік сара бағыттан тайдыруға тырысты.

Социализм орнатудың біздер үшін қиын болған тары бір себебі — біз бұл істі бірінші болып бастадық. Біздің үйренетін ешкіміміз болған жоқ. Марксизм-ленинизм теориясымен қаруланған Коммунистік партия социализмге апаратын жолдың жалпы бағытын білді. Алайда ол осы жолдың әрбір учаскесінде кез болатын барлық проблемаларды білген жоқ және оны біле де алмайтын еді. Мұның үстіне ол бұл проблемалардың дайын шешіміне де ие болған жоқ. Лениннің бейнелі сөздерімен айтатын болсақ, буржуазия өкімет басына келгенде «бұрын сыналған экипаж болады, күні бұрын дайындалған жол болады, бұрыннан сыналған механизмдер болады», ал өкімет билігін жеңіп алған пролетариатқа «экипаж да, жол да жоқ, тіпті ешнәрсе, күні бұрын сыналған түк те жоқ!» (Шығармалар, қазақшасы, 33-том, 199-бет). Сондықтан біздің Коммунистік партияға дүние жүзінде тұңғыш рет социализмге бастайтын жол салуға, жаңа қоғамның «механизмдерін» іс жүзінде жасап, сынауға тура келді.

Социализм орнату басталған кездегі жағдай міне осындай еді. Қазіргі биігімізден қарағанда өткен кезде болған кемшіліктер мен қателіктерді көру онша қиын да емес. Нені болса да неғұрлым тезірек, неғұрлым жақсырақ, неғұрлым аз шығынмен істеуге болатындығына дау жоқ. Алайда жүріп өткен жолымызға объективті баға беру үшін мынаны әрқашан да есте ұстаған жөн: біздер үшін әрбір қадам іздену болды, ілгері басқан әрбір қадамымыз елдің ішіндегі және дүние жүзілік көлемдегі жауларға қарсы табан тірескен күреспен келген іс болды.

Партия елімізді социалистік жолмен жаңартуға кіріскен уақытта социализм орнату үшін осы заманғы ірі өнеркәсіп жасау қажеттігін білді. Сондықтан мұны не ең қысқа тарихи мерзімде жасау немесе жеңіліске ұшырау керек еді — біздің алдымызда басқа таңдау болған жоқ. Міне сондықтан да елді индустрияландыру біздің басты міндетіміз болды.

Ол кездерде социализмнің индустриялық базасын жасау үшін Совет мемлекетінде капитал жеткіліксіз еді, техника жетпеді, тәжірибелі кадрлар болмады. Біз шеттен көмек аламыз деп те үміттенген жоқпыз. Алайда бізде дүние жүзіндегі ең озат қоғамдық құрылыс бар еді. Бізде бұқараның революциялық жігерінің орасан зор қуаты бар еді, ал мұның өзі совет халқының тіпті мүмкін емес сияқты болып көрінген істі мүмкін етуіне жағдай жасады.

Тіпті 1920 жылы, азамат соғысының қызу кезінде, В. И. Лениннің инициативасы бойынша экономиканы өркендетудің біздің еліміздегі және бүкіл дүние жүзілік практикадағы тұңғыш біртұтас жалпы мемлекеттік жоспары — Россияны электрлендірудің мемлекеттік жоспары (ГОЭЛРО) бекітілген болатын. Экономиканы ғылыми негізде, жоспарлы түрде, комплексті өркендетудің тарихы осы жоспардан басталды.

Совет мемлекетінің өтпелі дәуірдегі шаруашылық саясатының негізгі бағыттарын В. И. Ленин тұжырымдап берді, оны 1921 жылы РКП(б) X съезі бекітті. Бұл бағыттар тарихқа «жаңа экономикалық саясат» (нэп) деген атпен енді. Революцияны қорғауға, елді бүліншілік пен ашаршылықтан құтқарып қалуға, социалистік экономиканың ірге тасын қалауға, капиталистік элементтерді бірте-бірте ығыстырып шығарып, жоюға бағытталған бұл саясат көбінесе сол уақыттары жағдайдың ерекшеліктерінен туды.

Ленин сонымен бірге алыс болашаққа көз жіберді. Ол социалистік шаруашылықты жүргізу принциптерін сол кездің өзінде-ақ белгілеп берді, ол принциптер өзінің маңызын күні бүгінге дейін толық сақтауда. Орталықтан жоспарлауды еңбекшілердің инициативасын өрістетумен ұштастыру жөніндегі, товар-ақша қатынастарын, шаруашылық есепті, еңбекке ынталандыратын материалдық көтермелеуді пайдалану жөніндегі, бүкіл қоғамның мүдделерін жеке алғандағы әрбір қызметкердің мүдделерімен

ұштастыру жөніндегі лениндік қаридалар бүгін таңда да партияның экономикалық саясатындағы аса маңызды бағдар болып келеді.

Социалистік құрылыстың орасан зор артықшылықтарын пайдалана отырып, партия елді индустрияландырудың ВКП(б) XIV съезінің шешімдерінде тұжырымдалған түбегейлі проблемаларын үш бесжылдыққа да жетпейтін уақыттың ішінде шеше алды. 40-шы жылдардың басына дейін елде көп салалы социалистік өнеркәсіп құрылды. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жағынан, оның техникамен жабдықталуы жағынан Совет Одағы Европадағы дамыған капиталистік елдердің дәрежесіне жетті.

Алғашқы бесжылдықтар бізден ұзаған сайын сол бір қиын да болса даңқты кезеңнің ұлылығы біздің көз алдымызда айқындала түсуде. Егер совет халқы асқан ұлы саналылық, ұйымшылдық және ерлік көрсетпесе, біздің еліміз еш уақытта да социалистік ел бола алмаған болар еді, алдыңғы қатарлы өнеркәсіптік державаға айнала алмаған болар еді. Жолдастар, сол жылдардағы адамдардың тұрмысын: нан паегін, киім мен аяқ киім жетіспегенін, тұрғын үй тапшылығын және басқа да бірқатар қиыншылықтарды еске түсіріп көріңіздерші. Сонда да, барлық қиыншылықтар мен жоқшылыққа қарамастан, елде бұқараның еңбек жігері қыз-қыз қайнады, Днепргоэс, Магнитка, Турксиб, Амурдағы Комсомольск және Березники құрылыстарына, Харьков, Челябинск, Сталинград трактор алыптарының, Горький мен Москва автозаводтарының құрылыстарына — социалистік индустрияның алдыңғы шептегі тіректері жасалып жатқан жерлерге еріктілер лек-легімен ағылды.

Біздің алғашқы бесжылдықтарымыз социализм жолындағы шын мәніндегі шайқастар болды. Және де әрбір шайқастары сияқты бұларда да талантты командирлер, өз істеріне шексіз берілген батырлар шықты. Партия аса зор жұмысты өрістетіп, өнеркәсіптің тамаша ұйымдастырушыларының, халық шаруашылығын басқарушылардың тұтас бір ұрпағын тәрбиелеп өсірді. Ұлы құрылыстың энтузиазмы, социалистік жарыстың бүкіл халық арасында өрістегені мыңдаған және сан мыңдаған озаттарды — екпінділерді, стахановшыларды, жұмысшы табының ең таңдаулы өкілдерін туғызды, олардың еңбектегі ерлігі социализмнің индустриялық базасын жасаудың бүкіл ісін алға бастырған бейне бір қуатты мотордай болды. Ол адамдардың табандылығы мен ерлігі, олардың партия ісіне, социализм ісіне шексіз берілгендігі — бұл бүгін таңда да шабыт беретін өнеге, ол жаңа заводтар мен электр станциялар салып жатқан, Сибирь мен Қиыр Шығыстың ұлан-байтақ кеңістігін игеріп жатқан, ғылымда заманалық жаңалықтар ашып, өзінің еңбегімен алғашқы бесжылдықтардың даңқты дәстүрлерін одан әрі жалғастырып отырған жұмысшы табының, бүкіл совет халқының айбынды істерінен көрінуде.

Социализм орнату үшін қуатты өнеркәсіп жасап қана қоймай, сонымен қатар деревняны социалистік негізде қайта құруды жүзеге асыру керек болды. Мұның өзі өте қиын міндет еді. Ұсақ жеке меншікшілді ғасырлардан бергі әдет-ғұрпынан, оның мүдделері мен өмірге көзқарасының тар өрістілігінен арылту, оның психологиясын өзгерту қажет болды. Жеке меншікшіл шаруаны коллективтік еңбек пен қоғамдық өмірдің белсенді күрескеріне айналдыру керек болды.

Даңқты кооперативтік жоспарды жасаған Ленин осы алып әлеуметтік проблеманы шешудің жолын тапты, бұл жоспарды партия деревнядағы қызметінің негізіне алды. Партия совхоздар ұйымдастырумен қатар шаруаларды өндірістік артельдерге — колхоздарға біріктіруді жүзеге асыру міндетін қойды. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі ауыл шаруашылығын коллективтендіруге барып алды.

Коллективтендіру социалистік революцияның аса маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болды. Барлық революциялық іс сияқты коллективтендіру де шиеленіскен күрес жағдайында өтті. Соңғы және ең көп қанаушы таптың — кулактардың қарсыласуын күйрету керек болды. Деревнядағы әлеуметтік жағдайдың шытырмандығы, техниканың жетіспеуі, индустрияландыру ісі үшін селонның көптеген мұқтаждарын өтеуді уақытша қоя тұру қажеттігі — осының барлығы толып жатқан қиыншылықтар туғызды. Сөйтсе де партияның айқын мақсатты жұмысы, еңбекші шаруалар мен жұмысшы табының белсенді күш-жігері осы қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік берді.

Деревняны социалистік жолмен қайта құру туралы айтқанда, осы алып міндетті шешуге өзінің еңбегін, еркі мен жігерін жұмсағандарды еске түсірмеске болмайды. Партияның шақыруы бойынша Москва мен Ленинградтың, Урал мен Донбастың жұмысшылары деревняға барды, жаңа, коллективтік шаруашылықты жолға қоюға көмектесті. Тарихта олар «жиырма бес мыңшылар» деп аталып кетті, бірақ олар бұдан әлдеқайда көп болған еді. Олар шаруаларға Коммунистік партияның идеяларын, социализмнің мұраттарына деген сенімді, тап күресінің жауынгерлік тәжірибесін таратты. Жас колхоздарды басқарған коммунистердің, МТС пен совхоздардың қажырлы қызметкерлерінің, колхоз және совхоз өндірісінің ұйымдастырушылары мен ардагерлерінің есімдері колхоз даңқының шежіресіне мәңгілікке жазылды.

Елді индустрияландыру мен коллективтендірудің лениндік бағытының салтанат құруының орасан зор әлеуметтік-саяси маңызы болды. Қала мен деревняда социализмнің экономикалық іргесі қаланды. Жұмысшы табы мен шаруалардың бейнесі өзгерді. Олардың арасындағы одақ нығайды. Социалистік қоғамдық қатынастарды дамытудың, елдің қорғаныс қабілетін арттырудың, бүкіл совет халқының моральдық-саяси бірлігін нығайтудың берік негізі қаланды.

Жолдастар! Партия Октябрьдің алғашқы күндерінен бастап-ақ мәдени революцияны жүзеге асыруға барынша жігерлі және мақсатты түрде кіріспесе, еліміздегі социалистік өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін болмас еді. Мұның өзі аса маңызды міндет болды. Өйткені революция жасалған кезде Россиядағы халықтың төрттен үш бөлегі сауатсыз болды ғой. В. И. Ленин революциядан төрт жыл бұрын қыңжылған сезіммен былай деп жазды: «Оқу, жарық және білім жөнінде халық бұқарасы осынша жүрдай болған мұндай тағы ел, — міне осындай ел Европада Россиядан басқа біреуі де қалған жоқ» (Шығармалар жинағы, 19-том, 124-бет).

«Оқы, оқы және оқы!» — деп шақырды Ленин. Сөйтіп бүкіл ел қолына кітап алды. Миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар қауырт еңбек күнінен кейін сауатын ашып, жаңа тұрмысты барынша қаруланған біліммен орнату үшін мәдениеттің, ғылымның және маркстік дүние танымның негіздерін меңгере бастады.

Біз мәдениетті бұқараның игілігіне айналдыруға тиісті процесті революция жасау деп тегін атап отырған жоқпыз. Міндет адамдарды оқу мен жазуға үйрету ғана болған жоқ. Қоғамның рухани тұрмысының барлық саласында социалистік жаңа идеологияны орнықтыру керек болды. Өзіміздің, советтік аса білгір кадрларымызды даярлау керек болды. Социалистік мәдениетті құру керек болды, бұл мәдениет мыңдаған жылдар бойы адамдар жасаған таңдаулы, не жақсының бәрін қамтып қана қоймай, сонымен бірге бүкіл адамзаттың рухани дамуында алға қарай жаңа қадам жасауға тиісті болды.

Ол жылдарда барлық жағынан үнемдеуге тура келді. Сөйтсе де партия мен үкімет білім алуды, ғылымды, мәдениетті дамытуға қаржыны аямай жұмсараны соншалық, бұған тіпті ең бай капиталистік елдер де қызығар еді. Сөйтіп егер бүгін таңда Совет Одағы ғылым мен мәдениет саласындағы жетістіктерімен дүние жүзін таңқалдырып отырған болса, бұл жетістіктердің негізі Советтер Елінде мектептер мен кітапханалардың, жұмысшы факультеттері мен техникумдардың, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің қалың жүйесі құрыла бастаған кездің өзінде-ақ қаланған болатын.

Социалистік революция ұлт мәселесін шешу жолын ашып берді. Патшалық Россия түріндегі «халықтар түрмесін» қиратқан Октябрь елімізді мекендейтін барлық ұлттарды толық азат етті. 1922 жылы бір мақсат жолындағы ортақ күрес берік топтастырған халықтардың еркін бірлігі — Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылды. СССР-дің құрылуы интернационализмнің салтанаты, Коммунистік партияның, одақтас республикалардағы жұмысшы табының, барлық еңбекшілердің саяси даналығының көрінісі болды, өйткені олар өз күштерінің бірігуін революция мақсаттарын жүзеге асырып, оның жеңістерін қорғаудың шешуші шарты деп білді.

Қанаушы таптардың жойылуы, индустрияландыру, коллективтендіру, мәдени революция — таптар мен ұлттар арасындағы қатынастардың түбегейлі өзгеруіне қол жеткізген революциялық біртұтас процестің буындары міне осылар болды. Қауырт, қажырлы еңбек жылдары өз жемістерін берді. Партия мен халықтың орасан зор күш-жігері жеңіске жеткізді. Әлеуметтік және ұлттық антагонизмдер біздің қоғам тұрмысынан біржолата келмеске кетті. Жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың және халықтық интеллигенцияның достығы мен одағына негізделген жаңа қоғамдық құрылыс орнатылды. Қоғамдық тұрмыстың барлық салаларында социализм принциптері берік орнықты.

Коммунистер, совет адамдары социализм орнату коммунистік қоғамға бастайтын жолдағы бастапқы кезең ғана екенін жақсы білді. 1939 жылдың өзінде-ақ партия өзінің XVIII съезінде келесі кезеңге, коммунизм орнатуға көшудің алғашқы шептерін белгілей бастады. Бірақ бұл шептерге жеткенге дейін еліміз, халқымыз өз тарихында ең қатал сынды бастан кешіруге мәжбүр болды.

Ширек ғасырдан аз уақыттың ішінде өзінің Отанын көркейген социалистік мемлекетке айналдырған совет адамдарының аса зор табыстары империалистер тобырында өршеленген ашу-ыза туғызды. Біздің революциямызды бесігінің өзінде тұншықтыра алмағандар Советтер Елін соғыс күшімен талқандау жоспарларын жасауын тыймады.

Бізге соғыс керек емес еді. Совет үкіметі соғысты болдырмау үшін не керектің бәрін істеді. Бірақ соғысты болдырмауға мүмкін болмады. 1941 жылы фашистік Германияның опасыздықпен шабуыл жасауы совет халқының бейбіт еңбегін үзді. Империализмнің екпінді күштері мен тұңғыш социалистік держава арасында көлемі жағынан бұрын болып көрмеген шайқас өріс алды. Біздің партия империализм күште-

рімен соғыс шайқасы болуы мүмкіндігін болжап, еліміз бен халқымызды қорғанысқа әзірлеп отырды. Соғыстан бұрынғы бесжылдықтардың әлеуметтік-экономикалық жеңістері, социализм орнатудың барысында шындалған совет халқының идеялық-саяси бірлігі халқымыздың Ұлы Отан соғысында жеңіске жетуіне негіз болды.

Соғыс жылдарында Коммунистік партияның басшылық ролі барынша айқын көрінді. Партияның басшылығымен жеңіс шындалып жатты. Фашизмге қарсы жүргізілген көлемі жағынан теңдесі жоқ шайқаста Отанымыздың Қарулы Күштері мәңгі жасайтын даңққа бөленді. Солдаттар мен офицерлердің жаппай ерлігі, партизандар мен астыртын қимыл жасаушылардың жанқиярлығы социалистік патриотизмнің қандай орасан зор, жеңілмейтін күш екенін көрсетіп берді. Совет адамдары фашистерді талқандай отырып, Октябрь ісін, социализм ісін, өзінің туған жерін қорғады.

Майдан мен тыл қуатты бір тас түйіндей пирықты. Еліміз біртұтас әскери лагерге айналды. Қиыншылық баршаға бірдей болды. Адамдар тамаққа жарымай, ұйқысы қанбай жүрді. Ерлерінің орнына өйелдері цехтарда жұмыс істеді, станоктар жанына әкелерінің орнына балалары келді. Сөйтсе де Отанның индустриялы жүрегінің соғуы бір сәт те үзілген жоқ. Біздің заводтарымыз Совет Армиясына қару-жарақ берді, осы қару-жарақтың көмегімен бүкіл дерлік Еуропаның өнеркәсіп қуатына сүйенген гитлершіл фашизмнің соғыс машинасы жаншылып тасталды. Біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыз жұмысшы күшінің, ауыл шаруашылық машиналарының жетіспеуіне қарамастан, егіс көлемінің күрт кеміп кетуіне қарамастан, жеңіске жету үшін елімізге астық берді. Мұның өзі халықтың азаматтық, патриоттық ерлігі болды, мұның өзі жеңіс игілігіне арналған еңбекті өз өмірінің мәнісі деп білген адамдардың ерлігі болды. Сөйтіп олар Отанның жеңіп шығуы үшін не керектің бәрін істеді!

Халықтың теңдесі жоқ ерлігі төрт жылға созылды. Брест қамалын қорғаудың қаһарман эпопеясы, Одесса мен Севастополь түбіндегі, Москва маңындағы, Ленинград пен Сталинград іргесіндегі, Новороссийскідегі, Орел-Курск дөңесіндегі, Днепр мен Висладағы орасан зор шайқастар әскери өнердің, Қарулы Күштер айбындылығының, халықтың тамаша табандылығы мен ерлігінің өнегесі ретінде соғыстар тарихына енді. Совет халқы бұған дейін ешкім де біліп көрмеген аса ауыр сындардан өтіп, көлемі жағынан бұрын болып көрмеген ұрыстардың от-жалынымен төгілген қаны арқылы ұлы жеңіске жетті. Совет халқы өзінің Коммунистік партиясының басшылығымен Октябрінің жеңістерін қорғап қалды, агрессорларды талқандап, өз жерін басқыншылардан тазартты. Ол империализмнің ең қаратүнек түсігі — фашизмді күйретіп, талқандады.

Біз осы қаһарман эпопея шежіресінен ештеңені де ұмытқан жоқпыз. Польша, Югославия, Англия, Франция, Чехословакия, Америка Құрама Штаттары және антигитлерлік коалицияға қатысушы басқа елдер халықтарының ортақ жауды талқандаған жеңіске қосқан үлесін біз ұмытқан жоқпыз. Жау оккупациялаған елдердегі Қарсыласу күрескерлерінің ерлігі мен батырлығын біз ұмытқан жоқпыз. Фашистік құлдыққа түсу қаупі жағдайында, қоғамдық системаларының айырмашылығына қарамастан, агрессорға қарсы күресте Совет Одағымен пәрменді ынтымақтасу жолына түскен Батыстың одақтас елдерінің басшы қайраткерлеріне біз тиісінше құрмет көрсетеміз.

Европа мен Азияда гитлерлік Германия мен оның одақтастарының талқандалуы, біздің Отанымыз шешуші роль атқарған осы жеңістің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы болды: ол көптеген халықтар мен елдер үшін бостандыққа, тәуелсіздікке және әлеуметтік прогреске бастайтын жол ашып берді.

Совет адамдарының қаһарман ерлігі бүкіл дүние жүзіне мына жағдайды тағы да көрсетіп берді: капитал езгісінен арылған халықты жеңе алатындай күш дүниеде жоқ, бұл халық құрған, оның өзі сүйетін қоғамдық құрылысты — социализмді күйрете алатын күш жоқ! Сөйтіп совет жауынгерлері өз қолымен тіккен Қызыл ту рейхстаг үстінде желбірегенде — мұның өзі біздің соғыстағы жеңісіміздің ғана туы болған жоқ. Мұның өзі, жолдастар, Октябрінің мәңгі жасайтын туы болды; мұның өзі Лениннің ұлы туы болды; мұның өзі үміттің жарқын символы, барлық халықтардың бостандығы мен бақытының символы — социализмнің жеңімпаз туы болды!

Бізге соғыс келтірген шығындар мен бүліншілікті ештеңемен салыстыру мүмкін емес. Соғыс халықты қайғы-қасіретке ұшыратты, осыдан миллиондаған аналардың, жесірлер мен жетімдердің жүрегі қазірге дейін шерленіп отыр. Адам үшін жақын-жарандарының, жолдастарының, достарының қаза болуынан ауыр қасірет жоқ, өзінің күшін, дарындылығын, туып өскен елге деген өзінің сүйіспеншілігін жұмсаған еңбек жемістерінің жойылып кеткен көрінісінен ауыр көрініс жоқ. Өрттен қалған күл-күбірдің иісінен ащы иіс жоқ. Үйлеріне оралған совет солдаттары алдында фашистік жауыздардан азат етілген, жүрегіне қымбат жері от жалыны мен металл кескілеп тастаған күйде, қираған үймелерге толы болып жатты.

Сөйтсе де совет адамының жігерін, социализмнің жеңімпаз қадамын ештеңе де жасыта алмады. Қаза қайғысы өте ауыр болды. Бірақ сонымен қатар әрбір совет адамының жүрек сезімінде жеңістің қуанышты шаттығы да орнады. Қаза болғандардың ерлігі тірі қалғандарды жігерлендірді. Мәңгі жасайтын жауынгерлік даңққа бөленген қаһарман халық партия төңірегіне тығыз топтасып, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру жылдарында өздерінің тамаша қасиеттерін — табандылығын, жанқиярлығын, еңбек сүйгіштігін тағы да көрсетті. Сол бір жылдардың тарихы, сірә, шындалп әлі де жазылмаса керек, сөйтсе де біз ең бастысын жақсы есте сақтап отырмыз: 1948 жылдың өзінде-ақ өнеркәсіпте соғысқа дейінгі өндіріс дәрежесіне, ал 1950 жылы — ауыл шаруашылығында да осы дәрежеге қол жетті. Одан кейінгі жылдары совет адамдары соғыс түсірген жарақаттарын біржолата жазып, одан әрі алға басу үшін, коммунистік қоғам орнатуды кеңінен өрістетуге көшу үшін соғыстан бұрынғы дәрежесінен анағұрлым асып түсетін нақты алғы шарттар жасады.

Бүгін социалистік революцияның елу жылдығын атай отырып, біз өткен жолдың орасан зор қорытындыларын қанағаттанған және мақтан сезімімен шығара аламыз.

Біздің елімізде құрылған, өркендеген социалистік қоғам — «Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген принцип үстемдік ететін қоғам. Социалистік өндірістік қатынастар осы заманғы техникалық дәрежеде бүкіл халық шаруашылығының жоспарлы түрде, тұрақты өркендеуін қамтамасыз етеді. Біздің өнеркәсібіміз шапшаң қарқынмен өркендеп келеді. Биыл ол өнімді 1913 жылдарыдан 73 есе көп береді. Осы уақыттың ішінде ауыл шаруашылығының өнімі үш еседей өсті. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында істейтін қызметкерлердің үлесі екі еседен аса кемігенін ескеру керек.

Бұл көрсеткіштердің қайнар бұлағы — іс жүзінде осы заманғы өндірістің барлық салаларын қамтитын қуатты индустрия. Совет Одағында бірегей құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген дүние жүзіндегі аса ірі электр станциялары салынды. Мынаны айтсақ та жеткілікті: Краснояр ГЭС-інде орнатылатын тек бір турбинаның қуаттылығы ғана соғыстан бұрынғы бүкіл Днепрогэстің қуаттылығымен бірдей дерлік. Советтік машина жасау өнеркәсібі жыл сайын металл кесетін екі жүз мыңдай станок және жарты миллионнан аса трактор мен комбайн береді. Біздің металлургия болат қорыту жөнінде жүз миллион тонна мөлшерінен асты. Химия өнеркәсібі, радиотехника, электроника, атом өнеркәсібі күшті қарқынмен өркендеуде.

Совет Одағының космос зерттеудегі жетістіктері индустриямыздың, техникамыздың, ғылыммыздың жоғары өркендеу дәрежесінің айқын дәлелі бола алады. Жуырда ғана автомат станциясының Шолпанға ұшуының ойдағыдай жүзеге асырылуына дүние жүзі қатты сүйсінді. Совет адамдарының қолымен жасалған космос аппаратының жүздеген миллион километр қашықтыққа ұшып, Шолпанның бетіне қонуын және адам айтқысыз алыс космостан ғылым деректерін едәуір байытқан мәліметтерді бергізу үшін қандай техникалық асқан шеберлік, қандай күшті білгірлік керек болғанын көзге елестетудің өзі де қиын.

Осыдан бірнеше күн бұрын дүние жүзі совет ғалымдарының, конструкторлары мен инженерлерінің аса көрнекті жетістігінің куәсі болды. Космос аппараттарын орбитада автоматты түрде түйістірудің аса күрделі ғылыми-техникалық проблемасы тұңғыш рет шешілді. — шешілгенде, өте тамаша шешілді! Орбиталық үлкен космос станцияларын жасауға жол салынды.

Космостары жаңа жеңіс — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығына арналған тамаша тарту.

Социализм бүкіл экономикалық системаның сипатын өзгертіп қана қойған жоқ, ол сонымен бірге біздің қоғамымызды құратын таптардың бейнесі мен құрамын түбегейлі өзгертті.

Социалистік қоғамда жұмысшы табы жетекші роль атқарады. Совет жұмысшысы революциялық пролетариаттың ең жақсы қасиеттерін мирас етті. Совет жұмысшысы — партия мұраттарына терең берілген, халық ісі жолындағы саналы күрескер, еңбек пен тұрмыста бізді коммунизмге жақындата түсетін дәстүрлерді жасаушы. Бүгін таңда коммунизм орнатып жатқан жұмысшылар Қызыл Пресняның баррикадаларында шайқасқан және Қысқы Сарайға шабуыл жасаған пролетарлардың, алғашқы бесжылдықтар ерлерінің лайықты мұрагерлері болып табылады, ал бүгінгі жұмысшы табы олардан революция эстафетасын қабыл алды.

Социализм өндіріс құралына коллективтік меншік, коллективтік еңбек, советтік деревняның жаңа адамдарын — біздің колхозшы шаруаларымызды қалыптастырды. Барлық совет адамдары «колхозшы» деген сөзді зор құрметпен айтады. Жұмысшы табымен мызғымас бірлікте болған колхозшы шаруалар, қоғамымыздың өміріндегі елеулі саяси күшке айналды. Осының бәрі — Ұлы Октябрінің орасан зор еңбегі.

Жұмысшы табымен және шаруалармен тығыз байланысқан халықтық интелли-

генция аса зор жасампаздық міндеттерді шешуде. Сөйтіп қоғамымыздың мәдениеті неғұрлым көп өссе, ғылым мен техника неғұрлым көп ілгері басса, совет халқының алдында тұрған орасан зор міндеттерді шешуде интеллигенцияның ролі де соғұрлым елеулі түрде артатын болады.

Мүдделерінің, мақсаттары мен мұраттарының ортақтырымен топтасқан мызғымас туысқандық бірліктегі коммунизм құрылысшылары ұлы армиясының барлық отрядтары жарқын болашаққа, тапсыз коммунистік қоғамға қарай алға басуда.

Социализм әйелдерге шын мәніндегі азаттық әперді. Оларға творчестволық қызметін, таланты мен қабілетін дамыту үшін кең өріс ашылды, олар бұрын өздерінің қолы жетпеген көптеген мамандықты игерді, мемлекетті басқаруға белсене қатысуда. Қазір СССР Жоғарғы Советінде ғана 425 әйел бар. Бұл бүкіл капиталистік батыстың парламенттеріндегі әйелдерден де едәуір көп. Біздің советтік әйелдер — еңбеккер-әйелдер, ана-әйелдер, қаһарман-әйелдер, ең зор құрмет көрсетуге лайық жандар.

Лениндік ұлт саясатының нәтижелері бүкіл дүние жүзіне мәлім. Совет Одағындағы барлық ұлттар мен халықтар гүлденіп өркендеу жолына түсіп, индустрияны, ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті дамытуда орасан зор табыстарға жетті. Социализм біздің дамуымыздың халықтар достығы сияқты қуатты қозғаушы күшін іске қосты. Көп ұлтты совет халқының бірлігі алмастай берік. Алмастың сан алуан түрге еніп құбылатыны сияқты, біздің халқымыздың бірлігі де оны құрап отырған ұлттардың сан алуан сипатымен жарқырай түсуде, ал бұл ұлттардың әрқайсысы бай әрі кемелді, еркін және бақытты өмір сүруде.

Октябрьдің 50 жылдығы — халықтардың туысқандық семьясының шын мәніндегі мерекесі, ұлы Совет Одағын құрап отырған барлық республикалардың мерекесі. Россия Федерациясы, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Қазақстан, Грузия, Азербайжан, Литва, Молдавия, Латвия, Қырғызстан, Тәжікстан, Армения, Түркіменстан, Эстония — міне бұлардың бәрі бір тілекпен, бір ниетпен өмір сүруде. Олар социализм құрылысы жылдарында бірге болды. Олар қаһарлы соғыс жылдарында бірге болды. Олар коммунизмді бірге орнатуда, қажырлылықпен еңбек етуде, өздерінің ортақ күш-жігерімен Советтер Елінің экономикасын, ғылымы мен мәдениетін ілгері бастыруда.

Еліміздегі барлық ұлттар мен халықтардың туысқандық достығы гүлденіп өркендей берсін, көп ұлтты совет халқының бірлігі нығая берсін!

Жолдастар! Еліміздің еңбекшілері ескі дүниені қиратып, қанаушы таптардың қарсылығын басып тастаған және өз елінің тағдырында батыл бетбұрыс жасаған ең басты құрал Октябрь революциясы құрған мемлекет — пролетариат диктатурасының мемлекеті болды. Пролетариат диктатурасы әр түрлі формада өмір сүре алатынын және өмір сүріп отырғанын тәжірибе көрсетті. Алайда, оның түрі қандай болса да, жұмысшы табының авангарды — Коммунистік партия бастаған жұмысшы табының саяси өкіметі социализм орнатудың сөзсіз шарты, оның қажетті алғы шарты болып отыр. Біздің революцияның тәжірибесі мұны көз жеткізе дәлелдеді, мұны басқа елдердегі социалистік революциялардың тәжірибесі де дәлелдеп отыр.

Енді, қанаушы таптар тіпті баяғыда құртылған уақытта, социализмнің жеңісі қоғамымыздың мызғымас идеялық-саяси бірлігіне жеткізген уақытта пролетариат диктатурасының мемлекеті ретінде пайда болған Совет мемлекеті жалпы халықтық мемлекетке, жұмысшы табы басшы роль атқаратын бүкіл халықтың саяси ұйымына айналды.

Социалистік демократияны жетілдіру, социалистік заңдылықтың берік кепілдіктерін жасау саласында партия зор жұмыстар істеді. Біздің өміріміздің барлық саласында лениндік нормалар мен принциптерді үнемі әрі табандылықпен жүзеге асыруға, халықтың саяси белсенділігін одан әрі арттыруға бағытталған маңызды шешім қабылдаған КПСС XX съезі бұл істе елеулі роль атқарды.

Біздің қоғамымыздың саяси негізі — еңбекшілер депутаттарының Советтері одан әрі нырауда. Советтердің депутаттары және күнделікті жұмыста оларға көмек көрсетіп жүрген актив қатарында 25 миллионнан астам совет азаматы бар, яғни бұлар — еліміздегі талапкер бүкіл халықтың төрттен біріне жуығы. Советтердің жұмысы қоғам мен мемлекеттің істерін өзі басқарып отырған халық өкіметінің нақты көрінісі болып табылады.

Қоғам істерін басқарудың түрлі формаларына бұқараны тартуға 80 миллионнан астам еңбекшілерді біріктірген кәсіподақтар белсене көмектесуде. Партия басшылығындағы кәсіподақтар іс жүзінде басқару мен шаруашылық жүргізудің мектебі, коммунизмнің мектебі болып отыр. Өзінің қатарында 23 миллион жігіт пен қыз бар Ленин комсомолы жастарға коммунистік тәрбие беруде партияға белсенді көмектесіп, жастарды коммунистік құрылыстың бақты міндеттерін шешуге қатыстыруда.

Осылар мен басқа да көптеген бұқаралық қоғамдық ұйымдар — партияның

сенімді тірегі; совет адамдары олардан іске мемлекеттік тұрғыдан қарауды, бүкіл қоғамның мүддесіне, халықтың мүддесіне қамқорлық жасауды үйренеді.

Жолдастар! Пролетарлық революция халықтың өмірлік мүдделері үшін, еңбекшілердің игілігі мен бақыты, олардың бостандығы және әлеуметтік әділеттілік үшін жасалады. Міне сондықтан да совет адамдарының тұрмысын жақсартуға қамқорлық жасау әрқашан да партия мен Совет мемлекетінің баса көңіл бөлетін мәселесі болып келді және солай болып қала береді де.

Социализм біздің халқымызға ең бай капиталистік елдердің еңбекшілерінде жоқ игіліктерді әперді: капиталистердің қанауынан азат етті, ертеңгі күнге деген сенім туғызды. Қанау дегеннің не екенін, жұмысыздық дегеннің не екенін совет адамдары білмейді және мұны ешуақытта да білмек емес.

Партия мен мемлекет еңбек жағдайын жақсартуға, жұмыс күнін қысқартуға тынбастан қамқорлық жасап келеді. Совет өкіметі жылдарында өнеркәсіптегі жұмыс аптасының орташа ұзақтығы бізде 18 сағат қысқарды. Биыл екі демалыс күні болатын бес күндік жұмыс аптасына көшу жүзеге асырылып жатыр.

Совет өкіметі жылдарында жұмысшылардың нақты табысы алты жарым есе, шаруалардың табысы сегіз жарым есе өсті. Соңғы жылдардың өзінде ғана шамамен 25 миллион жұмысшы мен қызметшінің жалақысы арттырылып, колхозшыларға арнап еңбегіне ай сайын төленетін кәсіпшілік ақы және пенсия енгізілді, мүгедектердің пенсиясы көбейтілді. Қазіргі уақытта СССР-де мемлекет пен колхоздардың қаржысынан 34 миллионнан астам адам пенсия алады.

Биылғы жылғы сентябрьде КПСС Орталық Комитетінің Пленумы, ал одан соң СССР Жоғарғы Советінің сессиясы, өздеріңізге мәлім, 50 миллионнан астам совет адамдарына тікелей қатысты болатын, олардың тұрмыс дәрежесін арттыратын маңызды жаңа шешімдер қабылдады. Халықтың әл-ауқатын арттыруға біздің мемлекетіміздің тарихында мұншама көп қаржы бұдан бұрын ешуақытта да бір мезгілде бөлінген емес деп біз өте қанағаттанған сезіммен айта аламыз.

Негізгі азық-түлік және өнеркәсіп товарларын тұтыну анағұрлым артты. Қалаларда тұрғын үй қоры жеті еседен астам көбейді: қазір біз пәтерді дүние жүзіндегі басқа қандай да болсын елден көп салудамыз. Санаторийлердің, демалыс үйлерінің, пансионаттардың, туристік базалардың, стадиондардың саны үнемі көбеюде.

СССР — халықтың денсаулығына қамқорлық жасауды мемлекет өз қарамарына алып, барлық азаматтарды тегін медициналық көмекпен қамтамасыз етіп келе жатқан бірінші ел. Совет Одағында жұмыс істейтін дәрігерлер — бүкіл дүние жүзіндегі дәрігерлердің төрттен бір бөлігі.

Халықтың тұрмыс дәрежесіне біз көптеген көрсеткіштерге қарап баға бере аламыз. Осылардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі — адам өмірінің ұзақтығы. Бұл ол үшін істеліп жатқан істің бәрінің: еңбек және тұрмыс жағдайының, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыру дәрежесінің жалпы қорытындысы сияқты. Міне бұл жөнінде Совет Елі ғажайып адым жасады. Ескі Россияда адам орта есеппен небәрі 32 жыл жасаған екен. Енді бізде адам өмірінің орташа ұзақтығы 70 жасқа жетті, бұл — дүние жүзіндегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі!

Социализм — артықшылықтармен пайдаланатын таптар мен топтар жоқ қоғам. Алайда халықтың бір бөлігі Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап артықшылықтармен пайдаланып келеді: олар — біздің балалар, біздің жастар. Жеткіншек ұрпақтың денсаулығына және оны тәрбиелеуге қоғамның қамқорлығын СССР-дің әрбір жаңа азаматы өзі дүниеге келген күннен бастап айқын сезе бастайды. Біз тамаша нәтижелерге жеттік: балалар өлімі Совет өкіметі жылдарында 10 еседен астам кеміді! Бізде балалар яслилері мен балалар бақшаларының, әсіресе онша жеткілікті болмағанымен, үлкен желісі бар, мұнда бүгін таңда СССР-дің тоғыз миллионнан астам жас азаматтары тәрбиеленуде.

Халыққа білім беру жүйесі орасан зор құлаш сермеді. Жалпы білім беретін мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында, сондай-ақ кәсіптік мектептер мен училищелерде оқушылардың саны қазір 60 миллионға жуық! Бұл — социалистік құрылыстың басты жеңістерінің бірі.

Советтер Елін келешекте көркейтетін біздің октябриялар, пионерлер мен комсомолецтер, Советтер Елінің болашағы да соларға байланысты. Сондықтан партия бұл болашақ аса тамаша болады, біздің балаларымыз бен немерелеріміз Октябрь революциясының ұлы туын абыроймен алға алып барады деп берік сеніп отыр!

Жолдастар! Социализм өнерген өзгерістердің тереңдігін өлшеу үшін ғалымның етжей-тегжейлі еңбегі де, ақынның шабытты жыры да керек. 50 жылдың ішінде халықтың өмірінде бәрі түгел өзгерді. Біз мүлде жаңа дүние: жаңа — социалистік қатынастар дүниесін, жаңа — советтік адамның дүниесін жасадық. Совет адамдарының рухани ой-өрісі керемет өсті, олардың мінез-құлық бейнесі, еңбекке, қоғамға, бір-

біріне көзқарасы өзгерді. Социализм жаңартқан және көркейткен еліміз күллі адамзат алдында өзінің бүкіл қуаттылығымен, ұлылығымен, тамаша халқының мейлінше шалқыған дарынымен айқын көрініп отыр.

Біздің елімізде орнатылған социализмнің зәулім сарайы совет адамдарының күш-жігері мен ерлігінің, жарты ғасыр ішіндегі жанқиярлық еңбегінің лайықты жемісі, Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасағандағы мұраттардың жеңісі жолындағы қаһармандық ұрыстардың лайықты жемісі.

Тарих дегеніміз — оны жасайтын адамдар. Ондаран миллион жұмысшылар мен шаруалар социализм орнатты, ондаған миллион адамдар заманымыздың тарихын жасады. Революционерлер ұрпағының, социализм орнатушылардың қызметі, революция тудырған саяси басшылардың, қолбасшылардың, ғалымдардың, өндіріс командирлерінің, екіпінділер мен еңбек жаңашылдарының қызметі еліміз тарихының, дүние жүзілік социализм тарихының мәңгілік ешкісіне тиіп отыр.

Бүгін, Ұлы Октябьдің 50 жылдығын атап өте отырып, біз өзіміздің арамызда жоқ адамдарды — революцияны қорғап, социализм ісін қорғап, тап жауының қолынан қаза тапқандарды терең тебіреніп еске аламыз. Біз өзінің барлық күшін халыққа қызмет ету ісіне жұмсап, жұмыста жанын пида еткендерді де еске аламыз. Совет адамдары олардың ісін — коммунизм ісін ұластырып келеді және ұластыра береді!

Жолдастар! Бүгін таңда біздің қоғамымыз есейгендіктің даналығы мен жастықтың жігерін ұштастырып отыр. Біздің қатарымызда революция мен азамат соғысының ардагерлері, алғашқы бесжылдықтардың қаһармандары, фашизммен кескілескен шайқаста Совет өкіметін қорғап қалғандар да бар. Біздің қатарымызда әкелер даңқын лайықты түрде жалрастырып отырған тамаша, дарынды, білімді жастар бар.

Біздің бүгінгі қоғамымыз — барлық ұрпақтардың, барлық ұлттар мен халықтардың, еліміздің барлық еңбекшілерінің ақылы мен дарынының ұйтқысы. Мұндай қоғамның, мұндай халықтың күші жетпейтін ешқандай міндет, ешқандай қамал жоқ.

Болашақ ұрпақтар халқымыздың ерлігін, оның еңбектегі және ұрыс майданындағы жеңістерін ешуақытта да ұмытпайды.

Совет халқының даңқы арта берсін, заманымыздың шынайы қаһарманы — совет адамының даңқы арта берсін!

3. Коммунизм жолындағы күресте жаңа табыстарға жете берейік

Жолдастар! Совет адамдары үшін қол жеткен нәтижелер қазірдің өзінде істелген жұмыстың өлшемі болып қана қоймайды. Бұл — сонымен бірге өз міндеттеріміз бен перспективаларымызды белгілеп, биігінен болашаққа қарайтын белесіміз.

Өмір ілгері кетіп барады. Қоғамымыздың дамуының әрбір кезеңі өз проблемаларын алға қояды. Тап жауының тегеурініне төтеп беру, ескіден мұраға қалған мешеулікті жеңу, тұрмыста социализмнің негізгі принциптерін орнықтыру басты міндетіміз болған шақтар да болды. Бұл проблемалар шешілді. Бұл кезеңнен өттік.

Бүгін біздің алдымызда жаңа міндеттер түр — өзінің көлемі жөнінен жаңа болып қана қоймай, сонымен қатар өзінің сипаты жөнінен де жаңа міндеттер түр. Әңгіме дамыған социалистік қоғамның ашып беріп отырған мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалану туралы болып отыр. Енді біздің әлеуметтік жеңістерімізді де, еліміз ие болып отырған орасан көп өндіргіш күштерді де, ғылым мен техниканың жетістіктерін де, совет халқының мәдениеті мен білімінің дәрежесі өсуін де барынша тиімді пайдалану керек. Тек осының негізінде ғана коммунизмді ойдағыдай орнатуға, партияның Программасында белгіленген жолмен алға басуға болады. Біздің шешуімізге тура келіп отырған міндеттердің көлемі мен күрделілігі біздің бүкіл қызметімізге, жұмысымыздың стилі мен әдісіне неғұрлым жоғары талаптар қояды.

Совет халқының коммунизмнің жеңісі жолындағы күресінің негізгі плацдармы — экономика, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау. Советтік қоғамның ілгері басу қарқыны да, дүние жүзілік екі система жарысының барысы да, біздің дүние жүзілік революциялық процесті дамытуға қосқан үлесіміз де көп ретте біз халық шаруашылығын қалай өркендететінімізге байланысты болмақ.

Совет Одағының халық шаруашылығы экономикалық жағынан өсудің ең басты кайнар көзі қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктері негізінде оның барлық салаларының сапа көрсеткіштерін жақсарту болатын кезеңге аяқ басты.

Мұның мәнісі өндірістік жаңа қуаттарды іске қосу және жаңа жерлерді игеру есебінен ғана емес, сонымен қатар әрбір кәсіпорынды, әрбір агрегатты, жердің әрбір

гектарын неғұрлым жақсы пайдалану есебінен барған сайын көбірек өсуге тиіс деген сөз. Мұның мәнісі күрделі қаржыны оның жұмсалған әрбір сомы барынша көбірек өтелетіндей етіп бөлу және игеру деген сөз. Мұның мәнісі әрбір өлшемді өнімге жұмсала-тын шикізаттың, материалдар мен отынның шығынын қысқарту деген сөз.

Ойдағыдай ілгері басудың маңызды алғы шарты қоғамдық өндірісті теңдестіру, өндірістің де, сондай-ақ тұтынудың да қажеттеріне неғұрлым толық жауап беретін пропорциялар мен қарқын белгілеу болып отыр.

Біз ауыр өнеркәсіпті өркендетуге алдағы уақытта да баса көңіл бөлеміз. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптің халық тұтынатын товарлар өндіретін салалары, қызмет көрсету саласы да шапшаң қарқынмен дамытылады. Бұл еліміздің экономикалық қуатын одан әрі арттыру үшін, ғылыми-техникалық прогресс үшін, совет адамдарының әл-ауқатын жаңадан арттыру үшін қажет.

Өмір шаруашылықты жүргізудің, экономиканы басқарудың, жоспарлау мен экономикалық жағынан көтермелеудің жүйесін жақсарту әдістерін жетілдіру саласында да маңызды міндеттер қойып отыр. Партия мен үкімет осы міндеттерді шешу үшін шаруашылық реформаны кеңінен жүзеге асыра бастады. Бұл реформаның ең басты мақсаты: қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін одан әрі арттыруды қамтамасыз ету. Бұл үшін қазіргі жағдайда не істеу керек? Ең алдымен экономикалық тетіктерді кеңінен пайдалану, жоспарды бір орталықтан басқаруды өнеркәсіп орындарының, совхоздар мен колхоздар коллективтерінің инициативасымен шебер ұштастыру керек.

Елімізді өркендетудің қазіргі кезеңіне жауап беретін экономикалық саясаттың негізгі бағыттары КПСС XXIII съезінің және Орталық Комитеттің 1965—1967 жылдардағы Пленумдарының шешімдерінде белгіленген. Бұл шешімдер жүзеге асырыла бастағаннан бері онша көп уақыт өткен жоқ, алайда алғашқы нәтижелердің өзі біздің жолымыз дұрыс екенін көрсетті. Соңғы үш жылда өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің өсу қарқыны едәуір артты. Халық шаруашылығының басты салалары рентабельді жұмыс істей бастады. Міне осының бәрі халықтың әл-ауқатын арттыру үшін қажетті жаңа шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Партиямыз еліміздің өндіргіш күштерін одан әрі өркендетуге бағытталған ғылыми негізделген шаруашылық шешімдерін белгілеуге бұдан былай да айрықша көңіл бөліп отырады.

Бізде өндірістің жалпы көлемі жөнінде де, сондай-ақ ғылыми-техникалық дәрежесі жөнінде де, шығарылған өнімнің сапасы жөнінде де, басты экономикалық көрсеткіштері жөнінде де дүние жүзіндегі ең қуатты индустрия жасауымыз үшін не қажеттің бәрі бар. Біздің қоғамдық құрылысымыз жоспарлы шаруашылықтың барлық артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді. Біздің қарамағымызда осы заманғы жақсы жарақтанған өндірістік техникалық база бар. Дүние жүзіндегі барлық мұнайлы жерлердің үштен бірі, табиғи газдың барлық қорының төрттен бірінен астамы біздің қарамағымызда, бізде су энергиясы мен көмір қорының орасан көп қайнары, металл рудалары мен ағаштың аса бай қоры бар. Елімізде қандай да болсын міндетті шеше алатын тамаша кадрлар өсіп жетілді.

Совет индустриясының жаңадан өрге басуы біздің ұлы державамыздың қорғаныс қабілетін бұрынғыдан да нығайтуға, дүние жүзілік аренада социализмнің позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

Совет халқының мүдделері, коммунистік құрылыстың мүдделері бізде қуатты өнеркәсіп қана емес, сонымен бірге халықтың азық-түлік жөніндегі, ал өнеркәсіптің шикізат жөніндегі өсіп отырған қажеттерін толық қамтамасыз етуге қабілетті, өте өркендеген ауыл шаруашылығы болуын да талап етеді.

Ауыл шаруашылығы атам заманнан бері климатқа, табиғаттың дүлей күшіне тәуелді болып келді. Адам осы тәуелділіктен біржолата құтылуға немесе, тым болмағанда, оны бәсеңдетуге әрдайым талпынып келді. Прибалтика жазығынан Тынық Мұхитқа дейін, Кавказ бен Памирдің тау шыңдарынан полярьелік Тундраға дейін ұлан-байтақ жерді алып жатқан Отанымыз үшін мұның ерекше маңызы бар. Осы жолмен алға басқанда ғана егіншілік пен мал шаруашылығын жоғары және тұрақты қарқынмен өркендетуге мүмкін болады.

Сондықтан біз мелиорация, жерді жақсарту, химияны енгізу, егіншілік мәдениетін арттыру жөніндегі ұзақ мерзімді программаны орындаудың маңызы зор деп білеміз. Қазір еліміз ауыл шаруашылығын өркендетуге көбірек қаржы жұмсай алады. Біз еңбек өнімділігі, техникамен жарақталуы, ғылым жетістіктерін пайдалану дәрежесі жөнінен ауыл шаруашылығы социалистік индустриямен бірдей болуын тілейміз. Ғылым мен техниканың қазіргі прогресі жағдайында мұның өзі — әбден нақты іс.

Адамзат ілгері самғаған ғылыми-техникалық революция ғасырына аяқ басты. Советтік Отанымыз өз ғалымдарының тамаша жетістіктерін мақтаныш етеді. Физика

мен химияның зор табыстары энергияның жаңа қайнар көздерін ашып, жаңа материалдар жасауға мүмкіндік беруде, ол барлық басты өндірістер алдынан кең өріс ашуда. Биологиядағы жаңалықтар ауыл шаруашылығы мен медицина үшін жаңа мүмкіндіктер жасауда. Кибернетиканың дамуы ой еңбегінің өрісін арттырып, шаруашылық қызмет пен басқарудың алуан түрлерін автоматтандыруға жол салып беруде. Ғылым шын мәніндегі тікелей өндірістік күшке айналды. Оның бұл ролі алдағы уақытта бұдан да арта түспек.

Ғалымдардың алдында материяның ең нәзік құрылымына, өмірдің құпия сырларына ену, энергияның бір түрін екінші түрге айналдыру, термоядролық реакцияны басқару, космосты одан әрі зерттеу, атмосферада болып жатқан процестерге ықпал жасау, жер мен теңіздің шыңырауларын зерттеу сияқты өзінің маңызы жөнінде орасан зор міндеттер тұр. Қоғамдық ғылымдар саласында—еліміздегі коммунистік құрылыстың проблемаларын белгілеуде де, дүние жүзілік дамудың мәселелерін зерттеуде де көптеген іс атқаруға тура келеді.

Совет халқы ғалымдардың жетістіктерін жоғары бағалай отырып, олардан жаңа, бұдан да елеулі табыстар күтеді. Социализм адамзаттың даналық ойы арқылы жасалған неғұрлым озат, прогресшіл атаулыға арқа сүйеп дамуда. Біз өзіміздің болашағымызды ғылыммен байланыстырып отырмыз. Біз совет ғылымы, ғалымдарымыз дүние жүзілік прогрестің ең озат асуларында болатындығына кәміл сенеміз!

Ғылым мен техниканың шұғыл өсуі адам мен табиғат арасындағы қатынастың мәңгілік проблемасын ерекше маңызды етіп отыр. Тіпті алғашқы социалистердің өзі болашақтағы қоғамның маңызды белгісі адамның табиғатпен жақындасуы болады деген еді. Содан бері ғасырлар өтті. Біз жаңа қоғам орнатып, ғылыми социализмнің алдындағылар тек арман ете алатын көптеген істі жүзеге асырдық. Алайда табиғат орасан зор материалдық игіліктердің қайнар көзі ретінде де, денсаулықтың, қуаныштың, өмірді сүйшіліктің және әр адамның рухани байлығының сарқылмас қайнары ретінде де біз үшін орасан зор маңызын әлі жойған жоқ.

Табиғатты сақтаудың, оның байлықтарын қорғап, молайта берудің маңыздылығын атап көрсету үшін міне осылардың бәрін тағы да еске салып өткім келеді. Табиғи қорларды ұқыптылықпен, тиімді пайдалану, жерге, орманға, өзендер мен таза ауаға, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесіне қамқорлық жасау—міне мұның бәрі біздің төл, коммунистік ісіміз. Біз совет адамдарының қазіргі және болашақ ұрпағы үшін де өзіміздің жерімізді сақтап, гүлдендіре беруге тиіспіз.

Біз табиғаттың байлығын неғұрлым байсалдылықпен пайдаланатын болсақ, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, ғылымда соғұрлым зор табыстарға жетеміз, қоғамдық еңбектің өнімділігі неғұрлым жоғары болса, совет адамдары да соғұрлым бай, әсем әрі мәдениетті тұратын болады.

Біз табыстарымыз туралы айтуға толық праволымыз, алайда біз өзімізде шешілмеген мәселелер де бар екенін көріп отырмыз. Біз советтің барлық адамдары, әрбір семья бүгінгі күні біздің бәріміздің көңіліміздің қалағанындай дәрежеде тұрып жатпағанын да білеміз. Сондықтан партия өзінің барлық қызметінде, өзінің барлық жоспарында халықтың әл-ауқатын арттыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Ұлттық табыстың артуына орай бізде еңбекшілердің жалақысы одан әрі үздіксіз өсіп, халық тұтынатын бұйымдардың өндірісі ұлғаяды. Тұрғын үй және мәдени-тұрмыс құрылысын біз алдағы уақытта да кең көлемде жүргіземіз. Мұның өзі әр совет семьясының тұрмыс жағдайын жақсартып, жақсы тұруын қамтамасыз ететін болады.

Октябрьдің даңқты 50 жылдығын атап өте отырып, партиямыз өзінің жауапкершілігін кәміл түсінген сезіммен: Совет мемлекетінің қуаты жылдан-жылға артып, совет адамдарының тұрмысы жақсарды деп айта алады. Совет адамы барған сайын жеңістеріміздің жемістерін кеңінен пайдаланып, социалистік өмір бейнесінің артықшылығын айқын сезінетін болады.

Жолдастар! Әлеуметтік прогрестің негізі қоғамдық өндірістің өркендеуі екенін марксистер ұдайы ескеріп келеді. Бірақ бұл тіпті де басқа маңызды әлеуметтік, саяси мәселелерді екінші кезекке ысыру деген сөз емес. Коммунистік құрылыстың барлық саласы бір-бірімен тығыз байланысты. Әлеуметтік-саяси міндеттерді шешу экономикалық жетістіктерге байланысты екені әбден белгілі. Ең алдымен экономикалық даму әлеуметтік-саяси міндеттердің қаншалықты табысты шешіліп отырғанынан көрінеді. Қоғамдық қатынастарды жетілдіру, социалистік демократия мен мемлекеттікті дамыту, идеялық-тәрбие жұмысы—осының бәрі бірінші кезектегі маңызы бар істер.

Қазіргі кезеңде біздің еліміздің жұмысшы табы, колхозшы шаруалары және интеллигенциясы арасындағы елеулі айырмашылық жойылып келеді. Бұл мәселені шешу ісі қандай жолмен жүргізілетінін бұл күндері біз нақты және айқын көріп отырмыз, бұл үшін не істеу керекін де жақсы білеміз.

Ауыл шаруашылық еңбегінің сипаты да барған сайын өзгеріп келеді. Бұл күнде шаруа күрделі машиналармен жұмыс істеп, электрді, химияны, агротехника мен зоотехника ғылымын игеруі керек. Ауыл шаруашылық еңбегінің өнеркәсіп еңбегінің бір түріне іс жүзінде ұласуы дегеннің өзі осы.

Соңғы жылдары әл-ауқат және мәдениет саласында да қала мен деревняны жақындата түсу бағытында аз жұмыс істелген жоқ. Колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайтуда елеулі табыстарға қол жетіп отырған қазіргі кезеңде селонь қайта құрып, оның бейнесін, тұрмысын өзгерту негізі барған сайын ұлғая береді. Бұл арада сөз тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылысты кең көлемде жүргізіп, селонь электрлендіруде, жол құрылысын аяқтауда болып отыр. Бұл аса көлемді міндеттер, оларды біздің елдей ұлан-байтақ елде шешіп шығу қыруар уақыт керек етеді. Бірақ біз бұл іске жалпы мемлекеттік маңыз беріп, оны шындап қолға алғалы отырмыз.

Өндірістің қазіргі дәрежесі, ғылыми-техникалық прогресс жұмысшы мен шаруаның еңбегін инженердің, техниктің, агрономның еңбегіне барған сайын жақындата түседі. Бұл арада барлық халық мәдениетінің шапшаң өсуі де маңызды роль атқарады. Партия барлық жұмысшылар, барлық шаруалар толық мағынасында интеллигент дәрежесіне жетіп, өзінің творчестволық қабілетін толық көлемде жұмсай отырып, бүкіл қоғамымыздың рухани өміріне белсене араласуын көздеп отыр.

Әрине, бұл өздігінен істеле қалмайды. Бұған партия мен мемлекеттің белгілі мақсатқа бағытталған қызметі керек. Біздің жоспарымыз бойынша мәдени өміріміздің барлық саласын өркендету, халыққа білім беру жүйесін — жалпы, жоғары және кәсіптік-техникалық білімді одан әрі жетілдіру көзделіп отыр.

Келешекке арнап шаруашылық жоспарлар белгілеген кезде біз оларға өндіріс процестерін автоматтандыруға және механикаландыруға, маманданбаған еңбек көлемін азайтуға жеткізетін элементтерді әдейі енгізіп отырамыз. Бұлардың экономикалық тиімділік жөнінде ғана емес, жұмыс жағдайын жеңілдету үшін де, жалпы миллиондаған совет адамдарының еңбек сипатының өзін өзгерту үшін де аса зор маңызы бар.

Партия жеке адамның жан-жақты дамуы үшін мейлінше қолайлы жағдай жасауға зор маңыз береді. Бұл салада еңбекшілердің бос уақытының көбеюімен байланысты кең еріс ашылып отыр. Бос уақыт, — Маркстің атап көрсеткеніндей, — тек демалыс ғана емес, сонымен бірге жеке адамның дамуы үшін қажетті кеңістік те. Осы «кеңістіктің» ұлғаюы үшін, қоғамның барлық мүшелерінің мәдениет игіліктерін пайдалануға, оқуға, ғылыми, техникалық, көркем творчествоның әр алуан салаларында өзі ұнататын іспен шұғылдануға мүмкіндігі молаюы үшін не қажеттің бәрін істеу керек.

Біз ілгері қарай қадам басқан сайын әдебиет пен өнердің ролі де анағұрлым арта береді. Қазір еңбекшілердің ең қалың бұқарасы дүние жүзілік мәдениет қазынасының игілігін көріп отыр. Мұның мәнісі өнердің қоғамдық ролі барған сайын артуда, сол арқылы жазушылардың, композиторлардың, театр, кино, бейнелеу өнері қайраткерлерінің жауапкершілігі күшеюде деген сөз. Партия мен халық олардың еңбегін жоғары бағалайды. Әдебиет пен өнер қайраткерлері жаңа қоғам құрылыстарының идеялық ой-өрісін байытатын, бұқараға коммунистік адамгершілік нұрын себетін, халқымыздың үздіксіз өсіп отырған эстетикалық талап-тілектерін қанағаттандыратын көркем шығармалар жасауға тиіс.

Социалистік қоғамдық қатынастарды жетілдіру Совет мемлекетін одан сайын нығайтуды, экономика мен мәдениетте оның ұйымдастырушылық ролін арттыруды талап етеді. Әңгіме социалистік демократияны дамыту туралы болып отыр. Әңгіме мемлекеттік аппараттың барлық буындары жұмысының дәлме-дәлдігі, үйлесімділігі, жоғары мәдениеті туралы, право тәртібі мен мемлекеттік тәртіпті нығайту туралы, біздің өмірімізде әлі де кездесіп жүрген бюрократизм мен формализм көріністерін жою туралы болып отыр. Коммунистік құрылыс үшін мұның бәрінің де ерекше маңызы бар.

Коммунизм — өзінің жаратылысынан-ақ бүкіл халықтың мүддесі үшін бұқараның өзінің күш-жігерімен орнатылатын қоғам. Коммунизмге бару деген сөз — мемлекетті, экономикалық және қоғамдық өмірді басқаруға байланысты практикалық істерге еңбекшілерді барған сайын көбірек қатыстыру деген сөз. Еңбекшілер депутаттарының Советтері мен қоғамдық ұйымдардың ролін мейлінше арттыру мемлекеттік және қоғамдық істерді шешуге халық бұқарасын неғұрлым белсенді қатыстыруға, халық инициативасын, совет адамдарының творчестволық белсенділігін күшейтуге көмектесетін болады. Біздің партиямыз барлық бұл бағыттар бойынша күн-бе-күн зор жұмыс жүргізуде. Советтік құрылыс еңбекшілерді социализм ісіне берілгендік, коллективизм рухында, өз елінің қожасы екенін сезіну рухында тәрбиеледі.

Ал елдің қожасы болу деген сөз — мол праволарға не болумен бірге зор міндеттер атқару деген сөз. Мұның мәнісі — өз еңбегін мен мінез-құлқын үшін ғана емес, коллективінің, кәсіпорынның, бүкіл елдің ісі үшін де зор жауаптысың деген сөз. Әрбір совет адамының ішкі дүниесінің төл сипатына айналуға тиісті мұндай қасиеттерге баулу — партияның коммунистік құрылыстағы ең маңызды міндеттерінің бірі.

Жолдастар! Совет халқының 50 жыл ішіндегі істері мен ерліктері — ұлы істер мен ерліктер. Жарты ғасыр қырқасынан қарағанда біздің алдымыздан ашылатын перспективалар бұдан да зор. Еліміздің екінші елу жылдығы да бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы бар жаңа істермен атап өтілетініне біз көміл сенеміз. Адамдардың жүрегінде Октябрь тұтатқан революциялық жалын біздің коммунизмнің салтанатына қарай ілгері басқан жолымызды нұрландыра береді!

4. Ұлы Октябрь және дүние жүзілік революциялық қозғалыс

Жолдастар! Октябрь дауылы революцияның ұшқынынан қуатты жалын лаулатты. Октябрь революциясынан бері өткен жарты ғасыр оның орасан зор халықаралық маңызын айқын көрсетіп берді. Бұл жылдардың ішінде дүниенің бүкіл бейнесі өзгерді — ол орасан зор дәрежеде Октябрдің және оның идеяларының ықпалы нәтижесінде, социализм жеңістерінің ықпалы нәтижесінде өзгерді.

Совет мемлекеті орнауына байланысты жұмысшы табы мен империалистік буржуазия арасындағы күрес жаңа сипат алды, бір-біріне қарсы тұрған әлеуметтік-экономикалық системалар арасындағы күрес оның басты өзекті мәселесіне айналды. Екі жаққа бөліп тұрған шеп айқын көрінді, оның бір жағында — ескі дүниенің, реакцияның, әлеуметтік және ұлттық қанаудың барлық күштері, ал екінші жағында — социализмнің, демократияның және прогрестің күштері топтасты.

Ескі дүние планетамыз территориясының алтыдан бес бөлегінде үстемдік еткен кезде ол экономика жарынан өлшеусіз күшті болып, сорыс қуаты жарынан әлдеқайда басым еді. Сөйтсе де революциялық заман ескірген өкіметтермен бірге күш жөніндегі дәстүрлі ұрымдарды да жойды. Қоғамдық дамудың заңдары, бұқараның революциялық жігері, заманымыздың ең озық идеялары жаңа дүниенің жағында бөлді. Тіпті дүние жүзінде социализм өкілі бір ел ғана болған күндердің өзінде де осының өзі социализмнің төтеп беріп, ал одан кейін тарихи шабуылға көшу үшін оған күш-қайрат берді.

Жарты ғасырлық күрестің барысында дүние жүзіндегі күштердің арасалмағы түбегейлі өзгерді. Адамзаттың үштен бір бөлегі қазірдің өзінде социализм жолына түсті. Отарлық құлдықтың системасы күйреп бітуде жақындады: бұрынғы отаршыл империялардың қирап қалған жұртында 70-тен астам жаңа мемлекет орнады. Капитал елдеріндегі жұмысшы қозғалысы бұрынғыдан да асқан күшпен ұйымшыл бола түсті. Оның ықпалы — осы елдердің бүкіл саяси тұрмысының ірі факторы. Халықтың қалың топтары қатысып отырған демократиялық қозғалыстар зор өріс алды. Барлық осы өзгерістердің нәтижесінде қоғамдық дамудың басты мазмұны мен басты бағытын енді империализм емес, қайта социализм, антиимпериалистік күштер белгілеп отыр.

Социализм адамды адам қанауын және ұлттық езгіні жойғанын, артта қалушылықты жою үшін, өндіргіш күштердің өркендеуі үшін, прогресс үшін кең мүмкіндіктер ашқанын дүние жүзінің халықтары өз көзімен көріп отыр. Олар социализм шын мәніндегі демократия мен жеке адамның бостандығына, баянды бейбітшілікке, сорысты қоғам өмірінен аластауға жол салатындығына әбден сенді.

Социализмнің табыстарымен салыстырып қарағанда капитализм адамзаттың алдында тұрған түбегейлі проблемаларды шешуге мүлде қабілетсіз екені бұрынғыдан да айқынырақ көрінеді. Капитализм — халық бұқарасы үшін қисапсыз қайғы мен қасіреттің қайнар көзі. Империализм агрессиялық сорыстарды туғызады, бұл күндерде дүние жүзілік термоядролық соқтығыстың хауш де осылардан туып отыр. Дүние жүзілік екі сорыста қырылған ондаған миллион адамның өліміне нақ империализм кінәлі болды. Оның кінәсынан қисапсыз көп қаржы жанталаса қарулануға, жаппай қырып жоятын құралдар жасауға ысырап етілуде. Империализм орасан зор мүмкіндіктерді, ғылым мен техниканың жаңалықтарын тіпті қазірдің өзінде аштықты, қайыршылық пен ауруды жою үшін пайдалана бастауға бөгет болып отыр. Отарлық құлдықта болған елдердің өзінің дамуында талай ондаған жылға артта қалғаны үшін де империализм жауапты. Еңбекшілерді аяусыз қанау, демократияны басып-жананыштау құрылысы, фашизмді тудырған құрылыс — империализм реакцияның, қара түнек зұлымдық пен террордың ең сорақы көрінісі.

Бізді Октябрьден бөліп тұрған жарты ғасыр капитализмнің жалпы дағдарысы тереңдей түскен, империализмді халықтардың көз алдында әшкерелеген, оның ықпалын кеміткен жарты ғасыр болды. Алайда империализм қаруын тастап отырған жоқ. Ол — күшті әрі зұлым жау. Ол көпті үйренді, ол өзінің жеңілістерінен тарылым алуға, жаңа жағдайға бейімделуге тырысуда.

Империализм тап күресінің қысымымен түрлі маневрлер жасауда, ішінара мәмлеге келіп, әлеуметтік демагогияға көбірек жүгініп жүр. Ішкі қайшылықтардың шиеленісуі, социализмнің капитализммен жарыстары табыстары буржуазияны дағдарыс құбылыстарын бәсеңдету үшін, өндірістің өсуі қарқынын бірқалыпты ұстау үшін экономиканы мемлекеттік-монополистік тұрғыдан реттеуді барған сайын кеңінен пайдалануға мәжбүр етуде. Империализм отарларынан айырылып қалғаннан кейін басқа халықтарды қанаудың неғұрлым әйлакер әрі нәзік әдістеріне көшуде. Империализм адамдардың ақыл-ойын билеу жолындағы күрестен күш пен қаржыны аямайды, социализмнің ықпалы артуы империалистерді өзінің идеологиялық қаруын, өзінің насихатын өзгеріп отырған жағдайға қарай үнемі қайта бейімдеуге мәжбүр етуде.

Революциялық қозғалысқа саналы түрде қатысып жүргендердің бәрі өз дұшпанының қосындағы бұл құбылысты, бұл күндерде болып жатқан таптық және азаттық күресінің мейлінше шытырман жағдайын ескеруде. Олар бұл күрестің неғұрлым тиімді жолдарын белгілеп, барлық күштерді бірыңғай антиимпериалистік майданға топтастыруға ұмтылуда.

Соңғы он жылдықта революциялық процесс шын мәнінде бүкіл дүние жүзілік көлемде құлаш жайды. Жер шарында әлеуметтік және ұлт-азаттық ісі жолындағы күрес қандай да болсын кеңінен өрістетілмеген бірде-бір аудан жоқ. Империализмге тұстұсынан шабуыл жасалуда. Оның тіпті жақында ғана ешнәрсе дарымайтын сияқты болып көрінген позициялары да солқылдай бастады. Лениннің капитализмге қарсы күресте сая алуан күштер мен қозғалыстар біртұтас тасқынға ұласады деген көрегендігі жүзеге асып келеді.

Біздер, коммунистер, революцияшыл күштердің алдында тұрған міндеттердің көлемділігін және оның күрделілігін жақсы түсінеміз. Бүкіл дүние жүзінде социализм мен прогресс идеяларының салтанат құруы жолында әлі де көптеген шиеленіскен ұрыстар мен табанды еңбекті бастан кешіруге тура келеді. Алайда қазіргі кезең осы жолмен алға қарай орасан зор адым жасағандық екеніне, ол адамзаттың прогресс пен бостандық жолындағы, социализм жолындағы күресінің шежіресінен лайықты орын алатындығына кәміл сенуге болады.

Бұл кезеңнің неғұрлым жарқын әрі маңызды белгісі — социализмнің дүние жүзілік системасының ойдағыдай дамуы. Халықаралық жұмысшы табы, барлық революцияшыл күштер одан өзінің аса ұлы жеңісін, өзінің тамаша жетістігін көріп отырғаны да заңды. Социализмнің бір елдің шеңберінен шығуы, социалистік мемлекеттердің тұтас системасы құрылуы дүние жүзілік оқиғалардың дамуында жаңадан шұғыл бетбұрыс жасағандық болды. Бұл жеңіс империализм күштерін бұрынғыдан да әлсірете түсті. Бұл жеңіс халықтың қалың бұқарасының жүрегіне социализмнің ісі әділ екендігі, оның ұлы мұраттары жеңілмейтіндігі жөнінде аса зор сенім ұялатты. Жаңды, үнемі дамып келе жатқан социализмнің ықпалымен, оның үлгісінің тартымды күшімен дүниеде революциялық және азаттық күресін одан әрі өрістетуге үшін, барлық демократиялық қозғалыстар үшін қажетті жаңа жағдайлар қалыптасып отыр.

20 жылдың ішінде социализм елдерінің көпшілігінде экономикалық және мәдени құрылыста, қоғамдық жаңа қатынастарды және социалистік демократияны дамыту ісінде зор нәтижелерге қол жетті. Дүние жүзілік социализмнің принципті жетістігі, — мұны ерекше атап көрсету керек, — социалистік құрылыс жеңіп шыққан мемлекеттер арасында жаңа тұрпаттағы қатынастардың қалыптасуы. Социализм елдері арасындағы туысқандық қатынастар халықтардың өзара сенімі мен құрметтеуіне негізделген, социалистік интернационализмге негізделген. Социалистік достық одақ шеңберінде елдердің әрқайсысы өзінің суверенитетін, тәуелсіздігін нығайту үшін мейлінше қолайлы мүмкіндік алатынын және сонымен бірге өзара көмек пен жолдастық қолдау беретін барлық артықшылықтарды пайдаланатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Дүние жүзілік социалистік системаның ұлы жеңістерге жеткізген және қиыншылықтары болған бүкіл даму тәжірибесі бірқатар елдерде социалистік революциялар жеңгеннен кейін жаңа тұрпаттағы қатынастар өзінен өзі келмейтінін көрсетеді. Социалистік елдердің жаңа, күрделі проблемаларға кездесіп, өткен капиталистік заманның ауыр мұрасын жоюына, біздің қатарымызға іріткі салуға тырысушы империализмнің тіміскі әрекеттеріне қарсылық көрсетуіне тура келеді.

Туысқан партиялардың ортақ күш-жігер жұмсауымен социалистік достық одақты нығайту ісінде елеулі нәтижелерге қол жетті. Жаңа өмір орнатудың ортақ ісіне әрбір ұлт өзіндік ерекшелік енгізеді. Біз социализмнің интернационалдық қазынасына әрбір

халықтың, әрбір маркстік-лениндік партияның қосқан үлесін қымбат санаймыз. Өмірдің алуан қырын бейнелейтін творчестволық ортақ күш-жігерден дүние жүзілік социализмнің ұлы тәжірибесі туады, ал мұның өзі бүкіл адамзат игілігі болып табылады.

Социалистік система және оның даму проблемалары туралы айтқанда біздің бәрімізді аса тебіреніп отырған жайды сөз етпей өтуге болмайды. Өңгіме Қытай Халық Республикасындағы істің жайы туралы болып отыр. Қытайдағы революция жеңісінің аса зор маңызы болды. Бұл революция Азия мен Африканың барлық елдерінде ұлт-азаттық, революциялық қозғалысты өрістетуге күшті ықпал жасады.

Амал қанша, Мао Цзэ-дун тобының соңғы жылдардың ішінде жүргізіп отырған шовинистік және ұлы державалық бағыты Қытайда социализм ісіне елеулі нұқсан келтіріп отыр. Дүние жүзілік социалистік достық ынтымақтың және халықаралық коммунистік қозғалыстың бірлігін әлсіретуге бағытталған бұл бағыт халықтардың революциялық күресінің мүдделеріне қайшы келеді.

Қытайдағы оқиғалар Қытай Компартиясының, кейбір басшыларының идеялық-саяси құлдырауын ақыр-аяғына дейін ашып берді. Сонымен қатар мұның өзі бұл елде социализм тіпті өте қысқа мерзім ішінде, ең шытырман жағдайда да тамыр жайып, қалың бұқараны өз жағына қаратып алғанын көрсетіп отыр. Қытай Коммунистік партиясының таңдаулы перзенттерінің, қытай халқының алдыңғы қатарлы күштерінің социализм жеңістерін сақтап қалу жолында жүргізіп отырған табанды күресін нақ осымен түсіндіруге болады.

Қытай коммунистерінің, қытай халқының қорғайтын да, күресетін де ізгі мақсаты бар. Қытай коммунистерінің сара жолы — Қытай Компартиясының 1956 жылғы VIII съезі белгілеген социализм орнату жолы. Бұл — экономиканы жоғарлы дамытуға және «халықтың материалдық-мәдени қажеттерін мейлінше толық қанағаттандыруға» бағытталған жол. Бұл — «демократиялық өмірді дамытуға» бағытталған жол. Бұл — съездің шешімдерінде атап көрсетілгеніндей — «Ұлы Совет Одағымен және барлық халықтық демократия елдерімен мәңгілік және мығымас туысқандық достықты» нығайтуға бағытталған жол.

Біз Қытайдағы қазіргі оқиғалар оның дамуындағы тарихи өткініш кезең екеніне сенеміз. Біз барлық қиыншылықтарға қарамастан, Қытай Халық Республикасындағы социализм ісінің жеңіп шығатынына сенеміз.

Жолдастар! Социалистік елдер келе жатқан жол — қажырлы еңбек пен белсенді күрес жолы. Біз алдымызда зор жұмыстар, алып міндеттер тұрғанын, ол міндеттерді орындау үшін туысқан партиялар мен халықтардың бірлескен күш-жігері керек екенін білеміз. Совет Одағының Коммунистік партиясы, бүкіл совет халқы өз тарапынан дүние жүзілік социалистік ынтымақты нығайту үшін, олардың жаңа жеңістерге жетуі үшін күш-жігерін аямайды.

Бүгін жаңа өмір орнатып жатқан туысқан халықтарды бүкіл совет халқының атынан қызу құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Біз ең алғашқы құттықтау сөзімізді қолына қару алып, өз бостандығы мен тәуелсіздігін, өзінің социалистік жеңістерін қорғап жатқан Вьетнам Демократиялық Республикасының қаһарман халқына арнаймыз.

Біз социализм туы астында сеніммен алға басып бара жатқан Болгарияның, Венгрияның, Герман Демократиялық Республикасының, Корея Халықтық Демократиялық Республикасының, Кубаның, Монғолияның, Польшаның, Румынияның, Чехословакияның, Югославияның халықтарына жалынды сәлем жолдаймыз.

Біз өз елдерінде социалистік жеңістерді сақтау үшін күресіп жатқан қытай және албан халықтарына сәлем жолдаймыз.

Біз барлық социалистік мемлекеттердің халықтарының игілікті еңбегінде мейлінше зор табыстарға жете беруіне тілек білдіреміз.

Жолдастар! Империализмге қарсы күресуші күштердің арасында дамыған капиталистік мемлекеттердің дүние жүзілік империализмнің өз қамалы ішінде күрес жүргізіп жатқан жұмысшы табы маңызды орын алады. Біз бұл күрестің қаншалықты қиын екенін білеміз. Бұл күрес орасан зор табандылық пен ерлікті ғана емес, сонымен бірге империалистік буржуазияға, оның алуан түрлі айла-амалдарына құрыштай бірлікті, ұйымшылдықты, аса шебер саяси өнерді қарсы қоя білуді талап етеді.

Қыруар көп қиындықтарға қарамастан, дамыған капитализм елдеріндегі жұмысшы қозғалысы барған сайын күшейе түсіп, жаңа тәжірибе жинауда. Еңбекшілердің өз мүдделері үшін күрестегі белсенділігі, табандылығы, барған сайын өсіп келе жатқан ұйымшылдығы — міне капитализм дүниесіндегі тап күресінің қазіргі кезеңін бейнелейтін белгілер осындай. Көп жағдайда ереуілдер тұтас елдерді қамтып жүр. Жұмысшы табы өз талаптарын барған сайын жиірек орындатуда. Бұл талаптар барған сайын қанатын кең жайып, тереңдеп пәрмендене түсуде, монополиялардың экономикалық және саяси үстемдігіне қарсы күрес программасына ұласуда.

Жұмысшы табының қатарындағы жарғышпақ оның жеңіске жетуіне басты кедергі болып келді және қазірде басты кедергі болып отыр. Ал жұмысшы қозғалысының бүкіл

тәжірибесі бірліктің өмірлік қажеттілік екенін дәлелдеуде. Бұл тәжірибе социалистер мен коммунистердің көзқарасындағы айырмашылық монополияларға қарсы, соғыс хаушіне қарсы социализм үшін күресте жұмысшы табының қатарын топтастыру үшін кедергі болмауға тиіс екенін көрсетуде. Коммунизмге қаны қас социал-демократияның оңшыл билеуші топтарының саясатына қарамастан, бірлікке деген ынта-ықылас артып келеді, бұл жолда бірсыпыра елдерде қазірдің өзінде-ақ белгілі табыстарға қол жетіп отыр.

Октябрьден кейінгі жылдарда капиталистік мемлекеттерде жұмысшы табының ролі мықтап күшейді. Ал мұның себебі қазіргі уақытта осы елдерде жұмысшы табының халықтың басым көпшілігі және материалдық өндірістері шешуші күш болып отырғандығынан ғана емес. Жұмысшы табы бүкіл ұлттың мүддесін неғұрлым дәйекті қорғайды. Еңбекшілердің қалың бұқарасын, монополияларға қарсы барлық күштерді өз төңірегіне топтастырады. Капиталистік дүниенің пролетариаты сайып келгенде өз мұраттары үшін күресте шешуші табыстарға жететіндігі күмәнсіз.

Октябрьден кейінгі елу жылдың басты ерекшеліктерінің бірі — ұлт-азаттық қозғалысының жұмысшы табының күресімен біртұтас революциялық тасқынға ұласуы. Бұрынғы отар және жартылай отар елдерде тұратын бір жарым миллиард адам тәуелсіздік алып, белсенді саяси күрес майданына шықты. Мұның өзі дүние жүзілік революциялық қозғалыстың шеңберін кеңейтіп, қоғамдық прогресті тездетті.

Алайда саяси тәуелсіздікке жету Азия, Африка, Латын Америкасы халықтары алдында тұрған маңызды мәселелерді түгел шешіп бере алған жоқ. Осы тәуелсіздікті нығайту және қорғау үшін, экономикалық дербестікке жетіп, мешеулікті жою үшін әлі де болса көп күш-жігер керек. Бұл елдердің прогресшіл күштері антиимпериалистік саясатты жүргізуге бел шешіп кірісіп отыр. Отарлық езгіні сыпырып тастаған мемлекеттердің ұлт-азаттық қозғалыспен, дүние жүзілік социализммен одағы, олардың социалистік елдермен қарым-қатынасын нығайтуы — осы саясаттың табысқа жетуінің кепілі.

Азат етілген елдерде терең әлеуметтік өзгерістер қанат жаюда. Оларды одан әрі өрістетудің жолдары сияқты түбірлі мәселенің төңірегіндегі күрес те шиеленісіп отыр. Дүние жүзілік социализм жеңісінің ықпалы арқасында Азия мен Африка халықтары қоғамдық құрылыстың озық формасына қол созып отыр. Бірқатар жас мемлекеттердің дамудың капиталистік емес жолына түсуі зор маңызы бар оқиға болды.

Мешеулікті жою, капитализмге соқпай-ақ социализмге қадам басу шешімін жерек етіп отырған көптеген күрделі әлеуметтік мәселелерді алға қойып, осы заманғы өндірістік күштерді жасау ісін талап етіп отырғанын тарихтың өзі-ақ көрсетті. Социалистік жолды ұстаған елдердің халықтары алдында бұл мәселелерді шешу міндеті тұр. Және оны отаршылдық сарқыншақтары әлі жойылып бітпеген, кертартпа элементтердің ықпалы әлі де аз болмай отырған жағдайда шешу керек. Революция жеңістерін табанды түрде қорғау халықтың барлық демократияшыл күштерінің бірлігі, экономика мен мәдениетті көтеруге бағытталған қажырлы еңбек және қайтпас күш-жігер, — міне жанадан өркендеп келе жатқан елдердің алдыңғы қатарлы өкілдерінің алға жылжудың кепілі деп отырғаны осылар.

Совет халқы ұлт-азаттық және жұмысшы қозғалысының барлық күрескерлеріне жалынды сәлем жолдайды. Қымбатты достар, халықтардың правосы мен өмірлік мүддесі, бейбітшілік пен демократия, социализм және ұлт азаттығы жолындары күресте жана да зор табыстарға жетулеріңізге тілектеспіз! Айбынды одағымыздың алдағы уақытта да нығайып, өсе түсетініне біз кәміл сенеміз!

Өткен жарты ғасырдың тәжірибесі революциялық қозғалыстары күш-жігердің табысы оның барлық отрядтарының бірлігі мен ынтымағына байланысты екенін айқын көрсетті.

Революцияшыл күштер бірлігінің сенімді негізі бар. Бұл күштердің әрқайсысы өз міндетін шешеді, ал бірақ олардың ортақ жауы бар, ол — империализм. Олардың ортақ мақсаты — еңбекші халықтың мүддесі, бейбітшілік, демократия және бостандық жолындары күрес. Осының бәрі социализмнің дүние жүзілік системасының, ұлт-азаттық және жұмысшы қозғалысының күш-жігерін біріктіріп, империализмге қарсы ортақ шабуылға шығуды талап етеді.

Халықаралық коммунистік қозғалыс — революцияшыл күштердің авангарды, революциялық прогресс идеясының ту көтерушісі. Осы заманғы коммунистік қозғалыс Россия жұмысшылары мен шаруаларының жеңісі туғызған революциялық қуатты толқынның үстінде тұды, ол — Маркс ұйымдастырған I Интернационалдың мұрагері және оның ісін алға апарушы. Маркстік-лениндік жауынгер партияларды құрып нығайтуда Коминтерн тарихи роль атқарды.

Елу жылдың ішінде коммунистік қозғалыс үлкен жолдан өтті. Егер 1917 жылы әлемде небары бірнеше жүз мың коммунист болса, қазір 88 коммунистік және жұмысшы партиясына біріккен 50 миллион күрескер бар. Социалистік елдерде жана қоғам

құрылысына басшылық жасап отырған партиялар да осының ішінде. Дамыған капиталистік елдерде пролетарлар күресіне жетекшілік жасап отырған маркстік-лениндік партиялар да осының ішінде. Жүз миллионнан астам жұмысшылар мен қызметшілер шоғырланған Батыс Европада жалпы ұлттық саяси күшке айналған Коммунистік партиялардың өсіп шығуы да аса маңызды факт болып отыр. Халықтардың қас жауы — америка империализмі мен ішкі реакциялық тәртіпке қарсы Латын Америкасы елдерінің коммунистік партиялары да табанды күрес жүргізіп келеді. Азия мен Африка елдері компартиялары да демократияшыл күштерді төңірегіне мол тартып, барған сайын бұқара сеніміне ие болып келеді.

Капитал елдеріндегі коммунистерге қаншалық мол ерлік, табандылық керек екенін біз білеміз. Компартияға іріткі салып, коммунистерді өз мақсат-мұратынан бас тартуға мәжбүр ету үшін империализм ештеңеден тайынбайды. Қырыққа жуық капиталистік елдерде жұмысшы табының партиясы жұмысты астыртын жүргізеді. Коммунизм идеяларына берілгендігі үшін империализм адамдарды жұмыстан шығарып, бір үзім наннан айырады, түрмеге тығып, атып-асады.

Біз Октябрьдің мерекесі күні зындандарда азап шегіп, жазалау шараларына душар болған барлық коммунистерге, барлық революционерлерге: қымбатты туыстар мен достар, біз шын жүрегімізбен сіздермен біргеміз! — дейміз. Біз коммунистерді ешқандай ауыр сын мойыпта алмайтынына, коммунистік қозғалыстың дамуын ешқандай бөгет тоқтата алмайтынына сенеміз.

Коммунизм қуатты күшке айналды, оның идеялары біздің планетамызда жеңіспен шеру тартуда. Коммунистер қоғамдық прогрестің авангарды, жұмысшы табының, барлық еңбекшілердің мүддесі жолындағы ең табанды күрескер ролін нақтылы ісімен жеңіп алды. Коммунистер капитализмді құлату және социализм орнату жолындағы күресті басқара білетінін дәлелдеді. Олар капиталистік елдерде еңбекшілердің ең табанды қорғаушысы болып отырғанын да дәлелдеді. Олар отарлардағы халықтардың ұлттық бостандығы мен әлеуметтік прогресі жолындағы қажырлы күрескерлер екенін дәлелдеді. Олар барлық халықтар үшін бейбітшілікті, бостандықты, демократияны қорғауда.

Коммунистік қозғалыстың жаңадан қуатты өрлеуі үшін, оның жаңа жеңістері үшін қолайлы жағдайлар қалыптасты. Алайда біз коммунистердің үлесіне титен міндет — қоғамның бүкіл өмірін революциялық тұрғыдан қайта құрудың орасан зор әрі күрделі міндеті екенін ешуақытта да ұмытпа алмаймыз. Адамзаттың капитализмнен социализмге өтуі — күрделі әрі алуан қырлы процесс. Оның жолында белгілібір сәтсіздіктер, уақытша шегінулер және тіпті күрестің жекелеген салаларында жеңілістер де болуы мүмкін. Коммунистік қозғалыс бұлардан сабақ алады.

Империализм сияқты зұлым жауды тек оған қарсы күреске деген батыл және қалтқысыз әзірлікпен қатар байсалды саяси істі, сабырлылық пен шыдамдылықты қарсы қойған жағдайда ғана жеңуге болатынын тәжірибе көрсетті. Бұл жауға коммунистер өзінің стратегиясын қарсы қоюда, ал бұл стратегия елдің ішіндегі және халықаралық көлемдегі күштердің арақатынасына ғылыми талдау жасауға арқа сүйейді. Олар империализмге нақтылы жағдайды неғұрлым толық ескеріп отыратын тактиканы, күрестің нақ сондай түрлері мен әдістерін қарсы қоюда. Алда тұрған проблемалардың бірден дұрыс шешімін табу оңай емес екені де түсінікті. Дүние өзгеруде, империализмге қарсы күрескерлердің қатары ұлғаяуда. Міне осының бәрі маркстік-лениндік теорияны үнемі оқып үйреніп, терең қорытындылауды, оны творчестволықпен дамытуды, оның революциялық қозғалыс қатарындағы ықпалын күшейтуді талап етеді.

Қазіргі жағдайда империализмнің саясаты мен идеологиясына қарсы күресті мейлінше өрістете берудің ерекше зор маңызы бар. Империализм азаттық қозғалысының жолына кедергі қоюға ұмтылып, енді белсене түсуге тырысуда, барған сайын жаңа авантюралар мен арандатушылықтар жасауда. Империализмге ойдағыдай қарсы тұру үшін, оның шабуылдарын тойтарып қана қоймай, сонымен қатар оны жаңадан жеңіліске ұшырату үшін коммунистерге, барлық революционерлерге қыруар күш-жігер, өзінің күштерін күрестің барлық негізгі бағыттарына жұмылдыру керек.

Коммунистік партиялар буржуазияның идеологиялық позициясына шабуылды күшейтіп, антикоммунизм саясаты мен идеологиясын әшкерелеуде. Олар социализмнің табыстарын кеңінен насихаттай отырып, империалистік насихат таратып жүрген түрлі жалалар мен бұрмалаушылықтарды, антикоммунистік аңыздар мен ертегілерді теріске шығаруда. Капитализмді ақтау үшін іске қосылып жүрген алуан түрлі айлакерлік жаңа «теориялардың» мүлде қисынсыздығын компартиялар ашып көрсетуде. Партиялар бұл идеологиялық жұмыстан бұқара үшін, антиимпериалистік майданды нығайту үшін ойдағыдай күресудің қажетті шартын көріп отыр. Біздің партиямыз, өз тарапынан, антикоммунизмге тойтарыс беру, империализмнің бүкіл саясаты мен идеологиясын әшкерелеу ісіне алдағы уақытта да барлық күш-жігерін бағыттайтын болады.

Тап күресінің бүкіл тәжірибесінен барлық елдердің коммунистері олардың алдында

тұрған қиын, сан алуан түрлі проблемаларды шешудің аса маңызды алғы шарты — дүние жүзіндегі барлық туысқан партиялардың жауынгерлік ынтымағын, топтасқандығы мен белсенді өзара қимылын нығайту болып табылады деген маңызды қорытынды жасауда. Дүние жүзілік коммунизм біртұтас халықаралық қозғалыс ретінде қимылдаран жағдайда ғана өзінің ұлы мақсаттарына жететін болады. Бұл күндерде біздің бәріміз үшін өзіміздің қол ұстасып жүргенімізді сезудің, халықаралық көлемдегі қимылдарымызды үнемі үйлестіріп отырудың зор маңызы бар.

Социалистік достық одақ елдерінде социализм мен коммунизм орнату, империализмнің агрессиялық әрекетіне тойтарыс беру, жалпыға бірдей бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігін қорғау, бұқараны демократия, ұлт-азаттық және социализм туы астына топтастыру; капитализмге қарсы революциялық күрес үшін стратегия мен тактиканы одан әрі жетілдіру — дүние жүзілік коммунистік қозғалыс шешу үшін өзінің қатарын топтастырып отырған басты проблемалар, міне осылар. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» — жұмысшы табының революциялық күресінің таңы атқанда бейне дабыл болып естілген бұл ұран бүтін барлық антиимпериалистік күштерді біріктіруге шақыруда.

Қозғалысымызды одан әрі топтастыру әрбір туысқан партияның өмірлік мүдделерінен тұрғанына біздің көзіміз жетіп отыр. Әлбетте, әр партияның өз міндеттері бар, әрбір партия күрестің нақты жағдайға сай келетін түрлері мен әдістерін қолданады. Және де барлық партиялар мұны толық тәуелсіздік пен дербестік негізінде істеуде. Дегенмен қандай да болсын партияның күресінің күші, пәрменділігі оның өз еліндегі табыстарына ғана емес, сонымен қатар туысқан партиялардың табыстарына да, коммунистік қозғалыстың барлық отрядтары ынтымағының көлемі мен кендігіне де байланысты. Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: интернационализмнің принциптерінен тайқып шығу, біздің қозғалысымыздың жекелеген отрядтарының мүдделерін революциялық күрестің ортақ мүдделеріне қарсы қою әрекеттері, ұлттық томаға-тұйықтылықтың көріністері тап жауы алдында коммунистердің позицияларын, сөз жоқ, әлсіретеді.

КПСС позициясы біздің қатарларымызды марксизм-ленинизмнің принциптік негізінде топтастыруды батыл жақтап отырған туысқан партиялардың басым көпшілігінің позицияларымен толық үйлесіп отырғанын біз өте қанағаттанғандықпен атап айтамыз. Жұртқа мәлім, коммунистік қозғалыстың ортақ идеялық-саяси позицияларын белгілеуде туысқан партиялар өкілдерінің 1957 және 1960 жылдардағы кеңестері үлкен роль атқарды. Сонымен қатар соңғы уақыттары даңқты фактілер, мәселен Европадағы коммунистік партиялардың Карловы Варыдағы конференциясы, туысқан партиялар өкілдерінің басқа да аймақтық және екі жақты кездесулері, агрессияның құрбаны болып отырған қаһарман Вьетнаммен және араб елдері халықтарымен ынтымақ қозғалысы бірлікті нығайтуға ұмтылған талаптың күшейгенін көрсетеді.

Туысқан партиялардың көпшілігі жаңа халықаралық кеңес шақыруды жақтап отырғаны қазір мүлдем айқын. Біздің партиямыз бұл идеяны түгелдей қолдайды және коммунистердің бүкіл дүние жүзілік жаңа кездесуі табысты болуы үшін мүмкін болғанның барлығын да істеуге әзір.

Жолдастар! Бүгін таңда бүкіл коммунистік қозғалыс Ұлы Октябрь мерекесін бізбен бірге мерекелеп отыр. Марксист-лениншілдер бұл мерекені мейрамдай отырып, жүріп өткен жолдың қорытындыларын шығаруда, ортақ коммунистік мұраттарымыздың салтанат құруы жолындағы бұдан былайғы күрестің перспективаларын белгілеуде.

Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің қызметін, өзінің тәжірибесін бүкіл дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың қызметі мен тәжірибесінің бөлінбейтін тұтас бір бөлігі деп әрқашан да санай келді және қазір де солай деп санайды. КПСС күрес пен еңбекте әрқашан да туысқан партиялармен арадағы мызғымайтын берік достығынан, жауынгерлік одағынан күш алып отырды.

Жолдастар, біздің партиямыздың атынан барлық туысқан партияларға, барлық коммунистерге олардың достығы үшін, совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінде оған көрсетіп келе жатқан шын пейілді қолдауы үшін бар-ықыласпен алғыс айтуымызға рұқсат етіңіздер!

Барлық марксист-лениндік партияларға шын жүректен сәлем жолдап, жаңа зор табыстарға жетуіне тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер. Заманымыздың жетекші саяси күшінің — дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың даңқы арта берсін!

5. Совет Одағының лениндік сыртқы саясаты

Жолдастар!

Біздің жасампаз ұлы жұмысымызда, социализм мен коммунизм орнату үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуде біздің сыртқы саясатымыз үлкен роль атқарады.

Ұлы Октябрьдің жеңісі халықаралық қатынастарда шын мәніндегі революциялық өзгерістерді бастап берді. Халықтарды қанау мен кіріптарлықта ұстаудың империалистік саясатына, отарлық қанау, зорлық пен зомбылық және тонаушылық соғыстар саясатына халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау, бейбітшілікті қорғау, империалистік агрессорларға тойтарыс беру саясатын қарсы қойған мемлекет дүние жүзілік аренада тұңғыш рет орнады. Осы бір-біріне қарама-қарсы екі бағыттың күресі жарты ғасыр бойына жүргізіліп келеді.

Совет мемлекетінің лениндік сыртқы саясатының сипаты, оның аса маңызды ерекше белгілері социалистік қоғамдық құрылыстың мәнінің өзінен туған.

Ал оның аса маңызды белгілері қандай?

Біздің сыртқы саясатымыз социалистік революциядан туып өсті. Ол елімізде қоғамды революциялық жолмен қайта құру қызметіндегі құралдардың бірі болды және солай болып қала береді де. Революцияның жеңістерін қорғау керек — В. И. Ленин Октябрь жеңісінен кейін бірден-ақ Совет сыртқы саясатының алдына осындай міндет қойды. Ол 1918 жылғы январьда партияның басшы қызметкерлері алдында сөйлеген сөзінде сыртқы саясат мәселелерін «қазірдің өзінде басталып отырған социалистік революцияны дамыту және нығайту үшін неғұрлым жақсы жағдайлар жасау тұрғысынан» шешуге шақырды (Шығармалар, 26-том, 442-бет). Совет мемлекетінің сыртқы саясаты әрдайым лениндік осы нұсқау негізінде құрылуда. Оның басты міндеті — Октябрьдің жеңістерін қорғау, империалистердің социализм Отанына қарсы ойластырған арам ниеттерін сәтсіздікке ұшырату, коммунистік қоғам орнату үшін қажетті сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету. Ленин нақ осыны Совет елінің дүние жүзілік революциялық қозғалыс алдындағы ең қасиетті интернационалдық борышы деп білді.

Біздің сыртқы саясатымыз — интернационалдық саясат, өйткені совет халқының мүдделері дүние жүзінің барлық елдеріндегі еңбекші бұқарасының мүдделеріне сай келеді. Біздің сыртқы саясатымыз бүкіл дүние жүзіндегі революцияшыл, прогресшіл күштермен ынтымақтасу рухына толы және ол халықаралық аренадағы таптық күрестің белсенді факторы болып табылады.

Мемлекетіміздің жарты ғасырлық тарихының беттеріне революциялық интернационализмнің көптеген тамаша мысалдары жазылды. Одан біз жас Советтік Россияның Германия мен Венгрияның көтеріліс жасаған пролетарларымен ынтымақтасуының жарқын көріністерін, қытай халқының империализм мен реакция күштеріне қарсы күресін ұзақ жылдар бойы қолдауының көптеген фактілерін көреміз. Революциялық Испаниямен жауынгерлік туысқандықтың данқты эпопеясы ешқашан да ұмытылмайды. Біздің еліміз испан халқына мүмкін болғанның бәрімен — дипломатиялық қолдау көрсету мен экономикалық көмектесуден бастап Барселонаның баррикадаларын және Мадридтің аспанын испандармен бірге соңғы күнге дейін қорғаған мыңдаған совет еріктілерінің тікелей үлес қосуына дейін барынша көмек көрсетті. Ұлы Отан соғысында халқымыздың азаттық жолындағы ерлігі ғасырлар бойы жасайды, бұл соғыста миллиондаған совет адамдарының жанын пайда етіп қол жеткен жеңіс көптеген елдерді фашистік құлдықтан құтқарды. СССР-дің соғыстан кейінгі дәуірде демократиялық әділетті бітім жолында және ең алдымен жаңа, халықтық-демократиялық мемлекеттерді қорғау жолында табандылықпен күрес жүргізуінің маңызын айтып жеткізу қиын.

Дүние жүзілік аренада Октябрь Отанының бүкіл қызметі революциялық интернационализм рухына кенелген, біз, совет адамдары, осы ізгі принциптен ешқашан да айнымаймыз.

Совет Одағының сыртқы саясатының аса маңызды белгілерінің бірі — оның терең марыналы және шын мәнісіндегі демократизмі.

Совет өкіметі қанаушы таптардың сыртқы саясаттары дәстүрлерінен, құпия дипломатия әдістерінен, халықтың сыртынан сөз байласу саясатынан батыл қол үзіп, патшалық Россия жасасқан жасырын договорлардың бәрінің күшін жойды. Біздің еліміз адамзаттың тағдырына қатысы бар аса маңызды мәселелер жөнінде басқа мемлекеттердің үкіметтеріне ғана емес, сонымен бірге тікелей халықтарға да арнап үндеу тарататын болды.

Барлық елдермен, дүние жүзіндегі барлық мемлекеттермен арадағы қатынастарымызды құрғандағы мызғымайтын біздің демократиялық негізіміз — үлкенді-кішілі барлық ұлттардың тең праволылығын іс жүзінде танушылық, барлық нәсілдер мен ұлттардың тең праволылығын танушылық.

Лениннің бастамасы бойынша Совет мемлекеті «ат төбеліндей таңдамалы ұлттарда қанаушылардың жайлы тұрмысын Азиядағы, жалпы отарлардағы және кішкене елдердегі жүз миллиондаған еңбекші халықты құл ету арқылы орнатқан буржуазиялық цивилизацияның варварлық саясатынан толық» қол үзгені туралы салтанатпен мәлімдеді (Шығармалар, 26-том, 422-бет).

Совет Республикасы барлық халықтардың, оның ішінде бұрынғы Россия империясының құрамына кірген халықтардың да өзін өзі билеу правосын, олардың өз тағдырын өзі шешу правосын ешбір бұлтарыссыз таныды. Ол Иран, Ауғанстан, Түркия, Қытай сияқты елдерге оған дейін болып көрмеген инициатива жасаған — шын мәнісінде тең праволы договорлар жасасып, қалтқысыз достық пен өзара қолдауға негізделген қатынастар орнатуды ұсынған тұңғыш держава болды.

Совет Одағы лениндік өсиеттерді басшылыққа ала отырып, әрдайым барлық халықтардың демократиялық праволарын, бостандығын және тәуелсіздігін тынбастан қорғаушы, отаршылдық және ұлттық езгінің қандай да болсын көрінісін жою жолында, барлық ұлттардың шын мәнісіндегі тең праволылығы жолында күресушілердің сенімді одақтасы болды және бола береді.

Ақырында, Совет мемлекетінің сыртқы саясатын сипаттайтын тағы бір негізгі, принципті белгі — дәйекті бейбітшілік саясаты, халықтардың хауіпсіздігі мен достығының саясаты. Социализмде халықтың мүдделері жөнінде қамқорлық жасаудан басқа мақсаттар жоқ. Ал мұндай қамқорлық жасау ең алдымен соғысқа қарсы, Ленин айтқандай, еңбек адамдары үшін орасан зор қырсық болып табылатын соғысқа қарсы күрес жүргізуді көздейді.

Бұқараны революцияға аттандырғанда партия ұсынған ұрандардың бірі бейбітшілік ұраны болды. Бейбітшілік жолындағы күрес — қазірде де біз үшін таптық, революциялық терең мазмұны бар міндет, өйткені бейбітшілік үшін күресу — империалистік буржуазияның неғұрлым соғысқұмар, агрессияшыл топтарын аластау, қоғамдық пікірді соларға қарсы қою, олардың халыққа жат жоспарларын іске асыртпау деген сөз.

Біздің мемлекетіміздің тарихы империалистердің агрессиялық саясатына қарсы табандылықпен, үнемі күрес жүргізу тарихы — халықтарды соғыстардың зардаптарынан құтқару жолындағы күрес тарихы. Революция жеңіп шыққаннан кейінгі алғашқы сағаттардың өзінде-ақ жаңа жұмысшы-шаруа өкіметі бітім жөніндегі лениндік Декретте барлық елдердің үкіметтері мен халықтарына бітім жасауды, аннексияларсыз және контрибуцияларсыз болатын әділетті бітім жасауды ұсынып сөз салды. 1919 жылы Советтер съезі Ленин жазған қарарды қабылдады, онда «Россия Социалистік Федерациялы Советтік Республикасы... барлық халықтармен тату тұрып, өзінің барлық күшін ішкі құрылысқа жұмсауды тілейді» деп салтанатты түрде жариялады (Шығармалар, 30-том, 222—233-беттер).

1922 жылы Генуяда болған, Советтік Россия да қатысқан халықаралық бірінші конференцияда біздің еліміз бейбіт қатар өмір сүру мен қарусызданудың кең программасын ұсынды.

Дүние жүзіне фашистік агрессияның хауіп төнген жылдарда Совет Одағы агрессорларды ауыздықтал, екінші дүние жүзілік соғысты болғызбайтын коллективтік хауіпсіздік системасын жасау жолында табандылықпен күрес жүргізді. Ядролық қарулар мен ракеталардың жасалуы жаңа дүние жүзілік соғысты болғызбау міндетін өте-мөте іргелі міндет еткен кезде СССР халықаралық қатаң бақылау жасалатын жалпыға бірдей және толық қарусызданудың нақты жоспарын ұсынды.

Бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықтың Советтер елі жоғары көтеріп отырған туы барлық континенттердегі көп миллиондаған бұқараның ой-ниеті мен қолдауын социализм жағына тартуда. Совет Одағы халықаралық қатынастарда біздің ұлы революциямыз жариялаған жаңа негіздерді дәйектілікпен жүзеге асырып отырғандығын бүкіл дүние жүзінің адамдары көріп отыр.

Біздің сыртқы саясат жөніндегі бағытымыздың басты белгілері міне осындай, жолдастар. Бұл барыт Лениннің басшылығымен жасалып, партия оны өзінің кейінгі шешімдерінде одан әрі дамытты. Бұл лениндік бағыт Совет Одағының сыртқы саясатының тұрақты, принципті негізі болып табылады.

Партия СССР-дің сыртқы саясаты дәйекті де сенімді саясат болуына, ол саясат совет халқының мүдделерін, коммунизмнің ұлы ісін қорғауда берік саясат болуына, агрессорлар жөнінде ымыраға келмейтін, бірақ сонымен бірге икемді де реалистік саясат болуына зор маңыз береді. Елімізді өркендетудің аса ірі проблемаларымен қатар сыртқы саясат мәселелері КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен Совет үкіметінің үнемі басты назар аударатын мәселелері болып табылады, бұл мәселелер партиямыздың Орталық Комитетінің Пленумдарында, партия съездерінде, СССР Жоғарғы Советінің сессияларында үнемі қаралып отырады.

КПСС XXIII съезі біздің сыртқы саясатымыздың таяу жылдарға арналған негізгі бағыттары мен міндеттерін белгілеп берді. Халықаралық аренадағы практикалық қызметімізде біз съездің нұсқауларын бұлжытпай жүзеге асырып келеміз.

Социализмнің дүние жүзілік системасының адамзат тардырында атқаратын орасан зор тарихи ролін еске ала отырып, біздің партиямыз бен үкіметіміз социалистік

мемлекеттердің ұлы ынтымағының күш-қуаты мен топтасқандығын нығайта беру үшін қолдан келгеннің бәрін істеуді өзінің борышы деп біледі.

Біз туысқан социалистік елдермен арадағы саяси-ынтымақты одан әрі нығайта беру, туысқан елдердегі коммунистік партиялар мен үкіметтердің басшыларымен барған сайын тығыз да жүйелі байланыс жасап отыру, біздің саясатымызды үйлестіріп, халықтарымыздың арасындағы байланыстар мен алыс-берістің түрлі формаларын одан әрі өркендете беру бағытын берік жүргізіп отырымыз.

Соңғы жылдары Совет Одағы Герман Демократиялық Республикасымен, Чехословакиямен, Польшамен, Монголиямен, Болгариямен, Венгриямен арадағы достық, ынтымақтық және өзара көмек жөніндегі жаңа договорларға қол қойды. Біз туысқандық достықтың осы хартияларын жоғары бағалаймыз; олардың бай мазмұны біздің қарым-қатынастарымызда қол жеткен жаңа, неғұрлым жоғары дәрежелі кезеңді көрсетеді.

Туысқан партиялар мен елдердің басшыларымен бірлесе отырып, партиямыздың Орталық Комитеті мен Совет үкіметі ұзақ мерзімдік еңбек бөлінісі мен ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің орасан зор маңызын есепке ала отырып, социалистік мемлекеттердің екі жақты және көп жақты негіздегі жемісті экономикалық ынтымағын одан әрі дамыта беру жолында тынбастан қызмет етуде.

Қазіргі жағдайда қорғанысты нығайту саласында социалистік мемлекеттердің бірлесе қимыл жасауы да аса маңызды. Біз бұл мәселеге ұдайы көңіл бөліп келеміз. Ең алдымен социализм елдерінің қорғаныс және саяси ынтымағының қуатты қаруы болып табылатын Варшава Договорына қатысушы елдердің арасындағы қарым-қатынас жөнінде осыны айту керек.

Туысқан социалистік елдермен біздің достығымыз гүлденіп, нығайып келеді. Мұның өзі біздің елдер халықтары үшін рухани қажетке айналып, барған сайын сан салалы болып, тереңдеп келеді. Жолдастар, дүние жүзілік социализм жеңістерін молайтуға, нығайтуға және оны қорғауға партиямыздың Орталық Комитеті мен Совет үкіметі өзіне байланыстының бәрін алдағы уақытта да жасайды деп сіздерді сендіруіме рұқсат етіңіздер!

Қазіргі жағдайда Совет мемлекетінің халықтардың демократиялық правосы, отарлық және ұлттық қанаудың барлық түрін түп тамырымен жою жолындағы күресі де жаңа формаға ие болуда. Совет Одағының инициативасы бойынша басқа да социалистік елдердің белсене қолдауымен Біріккен Ұлттар Ұйымы «Отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларацияны» қабылдады. Одан кейін «Мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау, тәуелсіздік пен суверенитетті сақтау туралы Декларация» қабылданды. Осының бәріне де дүние жүзі елдерінің дені дауыс берді.

Отаршылдарға қарсы әлі де қарулы күрес жүргізуіне тура келетін халықтармен жауынгерлік одақ халықаралық істердегі біздің бағытымыздың бүгін де маңызды буыны болып отыр. Сонымен қатар империализмнің отарлық системасы іс жүзінде құлаған қазіргі күні отарлық қамытты сыпырып үлгерген, өзінің тәуелсіздігін нығайту және әлеуметтік прогресс жолында күресіп жатқан елдермен ынтымақты дамыту сияқты жаңа міндет ерекше маңыз алды.

Қазір бізде жас ұлт мемлекеттермен арадағы сенім мен сыйластыққа негізделген жақсы қатынастар қалыптасты. Бұл достық қатынастардың дәрежесі мен нақтылы формасы әлгі мемлекеттердің саясатының жалпы бағытына байланысты. Біз дамудың социалистік жолына бағыт алған елдермен экономикалық және саяси байланысымызды нығайтып, аса жақын қатынаста отырмыз.

Отарлықтан құтылған елдер Совет Одағын өзінің шынайы да адал досы деп біледі. Олар СССР саясаты, тіпті социалистік державамыздың өмір сүруінің өзі олардың тәуелсіздігін империалистердің қастандырынан сақтайтын маңызды фактор екенін жақсы біледі.

Баршаға белгілі болғандай, Совет Одағы азаттық алған елдерге олардың тәуелсіз ұлттық экономикасының дамуына кең достық көмек көрсетіп отыр. Азия мен Африканың көптеген елдерінің тропикалық ормандары мен шөлейт далаларында Совет Одағының көмегімен фабрика мен заводтардың мұнаралары көкке бойлап, электр станцияларының плотиналары, институттар мен аурухана үйлері салынды. Бұл объектілердің ерқайсысы отарлық қамытты сыпырып тастаған елдер мен Совет Одағының арасындағы ынтымақ пен достықтың монументті іспетті.

Ұлт-азаттық қозғалысымен одақ, әлемдегі барлық антиимпериалистік күрескерлермен одақ халықаралық аренадағы күшіміздің маңызды қайнар көзінің бірі болып табылады. Бір-бірімізді қолдай отырып, қатар адымдасақ, көптеген халықаралық проблемаларды, оның ішінде бейбітшілікті нығайту мәселесін шешу бізге жеңілте түседі.

Жолдастар! Дүние жүзілік жаңа соғыс қатерін болдырмау жөніндегі өз күресінде біздің партия мен Совет үкіметі халықаралық жағдайдың қазіргі ерекшеліктерін ескеріп отыр.

Вьетнамдағы соғыс, Лаостағы Америка интервенциясы, Таяу Шығыстағы оқиғалар, Азияның, Африканың, Европаның, Латын Америкасының кейбір елдерінде империалистер ұйымдастырған реакциялық төңкерістер, европалық шекараны қайта белгілеп, ядролық қаруға еркіндік беру туралы батыс герман реваншистері жанталаса қойып отырған талаптар, олардың «Бүкіл Германия» атынан деген желеумен қойып отырған даңғой, арыс дәмелері — осының бәрі империализмнің агрессиялық өз табиғатын өзгертіпегенін аңғартса керек. Империализм әлі де ең қара түнек реакцияның, қанды агрессияның, зорлық-зомбылықтың ордасы болып, бейбітшілік пен халықтар хауіпсіздігіне қатер төндіріп отырғанын біз ұмыта алмаймыз, ұмытуға тиісті де емеспіз.

Қазіргі жағдайда ракеталық-ядролық қаруды қолданған дүние жүзілік соғыс жүздеген миллион адамды қырғынға ұшыратуға, тұтас елдерді жұртып жіберуге, жер бетінің және атмосфераның ұлануына соқтыратындықтан империалистік арамдатушылықтар мен авантюраларға мейлінше қырағылық жасау қажет болып отыр. Коммунистер бұдан мейлінше елеулі саяси қорытындылар жасамай отыра алмайды. Дүние жүзілік жаңа соғыстың хауіпін болдырмау жолындағы күрес қазір социализм мен коммунизм орнату, бүкіл дүние жүзілік революциялық процесті дамыту міндетін ойдағыдай шешудің маңызды шарттарының біріне айналды.

Кімде-кім адамзатты дүние жүзілік ракеталық-ядролық соғыстың апатынан құтқарғысы келсе, ол империалистердің агрессиялық тіміскілеу әрекеттері мен сойқандарына қарсы еселеген жігермен күресуге тиіс. Олардың бұл әрекетіне антиимпериалистік күштердің топтасқан майданын қарсы қою қажет.

Агрессорлардың озбырлығына бостандық сүйгіш күштер тарапынан батыл тойтарыс берілген жерлерде империалистер өзінің мақсатына жете алмайды. Бұл Вьетнамдағы оқиғалардың мысалынан көрініп отыр.

Американ империалистері Оңтүстік Вьетнамдағы халықтың ұлт-азаттық күресін басып, жаншайтып деген үмітпен, елді демократиялық негізде біріктіруге жол бермеу, Вьетнам Демократиялық Республикасында социализм орнатуға бөгет жасау және басқа елдердегі ұлттық-азаттық пен прогресс жолындағы күрескерлерді қорқыту үшін Оңтүстік Вьетнамның патриоттарына қарсы өзінің әскерлерін жіберді, ал бұдан кейін тіпті Вьетнам Демократиялық Республикасына да тіке шабуыл жасауда.

Американ соғысқұмарларының Вьетнамдағы қылмысы фашистік сұрқиялардың зұлымдығын еске түсіруде. Ондаған мың бейбіт тұрғындарды өлтіру, қалалар мен селоларды үнемі ойрандау, мектептер мен ауруханаларды қирату, егістерді құртып жіберу — Америка интервенттерінің Вьетнам жеріндегі масқара жолы міне осындай сарақылықтармен көзге түсті. Алайда «еркін дүние» деп аталатынды қорғауды сылтауратып жүрген зорлықшылар мен кісі өлтірушілер вьетнам халқын тізе бүктіре алмады және еш уақытта да тізе бүктіре алмайды, олар бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрескерлерді қорқыта алмады және еш уақытта да қорқыта алмайды. Дүние жүзінің халықтары, оның ішінде миллиондаған американдар Вьетнамға қарсы қанқұйлы агрессияны масқаралауда. Вьетнамдағы интервенция Америка Құрама Штаттарының өзін халықаралық беделінен барған сайын жұрдай етуде.

Агрессорларға Оңтүстік-Шығыс Азияның джунглилеріне әкеліп қоя берген жарты миллион американ солдатты да, қуатты соғыс флоты да, ауыр бомбардировщиктер де, Сайгондағы итаршылардың армиясы да, Америка Құрама Штаттарының құлдық ұрған сыбайластары жіберген полктер де көмектесе алмайды.

Вьетнам халқы бүкіл дүние жүзін сүйсіндірген ерлігі арқылы, кездескен зор қиындықтарды табандылықпен жеңе отырып, интервенттер тобырына тойтарыс беруде, оларға үсті-үстіне соққы беруде. Соның өзінде вьетнам халқы бүкіл дүние жүзіндегі прогреспіл, бейбітшілік сүйгіш күштердің қолдауына және ең алдымен Совет Одағы мен басқа социалистік мемлекеттердің тұрақты кең көмегіне арқа сүйеуде. Қару-жарақ пен оқ-дәрі, азық-түлік пен киім-кешек, транспорт пен жабдықтау — міне социалистік елдер ынтымағының осылар сияқты нақтылы көрінісі Вьетнам патриоттарының ерлік күресінде оларға зор көмек болып отыр.

Егер барлық социалистік елдер, оның ішінде Қытай тарапынан Вьетнамға көмек көрсетуді үйлестіруге кедергі жасап жүрген Мао Цзэ-дун тобының позициясы болмаса, онда вьетнам халқының ұрыстағы табыстары бұдан да елеулі болатын еді. Біз Пекин басшыларының мұндай бағытына өкініш білдіреміз. Ал Совет Одағы әділ іс жолында күресіп жатқан туысқан вьетнам халқына өз тарапынан үнемі көмек көрсетіп, қолдау жасауға бекем бел байлап отыр. Американ империалистері өзінің масқара әрі қылмысты авантюрасын тоқтатып, Вьетнамнан тайып тұрғанға дейін біз Вьетнамға көмек көрсете береміз!

Вьетнам халқы әділетті іс үшін күресуде, сондықтан ол жеңеді. Бұл жөнінде ешқандай күмән болуы мүмкін емес.

Өзінің итаршысы — Израильдің билеушілерінің көршілес араб мемлекеттеріне аг-

рессиясын көтермелеу позициясын ұстап келе жатқан Америка Құрама Штаттарының, Англия мен Германия Федерациялық Республикасының әрекеті империалистер саясатының зұлымдық мәнін халықтар алдында тағы да ашық көрсетті, бүкіл дүние жүзіндегі барлық прогресшіл күштердің ашу-ызасын туғызды, арабтардың сан миллиондаған бұқарасының ашығым қарғыс айтуын туғызды. Ал мұнымен қатар араб халықтары Совет Одағы мен басқа да социалистік мемлекеттер өзінің адал досы екенін, өзінің тәуелсіздігі жолындары сенімді тірегі екендігін тағы да көріп-білді.

Агрессияшыл империалистік күштерді ауыздықтау, бейбітшілікті нығайту ісіне Совет Одағы зор үлес қосып, өзінің борышын абыроймен орындауда. Империалистік тіміскілеу әрекеттері жөнінде халықтардың қырағылығы, барлық бейбітшіл мемлекеттердің күш-жігерін біріктіру бейбітшілік ісін барынша қамтамасыз ете алатындығына ешқандай күмән жоқ.

Біз халықтардың ісіне қол сұғатын империалистерге қарсы күрескерлерге, империалистік агрессияның құрбандарына көмектесіп келдік және алдағы уақытта да көмектесетін боламыз. Бұл көмектің түрлері жағдайға қарай әр алуан — саяси, дипломатиялық, экономикалық немесе әскери көмек болуы ықтимал, бірақ бәрінің де мазмұны біреу-ақ: агрессорларға тойтарыс беру, халықтардың тәуелсіздік жолмен даму праволарын қорғау, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қорғау, сол арқылы социализм мүдделерін қорғау.

Жолдастар! Империализмнің агрессияшыл құлқын жақсы білетін біздің партиямыз Совет Одағының бейбітшіл саясатын жеңілмес қорғаныс қуатымен нығайтып отыруды қажет деп санайды. Мұны совет халқының мүдделері, жалпыға бірдей бейбітшілікті қамтамасыз ету мүдделері талап етіп отыр.

Сондықтан біздің даңқты Қарулы Күштерімізді нығайту — Орталық Комитеттің, Совет үкіметінің, бүкіл халықтың ұдайы қамқорлық жасайтын істерінің бірі.

Біз советтік социалистік державаның қуаты жер жүзіндегі бейбітшіліктің басты тірегі, империалистік соғыс өртін тұтандырушылардың жолындары басты кедергі болып келгені және бола беретінін сезінеміз. Еңбекшілерді азат ету жолындағы күрес идеяларымен жігерленген социалистік армия құру — Совет елін жеңілмейтін етеді деп Ленин атап көрсеткен болатын. Біз бүгін, өткен жолымызға көз жібере отырып: Ленин алға қойған міндет орындалды! — деп мақтанышпен айта аламыз. Біздің қаһарман армиямыз өзінің халық пен революция алдындағы борышын абыроймен орындауда.

Қазір Совет Армиясы — қуатты, қаһарлы, жеңілмес күш. Ол дүние жүзіндегі ең үздік қарулармен жарақтанған. Совет жауынгерлері — солдаттардан бастап маршалдарға дейін, матростардан бастап адмиралдарға дейін — соғыс ғылымын, өздеріне сеніп тапсырылған тамаша техниканы жетік меңгерген, әскери өнердің нағыз шеберлері, партиямызға, коммунизм ісіне шексіз берілген абзал адамдар!

Біз өткен уақыттың сабақтарын мұқият ескереміз, ешқашан қапы қалмау үшін не қажеттің бәрін істейміз. Ал егер Совет елінің, біздің одақтастарымыздың хауіпсіздігіне қол сұғқысы келген есуастар табылатын болса, совет халқы одан селт етпейді де. Ондай қастандық қай жақтан шықса да — мейлі солтүстіктен немесе оңтүстіктен, мейлі батыстан немесе шығыстан болсын, — агрессор біздің даңқты Қарулы Күштеріміздің қаһарлы соққысына ұшырайды. Бұл күшке ешқандай бөгет жоқ, ешқандай шек жоқ. Қандай агрессормен шайқасса да Совет елі ұлы халқымызға лайық, Октябрьдің Отанына лайық абыроймен жеңіп шығатынын жұрттың бәрі біліп қойсын!

Біз өзіміздің торқалы тойымыздың үстінде туған жерді, совет аспаны мен мұхиттарын қорғаушыларға, сондай-ақ біздің жауынгерлерімізге құдіретті қару жасап берген талант иелеріне жалынды сәлем жолдаймыз! Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңістерінің, социализм жеңістерінің сенімді сақшысы — Совет Одағының қаһарман Қарулы Күштерінің абыройы мен даңқы арта берсін!

Біздің қуатымыз орасан мол, бірақ біз мұны ешқашан да күйкі, өзімізді мақсаттарға пайдаланбаймыз. Дүние жүзінде ең бірінші болып коммунизм орнатып жатқан мемлекеттің сарқылмас қуаты агрессия мен езуге қарсы, бостандық үшін, демократия мен бейбітшілік үшін әділетті күрес ісінің мүдделеріне қызмет етеді. Бұл қуаттың өсіп нығая беруі, СССР-дің дүние жүзіндегі оқиғалардың барысына ықпалының күшеюі барлық елдердегі халық бұқараларының өмірлік мүдделеріне сай келеді.

Біздің сыртқы саясатымыз — социалистік саясат, өзінің бүкіл мазмұны жарынан дәйекті революциялық саясат. Алайда маркенил-лениншілдер социализм бір елден екінші елге әскердің күшімен әкелінбейтінін, әрбір қоғамның өзінің ішкі дамуының нәтижесінде туатынын қашаннан-ақ түсінген болатын. Олар өз ісінің әділдігіне, социалистік құрылыстың артықшылығына берік сенеді, социализмнің жеңуі үшін мемлекеттер арасында соғыс ашудың қажеті жоқ екеніне кәміл сенеді.

Ленин сыртқы саясатта империалистік арандатушылардың арам пиғылдарын да,

буржуазияның парасатты өкілдерінің позициясын да мұқият ескеру керектігін үйреткен болатын. Біз бұл нұсқауды ұмытпаймыз, сондықтан да қазір, Совет Одағының қуаты өлшеусіз өсіп отырған кезде, біз бұрынғыша, екі қоғамдық системаның арасындағы қатынас мәселелерін қарудың күшімен шешу әрекеттерінен бас тартуды жақтап отырмыз. Біз буржуазиялық елдердің үкіметтерін бейбітшілік пен баянды қауіпсіздікті талап етіп отырған халықтардың үніне құлақ асуға шақырамыз.

Совет Одағы халықтардың осы армандарының жүзеге асырылуы үшін мүмкін болғанның барлығын да істеуді өзінің борышы деп санайды. Дәл сондықтан да ол жаппай және толық қарусыздану жолындағы күресті бәсеңдемейтін күш-жігермен жүргізіп отыр және жүргізе береді де. Біз бұл мақсатқа жету жолында ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы, ядролық қаруды одан әрі таратуға жол бермеу туралы немесе бұл қарудың қолданылуына тыйым салу туралы келісімдер жасасу сияқты ішінара қадамдарды да пайдалы деп санаймыз.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымына елеулі маңыз беріп отырмыз және басқа да бостандық сүйгіш және бейбітшіл мемлекеттермен бірге Біріккен Ұлттар Ұйымын халықтардың бейбітшілігі мен праволарын қорғау мүддесін көздейтін халықаралық ынтымақтың пәрменді органына айналдыруға күш салуға ұмтыламыз. СССР өзінің одақтастарымен бірге Европада баянды бейбітшілік болуы жолындағы, Европа халықтарының қауіпсіздігіне қатер төндіретіннің барлығына қарсы күресті табандылықпен одан әрі жүргізе береді, бейбіт қатар өмір сүрудің белгілі принциптері негізінде қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақ жасауын жақтайтын болады.

Совет елінің халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы күресі «Москваның агрессияшылдығы» жөніндегі, «коммунистік қатер» жөніндегі ойдан шығарылған сандырақтың күлін көкке ұшырды; осы сандырақты пайдаланып Америка Құрама Штаттарының империалистері бастаған халықаралық реакция халықтарды алдай отырып, өзінің агрессияшыл соғыс блоктарын — НАТО-ны, СЕАТО-ны және сол сияқтыларын топтастырған болатын. Халықаралық реакция бұл блоктарды құрғанда бізді қоршауға алып, социализмнің дүние жүзілік системасының нығайтылуына және езілген халықтардың ұлт-азаттық революциясының дамуына кедергі жасамақшы болып дәмеленді.

Бірақ іс Вашингтондағылар мен капиталистік дүниенің басқа да астанасындағылар көксегенінен мүлдем басқаша болып шықты. Социализм мен оның одақтастарының позициялары үздіксіз нығайып келеді. Империализмнің агрессияшыл күштері барған сайын оқшау қалып бара жатқан жағдайға ұшырады, олардың құрған блоктары көбесінен қақырап сөгілуде және көрнеу ойсырай бастады. Буржуазиялық елдердің халықтары және тіпті кейбір үкіметтері өздерін матап тастаған шырмаулардан құтылуға, империалистік блоктардың ұйымдастырушылары мен шонжарларының қатерлі, авантюристік саясатынан іргесін аулақ салуға ұмтылған талабын барған сайын айқын көрсетуде. Осының барлығына Совет мемлекетінің принциптік, дәйекті бейбітшіл сыртқы саясатының ықпал жасап отырғаны күмәнсіз.

Жолдастар! Советтік социалистік держава өткен елу жылдық жолды көзбен шолып шыққанда біз: біздің лениндік сыртқы саясатымыз өзінің алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай шешіп келді және қазір де ойдағыдай шешіп отыр деп кәміл сеніммен айта аламыз.

Халықаралық істердегі ұстаған дұрыс бағытымыз Октябрьден кейінгі алғашқы жылдарда сол кезде жас және әлі буыны бекімеген Совет мемлекетін жаныштауға тырысқан дұшпандардың арам ойларын іске асыртпай тастауымызға көмектесті. Бұл бағыт біздің еліміз капиталистік дұшпан дүниенің қоршауында болған жағдайда совет халқының социализм орнатуын жеңілдетті. Ол дүние жүзілік екінші соғыс кезінде дүние жүзілік империализмнің бізге қарсы бірыңғай майдан құрмақшы болған әрекеттерін сәтсіздікке ұшыратуымызға мүмкіндік берді, сөйтіп, совет халқының тарихи жеңісіне көмектесті. Ал қазір совет адамдары міне үшінші он жыл бейбітшілік жағдайын да өмір сүріп, күш-жігерін коммунизм орнатуға жұмсап отырса, мұның мәні — еліміздің қорғанысы сенімді, ал Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің сыртқы саясаты бұрынғысынша өз ісін ойдағыдай жүргізіп отыр деген сөз.

Біздің сыртқы саясатымызды бүкіл совет халқы, бостандықтың, прогрестің және бейбітшіліктің барлық жақтаушылары мақұлдап, қолдап отыр. Бұл саясат бұдан былай да өзі елу жыл бойына жүріп келген жолмен — Ленин өсиет етіп, партия сызып берген, біздің бүкіл тарихымыздың барысында сыннан өткен жолмен жүре береді. Совет елі бүкіл жер жүзіндегі халықтардың бақыты үшін күрес жүргізуде, бұл күресті алдығы қатарлы, адалдық және парасаттылық дүниесіндегілердің барлығымен одақтасып жүргізуде. Сондықтан да біз халықаралық аренада Октябрь Отаны жақтап, күрес жүргізіп отырған істің жеңіп шығатынын кәміл білеміз!

6. Коммунистік партия — совет халқының айбынды авангарды, жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы

Жолдастар! Октябрьдің жеңісі, социализмнің біздің елдегі салтанаты — міне бұл Коммунистік партия идеяларының салтанаты, оның лениндік сара жолының ұлы салтанаты. Біздің еліміздің тарихы бүкіл XX ғасыр бойына Коммунистік партияның қызметімен айрылмастай тығыз байланысты болып келді.

Өткен 50 жылдың ішінде партия өзінің мазмұны мен көлемі жарынан бұрын-соңды болып көрмеген зор жұмыс істеді. Социализм мен коммунизмнің аса ірі теориялық проблемаларын шешу — және күнделікті практикалық, ұйымдастыру жұмысы; қалада, деревняда елдің экономикасына басшылық ету — және сыртқы саясаттың аса күрделі проблемаларын талдап шешу; халыққа идеялық тәрбие беру, мәдениетті өркендету жөніндегі тынбастан жүргізілген жұмыс — және Совет мемлекетін нығайту, еліміздің мызғымас берік қорғанысын қамтамасыз ету; жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыру — және біздің Ұлы Отанымыздың барлық халықтарының туысқандық достығын нығайта беру. Бір сөзбен айтқанда, сол мәселелерді шешуде партия өзінің ақыл-ойын, өзінің еркін, өзінің сарқылмас күш-жігерін жұмсамаған бірде-бір маңызды проблема болған емес және жоқ та.

Осы жылдардың бәрінде КПСС коммунизм дұшпандарының үздіксіз шабуыл жасауына душар болып келді. Ескі дүниенің күштері біздің партиямыздың өзіне де, ел тағдыры жөніндегі жауапкершілікті партия өз міндетіне алған елге да жанталасып құтырына шабуыл жасады. Бірақ Ленин партиясы мұның бәріне мызғымас берік қамалдай төзіп, жаулардың қысымдары, саяси және идеялық дұшпандардың толып жатқан шабуылдары осы қамалдан тойтарыс алып, күл-талқан болып жатты.

Партия бытыраңқы маркстік топтар мен үйірмелерден бастап, совет қоғамының ұйымдастырушы және бағыт беруші күші болған сан миллиондаған ұйымға дейін орасан ұзақ жолдан өтті.

1903 жылы РСДРП-нің II съезі партияның бірінші Программасын — патшалық самодержавие мен капитализмге қарсы күрес программасын — қабылдаған кезде партияда небары бірнеше мың ғана адам бар еді.

Большевиктерді атып-асып, қаторғаларда шірітті, түрмелерде азалтады. Бірақ революцияның бір жауынгері қаза болған жерде, оның орнына ондаған жаңа адамдар қатарға қосылып жатты. Олар нағыз қаһармандар еді, қайыспас жігер мен ерліктің, жоғары дәрежелі идеялық пен шынайы таза пиғылдың, ерекше табандылық пен қажырлылықтың адамдары еді. Өз ісінің әділеттілігі, революцияның жеңбей қоймайтындығы жөніндегі берік сенім оларды ілгері бастады. Олар үшін партия ісі, революция ісі ең қасиетті істер еді, сондықтан олар бұл іске бәрін де қиды.

1917 жылғы февральда, партия астыртын жардайдан шыққан кезде оның қатарында 24 мыңға жуық адам болды. 1917 жылғы октябрьде большевиктер 350 мыңға жетті. Ал мұның өзі 160 миллион халқы бар бүкіл Россия көлеміндегі мөлшер еді. Ондаған миллион жұмысшылар мен шаруаларды өз сондарынан ерту үшін осы адамдар қандайлық орасан зор күш-жігерге ие болуы керек болды десеңізші, олар айтқан шындық қандайлық жеңімпаз күшке ие болуға тиіс болды десеңізші!

Партия Октябрге келгенде темірдей берік тәртіппен топтасқан, жұмысшы және солдат бұқарасының, алдыңғы қатарлы интеллигенцияның, шаруалардың едәуір бөлегінің қолдауына ие болған жауынгер саяси ұйым болып келді. Партия Октябрге келгенде пролетарлық революцияның лениндік теориясымен — біздің халқымызға социализмге баратын жолды көрсетіп берген теориямен қаруланған партия болып келді.

Октябрьдің жеңісі, Совет мемлекетінің құрылуы партияның бірінші Программасы орындалғандығын көрсетті. 1919 жылы РКП(б)нің VIII съезі партияның екінші Программасын — социализм орнату Программасын қабылдады.

Ескі қоғамдық тәртіпті қиратудан жаңа қоғамдық тәртіпті орнатуға көшу партия мен жұмысшы табынан түбегейлі өзгерістер — саяси, ұйымдық, тіпті психологиялық өзгерістер жасауды талап етті. Біз — жұмысшы табының тарихтары тұңғыш билеуші партиясы — сол уақытқа дейін бірде-бір қоғамның алдына қойылмаған міндеттерді шешудің жолдарын көрсетіп беретін саяси бағытты жасап шығаруымыз керек болды. Бұқараға басшылық етудің бейбіт құрылыс талаптарына сай келетін жаңа тәсілдері мен формаларын жасап шығару керек болды. Ақырында, коммунистердің өздерінің көңіл-күйінде қарулы көтеріліс пен азамат соғысы қаһармандығынан әдеттегі күнделікті еңбекке көшу ісі талап ететін өзгеріс жасау керек болды.

Осы міндеттерді шеше отырып, партия троцкистерге, оншыл оппортунистерге қарсы және өздерінің көзқарастары буржуазияшыл және ұсақ буржуазияшыл топтардың қысымын білдірген басқа да оппозицияшыл топтарға қарсы бітіспес күрес жүргізді. Социализмді әуелі бір ғана біздің елімізде құру мүмкіндігін теріске шығарып, жұмысшы табының күшіне, оның шаруалармен одағының беріктігіне сенбей, оппозиционерлер партияны лениндік жолдан тайдырмақ болып тырысты. Оппозицияны идеялық және саяси жағынан талқандап, партия марксизм-ленинизмнің тазалығын, лениндік сара жолды қорғап қалды, өз қатарының бірлігін нығайтты.

Партия жүргізген орасан зор теориялық, саяси және ұйымдастырушылық жұмыс өзінің тарихи жемістерін берді. СССР-де социализмнің орнатылуы партияның екінші Программасы да орындалғандығын көрсетті.

60-шы жылдардың бас кезінде Совет елі жаңа белеске жетті — коммунистік қоғамның кең өрістетілген құрылысына кірісті. Бұл кезеңнің негізгі мазмұны мен проблемалары КПСС-тің XXII съезде қабылданған үшінші Программасында көрсетілді. Осы Программада көрсетілген дамудың басты бағыты, негізгі міндеттер біздің алдағы он жылдықтарда істейтін қызметіміздің аса маңызды бағдарлары болып табылады.

КПСС XXIII съезі партияның соңғы жылдар ішінде жинақтаран тәжірибесін қорытындылап, біздің қоғамымызды одан әрі өркендетудің нақты жолдарын белгілеп берді. Еліміздің жарты ғасыр ішінде өткен бүкіл жолы партия сөзі істен алшақ кетпейтіндігін мейлінше айқын көрсетіп берді. Партияның үшінші Программасы — коммунистік қоғамның негіздерін орнату программасы орындалатын болады. Совет Одағы, социализм отаны әлемде коммунизм отанына айналатын болады.

Жолдастар! Біздің партиямыз өзінің жеңілмейтін күшінен нәр алып отыратын жанды қайнар көз — оның халықпен тығыз, мызғымас байланыс жасауы.

Ленин авангардтың бір өзі, партияның бір өзі социализм орната алмайды деп талай рет атап көрсеткен болатын. Авангард, — деді ол, — «өзі басшылық етіп отырған бұқарадан қол үзбей, қайта бүкіл бұқараны шын мәнісінде алға қарай бастай білген кезде ғана авангардтың міндеттерін атқара алады» (Шығармалар, 33-том, 224-бет). Біздің партия өткен елу жылдың бүкіл өн бойында халықпен байланысыз нығайтуды өзінің ең маңызды міндеттерінің бірі деп білді.

Ұлы Ленин партияның бұқара арасындағы жұмысының мазмұнын ашып көрсете отырып, ең бастысы — оларды коммунизм орнату еркіне, оған әзір болуға және орната білуге баулу деген болатын. Мұның өзі қарапайым ой сияқты. Бірақ оны нақты іске айналдыру үшін адамзат қызметінің барлық салаларын, қоғамымыздың барлық топтарын қамтитын шын мәнісінде орасан зор жұмыс жүргізу керек.

Бұқараны жаңа қоғам орнату еркі мен әзірлігіне баулу үшін ең алдымен халықты идеялық жағынан қаруландырып, социализм орнатудың жолдарын, формаларын және әдістерін белгілеу керек болды. Сөйтіп, бүгін таңда жаңа қоғам орнату жолдарын іздестіруге басшылық еткен және күрт бұрылыстардан қорықпай, аса терең мағыналы әлеуметтік шараларды жүзеге асырған біздің партиямыздың даналығы мен батылдығына тиісті баға бермей отыруға болмайды.

Совет жұмысшы табы, еліміздің барлық еңбекшілері өз өмірін партиямен берік байланыстырды. Совет елі тарихының ең қиын-қыстау, ең жауапты кезеңдерінде еңбекшілердің партия қатарына қабылдану тасқыны ерекше зор болғаны еңбекші халықтың партияға шексіз сеніммен қарайтынын көрсетеді. Азамат соғысының ауыр кезеңінде, жау Тула мен Москваға таяп қалғанда, партияға ондаған мың адам қабылданды. 1924 жылы, лениндік шақыру кезінде, 240 000 жұмысшы коммунист болды. Отан соғысы жылдарында бес миллионнан аса адам партия қатарына қабылданды.

Коммунистік қоғам жолындағы күрестің партия ұсынған идеялары совет адамдарының жүрегі мен ақыл-ойын билеп, бүкіл совет халқының төл ісіне айналды және оны еңбекте аса көрнекті ерлікке, жаңа табыстарға жігерлендіруде. Үстіміздегі жылы, біз жаңа дүние тууының ұлы мерекесін атап отырған кезде, Ленин партиясының қатарына жарты миллион адам қабылданды. Оның тең жартысынан астамы жұмысшылар.

Партия халықтың сенімін жоғары бағалайды. Ол бұл сенімді коммунизм құрылысының табысты болуының мықты кепілі деп біледі.

Бұқараны социализм орнату шеберлігіне баулу үшін Орталық Комитеттен бастап партияның ең шарын ұясына дейін — ондаған мың партия ұйымдарының аса зор ұйымдастыру жұмысын жүргізуі керек болды. Сөйтіп, бүгін таңдағы міндет сол — қоғамның әрбір мүшесінің коммунистік құрылыс процесінде өз орнын, өз ролін, оның дарындылығы, оның қабілеттілігі неғұрлым зор нәтиже беретін орнын неғұрлым жақсы айқындап алуына көмектесу.

Халықтың революциялық творчествосы кең және үйлесімді жүйе құрды, партия осы жүйе арқылы бұқарамен күнделікті байланыс жасап, оған басшылық етіп отырады. Бұлар — Советтер, кәсіподақтар, комсомол, еңбекшілердің ерікті қоғамдары. Бұл жүйе

міне жарты ғасыр бойында өмір сынынан өтіп, өзінің даусыз артықшылықтарын көрсетті.

Партиялық басшылықтың мәнісі — бүкіл қоғамның мызғымас идеялық-саяси бірлігін қамтамасыз ету, қоғамдық организмнің барлық құрамдас бөлімдерінің мақсатты, үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, бізде қазіргі бар таптар мен әлеуметтік топтардың, барлық ұлттар мен халықтардың, барлық ұрпақтардың мүдделері мен ерекшеліктерін шебер ескеретін, өз саясатында бұл мүдделерді ұштастыра алатын Коммунистік партиядан өзге саяси ұйым жоқ және болуы мүмкін емес. Партия күнделікті істердің мың сан тараулы ұсақ бастауларының біртұтас қуатты арнаға үйлестікпен, жарастықпен ұласып жатуына қамқорлық жасайды.

Осындай аса күрделі саяси және ұйымдық міндеттердің бәрін шешу үшін партия жұмысының формалары мен әдістерін үздіксіз жетілдіріп отыру қажет болады. Бізде қазір 13 миллион коммунист бар. Партияның барлық мүшелерінің ақыл-ойы мен жігерін біртұтас саясатқа жұмылдыру үшін саяси сара жолды әрқашан шебер ұйымдастыру жұмысымен ұштастырып отыру керек. Тек осы жағдайда ғана партия елдің дамуындағы бастаушы және бағыт беруші күш ретіндегі өзінің ролін ойдағыдай атқара алады.

Осыны ескере отырып, біз алдағы уақытта да партиямызды тынбастан нығайтып, төменнен жоғарыра дейін барлық партия ұйымдарының қызметін жақсартып береміз. Біз алдағы уақытта да партиялық ішкі демократияны жетілдіріп, коллективтік басшылық принциптерін нығайта беретін боламыз, партия мүшелерінің инициативасын дамытып, партияның жолын талқылауға, белгілеуге және жүзеге асыруға барлық коммунистердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін, партия қатарының тәртібін нығайту үшін күш саламыз.

Бізде бұл жұмыс үшін мықты негіз бар, ол негіз — демократиялық централизмнің лениндік принципі, партия тұрмысының лениндік нормалары. Бұл нормаларды сақтау — біз үшін бұлжымас заң.

Партияның күші мынада: ол тарихтың әрбір кезеңінде өз қызметіне сын көзімен қарайды және жіберілген қателіктерді іске осы тұрғыдан қарау арқылы түзетіп отырады. Партия алдағы уақытта да барлық коммунистерге қойылатын талапты күшейтіп, сын мен өзара сынды дамыта беретін болады. Өз жолымызда қандай қиыншылықтар мен күрделі мәселелерге кездесек те, соның бәрін ойдағыдай жеңіп шығатынымызға біз кәміл сенеміз.

Партия коммунистік құрылыс кең өрістетген сайын өзінің ролі, халық тағдыры үшін, елдің тағдыры үшін жауапкершілігі арта беретінін жақсы түсінеді. Осыдан барып еліміздің сыртқы және ішкі саясатының аса маңызды мәселелерін талқылайтын партия съездерінің, оның Орталық Комитеті Пленумдарының ролі артуда. Марксизм-ленинизм теориясының асыл қазынасын халқымыз жинаған тәжірибемен ұштастыра отырып, партия өз қызметін үздіксіз жетілдіре береді.

Коммунист деген атақ көп міндеттер жүктейді. Коммунистердің ешқандай артықшылығы жоқ, олардың бір ғана артықшылығы — ортақ іске басқалардан гөрі көбірек үлес қосу, ортақ істің салтанаты үшін басқалардан гөрі көбірек күресу, көбірек еңбектену. Коммунистердің ешқандай ерекше правосы жоқ, олардың правосындағы бір ғана артықшылық — әрқашан алда болу, қай жерде қиынырақ болса, үнемі сол жерден табылу.

Бүгін, Октябрь Отанының екінші елу жылына қадам басқалы тұрып, біздер, коммунистер, алдағы уақытта да өзіміздің барлық білімімізді, күш-жігерімізді, қабілетімізді халыққа, оның мүдделері мен бақыты жолындағы күреске аямай жұмсаймыз деп бар жауапкершілікпен мәлімдейміз.

Біздің партиямыздың аса күрделі, оқиғаларға бай тарихы бар. Егер біз соншалық тар жол, тайғақ кешулерді ойдағыдай жеңіп, барлық сындардан абыроймен өткен болсақ, бұл бәрінен бұрын біздің ең қуатты қаруымызды — маркстік-лениндік ілімді пайдаланғанымыздың арқасы, осы ілімнен айнымай, оны творчестволықпен дамытқанымыздың нәтижесі. Егер біздің партия, бүкіл совет коммунистерінің берік топтасқан зор коллективі бүгінгі күні алдарына қойылған міндеттердің қандайын болса да ойдағыдай орындап жатқан болса, жұмыстың үлкенді-кішілі қай саласында болса да коммунистер өзінің авангардтық ролін абыроймен атқарып жүрген болса, мұның бәрі біздің партиямыздың марксизм-ленинизм рұхында тәрбиеленгенінің, осы ұлы ілімнің идеяларымен қаруланғанының арқасы. Ленинизм біздің партиямыз үшін шын мәнісіндегі жеңіс ғылымына айналды. Біз үшін ол мәңгі-бақи осындай ғылым болып қала береді.

Біздер, коммунистер, маркстік-лениндік ілім ескірді, өз маңызын жойды деген байбаламдардың талайын естідік. Буржуазия идеологтары, реформистер мен ревизионистер, ұсақ буржуазияшыл-алжасқандар: осыдан ондаған жылдар бұрын жасалған теорияны бүгінгі күннің практикалық қызметінде қалайша басшылыққа алуға болады деп кү-

йіп-піседі. Ал біз мұндай сыншыларға бәрі де ол теорияның қандай екеніне байланысты деп жауап қайырамыз.

Иә, дүниені жаңғыртпақ болған талай-талай теориялар мен концепциялардың, тұтас философиялық жүйелердің уақыт сынына шыдай алмай, күлі көкке ұшқанынан, өмірдің өзімен бетпе-бет келгенде абырой-даңқсыз опат болғанынан тарих ондаған және жүздеген мысалдарды біледі. Марксизм-ленинизм ілімін буржуазия мүддесін қорғауға ыңғайлаған арамза бұрмалауымен немесе өмірмен ешқандай байланысы жоқ жүрдім-бардым жалған теориямен ауыстырмақ болғандардың, болып отырғандардың бәрі осының кебін киетіні сөзсіз.

Қоғамдық дамуға ілесе алмайтын, догмаға ғана негізделген теориялар ескіреді. Ал ғылыми коммунизм теориясының тарихи тәрдіры басқа болған, бола бермек те. Марксизм-ленинизмнің күші, оның негізі — нақтылы жағдайға нақтылы талдау жасауды талап ететін революциялық, материалистік диалектикада жатыр. Практикамен, шынайы өмірмен тығыз әрі ұдайы байланыс, шындыққа қатаң ғылыми тұрғыдан қарау — марксизм-ленинизмнің жаны осы. Оның мәңгі жастығының сыры да осында.

Қоғам мен таптық күрес, тарихтың даму заңдары, социалистік революция және социализмді құру жолдары туралы Маркс, Энгельс, Ленин берген барлық білімді біз қоғамдық ойдың ұлы жемісі деп сақтаймыз. Сақтағанда да, ескі-құсқы қараздарды қараған архивариус сияқты емес, білімнің баға жетпес бұл байлығын саяси ісімізге батыл қолдана отырып, бізге жеткен теориялық қазынаны үздіксіз дамытып, молайта отырып, ұлы ілімнің мұрагері ретінде сақтаймыз. Маркстік-лениндік ілімді дамытпай, алға баса алмаймыз.

Марксизм-ленинизм совет халқының идеялық туы болып отыр. Бұл — революциямыздың ұлы жеңісі, коммунизм жеңісінің кілті. Партия әрбір совет адамының марксизм-ленинизмді сенімді компас деп, жұмысқа жөн сілтейтін нақтылы басшылық деп білуін көздейді.

Партиямыздың беделі мен күші, ықпалы — өз өмірін халыққа қалтқысыз қызмет етуге арнаған революционерлер ұрпағының ұшы-қиырсыз еңбегі мен табанды күресінің ұлы қорегіндысы.

Партияның даңқын асырып, мақтанышына айналғандар астыртын жұмыс жүргізген большевиктердің лениндік гвардиясы: Октябрьге, азамат соғысына қатысқандар. Ленинмен бірге олар халықтың бақыты мен бостандығы жолында жауларға қарсы алғашқы айқасқа шығып, социализмнің алғашқы негізін қаласты. Олардың өмірі — ерлік, партияға, революция ісіне қызмет етудің ұлы өнетесі. Октябрьдің 50 жылдығы қарсаңында Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен азамат соғысына белсене қатынасқандардың 128 мыңнан астамы Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. Біз бүгін де айбынды сапта келе жатқан партия ардагерлерін шын жүректен құттықтаймыз.

Партия қатарында Совет мемлекетінің экономикалық қуатын жасасып, Отан соғысының сұрапыл жылдарында қолына қару алып, Октябрь жеңістерін қорғаған коммунистер ұрпағы жемісті еңбек етіп келеді. Аға жолдастарымен коммунистердің жас буыны да бір сапта. Коммунизм идеяларына адал олар әкелер жолымен сеніммен келе жатыр. Өз ісіміздің жеңісіне деген терең сенім, жұмысшы табының, халықтың мүддесіне шексіз берілгендік, күрестегі табандылық сияқты тамаша қасиеттер коммунистердің бір ұрпағынан келесісіне мұра болып келеді.

Коммунистерге, барша совет адамдарына партия беделін сақтап, оның халықпен байланысын нығайтудан, күш-қуатын молайтудан жоғары борыш жоқ.

Совет еңбекшілерінің жауынгер авангарды — Ленин партиясының даңқы арта берсін! Барлық жеңістеріміздің басты кепілі — партия мен халықтың мызғымас бірлігі одан әрі арта түссін!

* * *

Жолдастар! Октябрьдің даңқты жылдығын қарсы ала отырып, бүкіл совет адамдары қол жеткен жеңістерін орынды мақтан етеді. Елімізде Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыс кең көлемде өріс алды. Жаңа заводтар мен фабрикалардың мерзімінен бұрын іске қосылғаны, ғылым мен мәдениет, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің тамаша табыстары туралы хабар жер-жерден түсіп жатыр.

Мерекелік рапорттардың лебізі қуантпай қоймайды. Үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру он бүтін оннан төрт процент өсті. Он айдың жоспарын барлық өнеркәсіп министрліктері мен барлық одақтас республикалар артығымен орындағанын асқан қанағаттанғандық сезіммен атап өтеміз бүгін.

Мерекелі жылы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің табысы да аз болған жоқ. Олар біздің ұлы мерекемізді лайықты қарсы алып отыр.

Биылғы жылдың ауа райының қолайсыздығына қарамастан колхозшылар мен совхоз жұмысшылары жақсы өнім өсіріп, астық сату жоспарын артығымен орындады. Мемлекет үш жарым миллиард пұтқа жуық астық алды. Мал шаруашылығы өнімдерін, картоп, күнбағыс тұқымын, қант қызылшасын, шай жапырағын сатып алудың жоспары да қазірдің өзінде артық орындалды. Мақта, овощ, жеміс және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу да ойдағыдай жүріп жатыр.

Өздеріңізге мәлім, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыста жеңіп шыққан жүздеген кәсіпорындар, ұйымдар, совхоздар мен колхоздар коллективі КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советінің және Кәсіподақтардың Бүкіл одақтық Орталық Советінің Ескерткіш туларымен наградталды. Мерекелік жарыстың даңқты жеңімпаздарын шын жүректен құттықтап, қажырлы еңбегі, шаруашылықтары, ылымдары, мәдениеттегі осы мерекелі жылы қолы жеткен жаңа табыстары үшін барлық еңбеккерлерге зор алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер.

Октябрьдің 50 жылдығы совет халқы үшін ғана емес, сонымен қатар туысқан социалистік елдер халықтары, барлық елдердің коммунистері, бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысы, барша еңбекшілер үшін де мереке болды. Партиямыз бен халқымыздың атынан Совет елінің торқалы тойына қатысып отырған шетелдік достарға мың мәртебе рақмет айтамыз. Сіздердің достығыңыз бен ынтымағыңыз, сіздердің жеңістеріңіз совет халқы үшін коммунизм жолындағы күреске дем береді, дем бере бермек, қымбатты достар, бауырлар. Адамзат прогресі жолындағы күрестің ортақ ісіне туысқан партиялар қосып отырған үлесті біз жоғары бағалаймыз!

Осы мерекелі күндерімізде біздің жауларымыз туралы да айтпай кетуге болмайды. Өйткені, былайша айтқанда, олар да өздерінше Октябрьдің елу жылдығын мерекелеуге өз үлестерін қоспақшы болды. Коммунизмнің жаулары, былайша айтқанда, жан тері шыға еңбек етті. Империалистік насихаттың орасан зор машинасы бар күшімен жұмыс істеді. Ескі Россияның қоқсықтан алынған қалдықтары әрекет етті. Опасыздар мен ренегаттар, империализмнің жалдама агенттері мен оның түрлі елдердегі қол шоқпарлары үн қосып шу көтерді. Алайда біз Советтер елінің ұлы жетістіктерінің, мән-мағынасын ешкім де кеміге алмайтын, біздің істеріміз бен социализм жеңістерінің шынайы мағынасын ешкім де бұрмалай алмайтын заманда өмір сүріп отырмыз. Біздің дұшпандарымыздың күш-әрекеті, олардың жапқан жалалары мен айтқан өтіріктері олардың өздеріне қарсы әрекет ететін болады. Ал Октябрьдің Отаны, жеңген социализм елі барлық езілгендердің үміті мен тірегі, бейбітшілік жолында, халықтардың бостандығы мен бақыты жолында күресіп жатқандардың тірегі болып келді, болып отыр және бола береді де!

Жолдастар! Социализмнің Октябрь көтерген туы бүгінде бүкіл адамзаттың болашағының символы ретінде әлем үстінде желбіреуде.

Совет Одағының Коммунистік партиясы, бүкіл совет халқы Совет мемлекетінің алғашқы елу жылдығының табыстары, дүние жүзілік революциялық қозғалыстың барлық отрядтарының осы уақыттың ішінде қол жеткен табыстары — біздің еліміздің де, басқа елдер халықтарының да одан сайынғы тамаша болашағына бастайтын прологы екендігіне кәміл сенеді. Коммунизм — бүкіл адамзаттың ертеңгі күні!

Бүкіл дүние жүзі еңбекшілері алдында Ленин партиясы былай деп салтанатты түрде мәлімдейді: Совет Одағының коммунистері, ұлы совет халқы өзінің тарихи міндетін орындап шығады — дүние жүзіндегі тұңғыш коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатады!

Адамзат тарихында жаңа заман ашқан Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасасын!

Коммунизмнің құрылысшысы — қаһарман совет халқы жасасын!

Еліміздің халықтарының достығы мен бақытының мызғымас негізі, бейбітшілік пен прогрестің сенімді тірегі Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы, ұлы Ленин партиясы жасасын!

Біздің заманымыздың жеңімпаз революциялық ілімі — марксизм-ленинизм жасасын!

Империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия, социализм жолындағы, ұлттық тәуелсіздік, халықтардың хауіпсіздігі мен бостандығы жолындағы күресте социалистік елдердің, коммунистік партиялардың, халықаралық жұмысшы табының, барлық революцияшыл және прогресшіл күштердің бірлігі нығая берсін!

Коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

(Л. И. Брежнев жолдастың баяндамасы асқан зейінмен тыңдалды және оған қайта-қайта қол шапалақталды. Баяндама аяқталғаннан кейін жұрттың бәрі орнынан тұрды. Овацияға ұласқан ұзақ, ду қол шапалақталды. «Ура!» деген дауыстар естілді).

Совет халқына, Советтік Социалистік Республикалар Одағының барлық еңбекшілеріне

Қымбатты жолдастар!

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен СССР Министрлер Советі жұмысшыларды, колхозшыларды, совет интеллигенциясын, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлерін, Советтік Социалистік Республикалар Одағының барлық еңбекшілерін бүкіл халықтық мейраммен — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығымен қызу құттықтайды.

Осыдан 50 жыл бұрын большевиктік партия бастаған Россия пролетариаты еңбекші шаруалармен одақтаса отырып, Лениннің басшылығымен жеңімпаз социалистік революция жасады, Советтер өкіметін орнатты. Жұмысшы табы заводтар мен фабрикалардың қожасы болды. Шаруалар жер алды. Езілген ұлттар бостандық пен теңправолылық жолына түсті. Революция елді империалистік соғыстан шығарып, оны ұлттық ойраннан аман сақтап қалды.

Октябрьдің жеңісі — дүние жүзілік тарихтағы аса зор бетбұрыс. Бұл жеңіс дүние жүзінің аса ірі елінде социализм орнату үшін жағдай жасады, адамзатты қанаудан, тепкіден құтқаруды бастап берді. Бізбен бірге социализм елдерінің халықтары, туысқан партиялар, халықаралық жұмысшы табы, бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат Октябрьдің даңқты мерекесін атап өтуде.

Октябрь революциясы миллиондаған адамдардың жүрегінде шабыт отын жақты, езілгендер үшін, бостандық жолындағы барлық күрескерлер үшін шамшырақ және үміт болып табылды.

Октябрьдің он күні дүние жүзін дүр сілкіндірді, ал жарты ғасыр дүниені өзгертті.

1917 жылғы октябрьде Советтік Россия бірінші болып социализм жолына түсті. Қазір көптеген мемлекеттер мен халықтар осы жолмен жүріп барады. Социализмнің дүние жүзілік системасы тарихи дамудың қуатты факторы болды.

1917 жылғы октябрьде дүние жүзілік коммунистік қозғалыс жаңа рана туып келе жатты. Бүгін ол — марксизм-ленинизм және пролетарлық интернационализм туы астында күрес жүргізіп жатқан миллиондаған коммунистерді өз қатарында біріктіріп отырған айбынды саяси күш.

1917 жылғы октябрьде дүние жүзінің үлкен бөлегі отаршылдық тепкісінің бұғауына шырмаулы еді. Ұлт-азаттық революцияларының қуатты дауылы ғасырлар бойғы отаршылдық системасын сыпырып әкетті, бұрын құлдықта түскен халықтар ұлттық қайта өркендеу және әлеуметтік прогресс жолына түсті.

1917 жылғы октябрь дүние жүзілік саясатта түбегейлі өзгерістер турғызды. Біздің социалистік мемлекетіміз бейбітшілік туралы лениндік декретпен бастап 50 жыл бойына тепкі мен агрессияның империалистік саясатына қарсы, халықаралық арандатулар мен соғыс авантюраларына қарсы, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұғуға қарсы, бейбіт ынтымақ пен халықаралық хауіпсіздік жолында, халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында дәйекті күрес жүргізіп келеді. Коммунистік партия мен Совет үкіметі елімізде коммунизм орнатуға қажетті бейбіт жағдайларды қамтамасыз ету үшін, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап, баянды ету үшін, социалистік елдердің топтасқандығын нығайту үшін және халықтардың ұлттық, әлеуметтік бостандық жолындағы күресін қолдау үшін не қажеттінің бәрін істеп келеді.

Ленин партиясы, еліміздің жұмысшы табы, совет халқы өзінің революциялық тәжірибесімен еңбекшілердің қандай жол арқылы бостандыққа жете алатынын көрсетіп берді, социализм деген не және еңбекші халыққа ол не береді деген сұраққа іс жүзінде жауап берді.

Елу жыл ішінде Совет Одағы қуатты социалистік державаға айналды, ол коммунистік қоғам орнатып жатыр, ол әлеуметтік прогрестің авангардында келеді. Маркстің, Энгельстің, Лениннің идеялары, партиямыз бен халқымыз алға қойған мақсаттар мен міндеттер ойдағыдай жүзеге асырылуда.

Біз адамның адамды қанауын жоюды мақсат етіп алға қойдық. Және біз бұл мақсатқа жеттік те.

Социализм — еңбекшілердің қоғамы. Бұл қоғамда қанаушылар мен қаналушылар жоқ. Еңбек материалдық әл-ауқаттың бірден-бір қайнар көзі, қоғамның әрбір мүшесінің қасиетті правосы мен ардақты міндеті болып отыр. Тарихта тұңғыш рет жұмысшының еңбегі, шаруаның еңбегі, Адамның еңбегі жоғары қоғамдық қасиет болып танылды.

Біз социалистік өндіріс жасауды мақсат етіп алға қойдық. Біз бұл мақсатқа жеттік те.

Халықтың қаһармандық еңбегі арқасында елімізде жоғары өркендеген қазіргі заманғы индустрия жасалды. Шаруалардың ұсақ шаруашылығының орнына техникамен жарақтандырылған ірі колхоз-совхоз өндірісі ұйымдастырылды. Жоспарлы социалистік экономика жоғары және тұрақты қарқынмен өркендеуде.

Біз ұлт араздығы мен езушілікті жоюды міндет етіп алға қойдық. Және біз бұл міндетті шештік те.

Социализм біздің көп ұлтты Отанымыздың халықтарының туысқандық бірлігін орнықтырды. Дүниеде СССР халықтарының достығынан берік, одан мығым ешнәрсе жоқ. Бұл достық революция мен азамат соғысы жылдарында туды. Бұл достық бесжылдықтардың еңбек майданында нығайып, Ұлы Отан соғысының от-жалынында шыңдалды. СССР халықтарының айнымас туысқандығы — социализмнің аса баралы жеңісі, біздің болашақ жеңістеріміздің кепілі.

Біз «әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — еңбегіне қарай» деген социалистік принципті жүзеге асыруды мақсат етіп алға қойдық. Және біз бұл мақсатты жүзеге асырдық та.

Біздің елімізде жоқшылық пен жұмыссыздық, қанаушылардың арамтамақтығы жойылды. Социалистік өндіріс халық мүдделерінің қызметіне, еңбекшілердің қажетін қанағаттандыру қызметіне қойылды. Еңбек ету және тынығу правосы, тегін білім алу, медициналық қызмет көрсету және пенсиямен қамсыздандыру — советтік өмір салтының ажырамас сипаты. Халықтың материалдық әл-ауқатын ұдайы өрге бастыру — социалистік қоғамның заңы.

Біз халықтың өкімет билігін және халыққа арналған өкіметті бейнелейтін жаңа, социалистік мемлекет, жаңа, социалистік демократия орнатуды міндет етіп алға қойдық. Және біз бұл міндетті орындадық та.

Октябрь туғызған социалистік демократия қалың халық бұқарасын мемлекеттік және қоғамдық істерге араластырды, еңбекші халықтың қабілеттерін, білімін, дарынын қолдану үшін кең өріс ашып берді. Тарихта тұңғыш рет бұқараның саналылығымен және ұйымшылдығымен күшті болып отырған мемлекет құрылды. Өмірді жасаушылар, руда мен көмір шығарушылар, металл балқытушылар, жер жыртушылар, атом мен космос тұңғығының сырын ашушылар, барлық материалдық және рухани байлықтарды жасаушылар өмірдің қожасы болып отыр.

Революция еңбекшілерді жоғары социалистік саналылық рухында тәрбиелеу мақсатын алға қойды. Бүгін біз: елімізде коммунизмнің ұлы ісі жолындағы тамаша күрескерлердің ұрпағы өсті, деп мақтаныш сезімімен айта аламыз.

Социализм надандық пен қараңғылықты жойды, жаппай сауатсыздықты жойды. Білім мен мәдениет халықтың игілігіне айналды. Социалистік идеология қоғамдық сананы дамытудың қуатты творчестволық күші болып табылады. Социалистік мәдениеттің жетістіктері, совет ғылымының табыстары — адамзаттың рухани дамуында алға басқан орасан зор қадам.

Ұлы революцияның елу жылы ұлы халықтың ұлы жолын бейнелейді. Бұл — Октябрь, коммунистер партиясы саналы творчествоға, жаңа өмір орнатуға аттандырылған жұмысшы табының, еңбекші шаруалардың, интеллигенцияның өмірі, еңбегі мен ерлігі.

Ұлы революцияның 50 жылы күрескерлердің, жаңа қоғам құрылысшыларының — Ильичпен бірге біздің партияны құрғандардың, самодержавие мен капитализмнің берік қамалдарына шабуыл жасағандардың, қолына қару алып, Советтердің жас республикасын қорғағандардың, социалистік державаның индустриялық қуатын арттырғандардың, колхоздар мен совхоздарды ұйымдастырғандардың, Ұлы Отан со-

ғысы жылдарында социалистік Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалғандардың, халық шаруашылығын қалпына келтіріп, қазір коммунистік қоғам орнатып жатқандардың даңқты ұрпақтарының сабақтастық байланысын бейнелеп отыр.

Совет адамдарының аса зор жаңқиярлығы мен ержүректігі, революциялық мұраттарға адалдығы, саналы тәртібі бүкіл дүние жүзін сүйсіндіріп отыр.

Социализмнің ұшан-теңіз табыстары үшін заңды мақтаныш сезімін, терең қанағаттанғандық сезімін түйсіне отырып, біздер өткен жолымыздың мейлінше күрделі екенін айқын көріп отырмыз. Партия мен халық барланбаған соны жолдардың қиыншылықтарынан қорықпай, жаңа қоғам орнатты. Біз қатал сындардан өттік, жеңістердің қуанышын да білдік, сондай-ақ уақытша сәтсіздіктер мен қателіктерден тағылым ала отырып, шығындарымыздың ауырлығын да түйсіндік. Қатал сындар кезіндегі сияқты, жеңіс салтанаты күндерінде де халқымыздың ізгі қасиеттері, оның революцияшыл саналылығы мен жаңқиярлығы, пролетарлық интернационализмі, социалистік Отанына, коммунизмнің мұраттарына шексіз берілгендігі мейлінше толық айқындалды.

Қымбатты жолдастар!

Социализм біздің елімізге жаңа өмір берді, азат еңбек бақытын әкелді, мақсатты творчествоның сарқылмас жігерін туғызды. Социалистік құрылыстың экономикалық және әлеуметтік-саяси қорытындылары біздің алдымызда коммунизмге көшудің аса ұлы перспективаларын ашып отыр.

Біз коммунистік қоғам орнату мақсатын алға қойып отырмыз. Біз бұл қоғамды орнатамыз да!

Совет адамдары өзінің еңбегі мен күресі арқылы коммунизмнің мұраттарын өмірдің практикасына айналдыруда. Ленин партиясы өзінің Программасында, XXIII съездің шешімдерінде коммунистік қоғам орнатудың негізгі жолдарын белгіледі. Ұлы Лениннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен халқымыз коммунизмнің жеңісіне қарай сеніммен алға басуда.

Коммунистік қоғам орнату үшін басты экономикалық міндетті — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетін шешу қажет. Ғылым мен техниканың жетістіктерін барынша пайдалану, бүкіл қоғамдық өндірісті индустриялық жолмен өркендету, өндірістің тиімділігін және еңбек өнімділігін арттыру негізінде біз өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының іркілмей өсе беруін қамтамасыз етуге және осының арқасында халықтың тұрмыс дәрежесін одан әрі арттыруға, барлық совет адамдарының материалдық және мәдени қажеттерін барған сайын неғұрлым толық қанағаттандыруға күш салуға тиіспіз.

Коммунистік қоғам орнату үшін социалистік қоғамдық қатынастарды табандылықпен жетілдіре беру қажет: қала мен деревня арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегі қызметкерлерінің арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюға бағытталған шараларды дәйектілікпен жүзеге асыру; ұлттар мен халықтардың бұрынғыдан да тығыз туысқандық ынтымағы мен өзара көмегін қамтамасыз ете отырып, олардың экономикасы мен мәдениетін дамыта беру; жұмысшы табы мен шаруалар одағының саяси негізі мен материалдық базасын, Совет мемлекетін нығайта беру, социалистік демократияны өрістетіп түсу, жоспарлауды, халық шаруашылығын басқаруды жақсартып беру қажет.

Коммунизм орнату үшін қоғамның барлық мүшелерін жоғары саналылық, еңбекке және қоғамдық меншікке коммунистік көзқарас, советтік патриотизм және интернационализм рухында табандылықпен тәрбиелей беру қажет; қоғамдық істерді басқаруға барлық азаматтарды қатыстыру; сын мен өзара сынды өрістетіп, еңбекшілердің ұйымшылдығы мен тәртібін арттыра түсу; социалистік қоғам тұрмысының нормаларын барынша нығайта беру; бос уақытты адамның рухани баюы үшін пайдалану; орта және жоғары білімді жетілдіре беру, ғылыми зерттеулерді мейлінше өрістетіп, әдебиет пен өнердің тәрбиелік ролін арттыра беру қажет.

Біз еліміздің қаһарман жұмысшы табы, ғалымдары, инженерлері мен техниктері, конструкторлары, өнеркәсіптің барлық қызметкерлері бұдан былай да одан сайын техникалық прогресс жолында, экономикалық реформаны іс жүзіне асыру жолында қажымай-талмай күрес жүргізе береді деп сенеміз. Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту, өндірістік жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді толық орындау жолындағы, шикізат пен материалдарды үнемдеу жолындағы жарысты өрістетіп, мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту — мемлекетіміздің экономикалық қуатын одан әрі арттырудың, коммунизм жолымен жедел алға баса берудің аса маңызды шарттары.

Біздің даңқты колхозшы шаруаларымыз, совхоздардың жұмысшылары, ауыл шаруашылығының мамандары мұнан былай да егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін үздіксіз арттыра береді, өнімнің өлшеміне жұмсалатын еңбекті кеміте түседі, өздерінің жұмысында экономикалық көрсеткіштерді табандылықпен жақсартып береді, шаруашылықты шебер және іскерлікпен жүргізе береді деп біз сенім білдіреміз. Астық, ет, сүт және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндірудің арттырылуы, колхоздар мен совхоздар экономикасының нығайтылуы, селодағы тұрмыстың үздіксіз жақсартылуы, бүкіл совет халқының әл-ауқаты осыған байланысты болады.

Біз: ғылым мен мәдениеттің қайраткерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, біздің бүкіл совет интеллигенциясы мұнан былай да халық алдындағы борышын абыроймен орындай береді, өздерінің күші мен білімін коммунистік құрылыстың ұлы ісіне сарп етіп, ғылым мен техниканы табанды түрде дамыта береді, бұқараға мәдениетті жеткізеді, жас өспірім ұрпақты коммунизм рухында тәрбиелеуге көмектеседі деп сенеміз.

Қымбатты совет әйелдері, біз бүгін сөзімізді сіздерге арнаймыз. Ұлы Октябрь жаңа өмірге кең, жарқын жол ашып, сіздердің тағдырыңызды түбегейлі өзгертті. Сіздер жанқиярлық еңбектеріңізбен, балаларды тәрбиелеу жөніндегі қамқорлықтарыңызбен біздің ортақ ісімізге тамаша үлес қосып келесіздер.

Коммунистік партия, Совет мемлекеті еліміздегі әйелдердің творчестволық қабілеттері мен дарынын дамытуға неғұрлым көбірек мүмкіндіктері болуы үшін не қажеттінің бәрін істей береді.

Жігіттер мен қыздар, біздің даңқты совет жастары, сөзіміз сіздерге арналып отыр!

Отанның адал ұлдары мен қыздары, сіздер өздеріңіздің жас жігеріңізді Отанға беріп отырсыздар, аға ұрпақпен бірге фабрикалар мен заводтарда, колхоз, совхоз далаларында жан аямай еңбек етіп жүрсіздер, білімді меңгеріп, космосты игеріп жүрсіздер, жер қойнауының балықтарын ашып отырсыздар. Отанның болашағы — сіздердің қолдарыңызда.

Сіздер Лениннің ұлы ісінің лайықты түрде алға апарушылары боласыздар, Октябрьдің мұраттарын ержүректілікпен қорғайсыздар, егер қажет болса, қолдарыңызға қару алып, социалистік Отанның намысы мен тәуелсіздігін қорғайсыздар деп біз сенеміз.

Совет Армиясы мен Флотының жауынгерлері! Басқа да социалистік елдердің армияларымен бірге сіздер Октябрьдің жеңістерін, социализмнің жеңістерін күзетіп тұрсыздар, халықаралық қауіпсіздік пен жалпыға бірдей бейбітшіліктің күзетінде тұрсыздар. Соғыс техникасы мен қаруын табандылықпен меңгере беріңіздер, өздеріңіздің жауынгерлік және саяси әзірліктеріңізді жетілдіре түсіңіздер, Совет Одағының шекараларын сенімді түрде қорғаңыздар, қырағылықты арттырып, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайта беріңіздер.

Өзінің бейбіт еңбегін даңқты совет Қарулы Күштерінің сенімді түрде қорғап тұрғанына халқымыз берік сеніп отыр.

Жолдастар, жұмысшылар, колхозшылар, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мамандары, мәдениет пен ғылымның қайраткерлері, Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері!

Дамуымыздың елу жылдық жолы — еңбекші халық пен Коммунистік партияның мызғымас бірлігінің мейлінше жарқын айғағы.

Партия халық бұқарасының өз күші жөніндегі санасын оятты, жер бетінде жана, таңдаулы өмір орнату мүмкін екендігіне сенімін туғызды. Бүгін біз: Коммунистік партия күрес жүргізген іс — жұмысшы табының ісі бүкіл халықтың ісі болып отыр деп мақтаныш сезімімен айта аламыз. Совет халқы дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің билік басындағы партиясы ретінде біздің партиямызға зор сенім көрсетіп отыр. Партиямыз бұл сенімді қымбат бағалайды. Партияның халық мүдделерінен басқа ешқандай мүдделері жоқ. Коммунистер әрқашан да біздің ұлы ісіміз жолындағы бүкіл халықтық күрестің авангардында болады деп совет адамдары сенеді. Озық теориямен және аса бай саяси тәжірибемен қаруланған партия коммунизмнің жеңісіне жеткізетін дұрыс бағыт сілтеп отыр.

Ұлы мейрам күндерінде совет халқы шет елдердегі бауырларына шын ықылас-ты алғыс сөздерін арнайды.

Азамат соғысының қиын күндерінде бізбен иық тіресе қатар тұрған интернационалист жауынгерлердің ерліктері біздің есімізде, біз мұны еш уақытта да ұмытпаймыз.

Экономиканы қалпына келтірудің ұмытылмас жылдарында және алғашқы қармандық бесжылдықтар тұсында Отанымызға көрсетілген туысқандық қолдау біздің есімізде, біз мұны еш уақытта да ұмытпаймыз.

Фашизмге қарсы шайқасқан жылдардағы бірлескен күресіміз есімізде, біз мұны еш уақытта да ұмытпаймыз.

Қымбатты шетелдік жолдастарымыз, достарымыз, дүние жүзіндегі тұңғыш социализм еліне деген интернационалдық сезімдеріңіз үшін, сіздердің қалтқысыз және жанқиярлық қолдауларыңыз үшін біз сіздерге жалынды алғыс сезімдерімізді білдіреміз.

Совет халқы ұлы революцияның екінші елу жылдығына қадам баса отырып, коммунизмнің идеяларын, Ұлы Октябрьдің идеяларын жоғары көтеріп келеді! Біз социалистік құрылыстың қол жеткен табыстарына сүйенеміз. Біз марксизм-ленинизмнің мәңгі жасайтын ілімімен қаруланып отырмыз, өмір шындығы біздің жағымызда, біздің күштеріміз сарқылмастай мол. Туысқан социализм елдерінің халықтары, халықаралық коммунистік қозғалыстың, демократия мен ұлт-азаттығының күштері бізбен қол ұстасып, бірге келеді. Түпкі мақсатымызды — коммунистік қоғам орнатуды жүзеге асыратын жолымызда бізді ешкім де, еш нәрсе де тоқтата алмайды.

Совет халқының, әрбір совет адамының еңбекте, оқуда жаңа табыстарға жетуіне, өз өмірінде бақытты болуына, біздің ұлы коммунистік ісіміздің салтанаты жолындағы күресте табыстарға жетуіне тілектеспіз.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасасын!

Біздің сүйікті Отанымыз — Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Туысқан социализм елдері жасасын!

Империализмге қарсы, демократия мен социализм жолындағы күресте барлық революциялық және прогресшіл күштердің бірлігі жасасын!

Бейбітшілік пен халықтар арасындағы достық жасасын!

Жаңа қоғам орнатушы ұлы совет халқы жасасын!

Марксизм-ленинизм туы астында, Коммунистік партияның сыннан өткен басшылығымен коммунизмнің толық жеңісіне қарай алға баса берейік!

НПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ

СССР ЖОҒАРҒЫ
СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ

СССР МИНИСТРЛЕР
СОВЕТІ

4 ноябрь 1967 жыл.

ҰЛЫ ОКТЯБРЬ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫНА ЕЛУ ЖЫЛ

**КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне
кандидат, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
бірінші секретары Д. А. ҚОНАЕВ жолдастың
1967 жылғы 6 ноябрьдегі Қазақстан Компартиясы
Орталық Комитетінің және Қазақ ССР Жоғарғы
Советінің бірлескен салтанатты мәжілісінде
жасаған баяндамасы**

Құрметті жолдастар, достар!

Бүгін біздің бәрімізде үлкен, жарқын мереке.

Бұл — Лениннің ұлы ісі жолындағы жарты ғасырлық күресіміздің қорытындыларын шығаратын ерекше қуанышты және салтанатты мереке!

Бұл — марксизм-ленинизмнің мәңгі жасайтын туын, коммунизмнің туын абыроймен лайықты түрде биік ұстап келе жатқан барлық совет халықтарының достығы мен туысқандығының мерекесі!

Бұл — шет елдердегі барлық достарымыздың, табы бір бауырластарымыздың, әлеуметтік прогресс жолындағы күрескерлердің, барлық қаналғандар мен езілгендердің, әлі де капитал мен отарлық құлдықтың тепкісінде қасірет шегіп отырғандардың бәрінің мерекесі!

Бұл — бүкіл прогресшіл адамзаттың мерекесі!

Бұл — бүкіл дүниені дүр сілкіндіріп қана қоймай, сонымен бірге түбірімен өзгерткен, көптеген халықтар мен елдердің тұрмысын түбірімен өзгертіп, миллиондаған адамдарға көркею мен бақыттың бірден-бір дұрыс жолын нұсқаған Ұлы Октябрь социалистік революциясының мерекесі!

Қымбатты жолдастар, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының және Министрлер Советінің атынан сіздерді және сіздер арқылы орденді Советтік Қазақстанның барлық еңбекшілерін Ұлы Октябрь социалистік революциясының даңқты мерекесімен шын жүректен құттықтауыма рұқсат етіңіздер! (Қол шапалақтау).

Сіздерді жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінің 50 жылдығымен, біздің қуатты, тамаша Отанымыздың — Советтер елінің 50 жылдығымен құттықтауыма рұқсат етіңіздер! (Қол шапалақтау).

Бұл күндерде Ұлы Октябрың жарты ғасырлық мерекесін бүкіл совет халқы, жер шарындағы барлық еңбекші адамдар салтанатпен атап өтуде. Үшінші және төртінші ноябрьде Отанымыздың астанасында — Москвада Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, СССР мен Россия Федерациясы Жоғарғы Советтерінің салтанатты мәжілісі болып өтті. КПСС Орталық Комитетінің бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың баяндамасында совет халқының елімізде Ленин идеяларының салтанат құруы жолындағы асқан зор ерлік күресінің қорытындылары жасалды.

Бұл мәжіліс коммунистердің және еліміздегі барлық еңбекшілер өкілдерінің, Лениннің ісі жолындағы күрестегі шетелдік серіктеріміздің, барлық континенттердегі адал ниетті күллі адамдардың жүрек тебіранткен жарқын форумы болды.

Брежнев жолдастың баяндамасын, туысқан республикалар өкілдерінің, дүние жүзіндегі 95 елден келген коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің сөздерін тыңдағанда Кремльдің Съездер сарайының залында қатысып отырғандардың әрқайсысы-ақ ұлы совет халқын, оның Коммунистік партиясын, біздің елімізде және бүкіл дүние жүзінде өткен жарты ғасырдың ішінде істелген орасан зор істерді мақтан етіп қуанған сезімге бөленді.

Москвадағы салтанат совет халқына деген сүйіспеншілік пен ризашылықтың ғажал жарқын демонстрациясына, Коммунистік партияға және оның лениндік Орталық Комитетіне, біздің советтік ұлы Отанымызға және Совет үкіметіне деген шексіз адалдықтың демонстрациясына ұласты. (Қол шапалақтау).

Жолдастар! Октябрыдің әрбір жылдығы — даңқты да ерлік жолымыздағы жаңа кезең, коммунистік мұраттардың жолындағы күрестегі жаңа белес. Алайда, Октябрыдің биылғы жылдығы — ерекше мереке. Біз Совет мемлекетінің 50 жылдық торқалы тойын атап өтіп отырмыз. Біз бүгін қоғамдық дамудың жаңа жолын салудағы барлаушы және авангард болған өзінің құрметті әрі игілікті ролін совет халқының абыроймен орындағанын және орындап келе жатқанын мақтаныш етуге толық негізіміз бар. Басқа ешкім де емес, нақ совет халқы барлық заман мен барлық халықтардың озық ойлы адамдарының ең батыл арманын бірінші болып нақты өмір шындығына айналдырды. Бұрын мешеуліктің, қайыршылық пен мәдениетсіздіктің бейнесі болған ел енді жаңартып, қуатты да жеңілмейтін елге айналды.

Тарихта көптеген революция болды, алайда олардың бірде-бірі өзінің маңызы мен нәтижесі жөнінде Октябрь революциясымен теңесе алмайды. Өйткені, дүние жүзілік тарихтағы бірде-бір оқиға халықтардың өмірінің негізіне дәл Ұлы Октябрь социалистік революциясындай күшті әсер ете алмады, адамзаттың дамуының бүкіл барысына дәл Ұлы Октябрь социалистік революциясындай қуатты, жаңартқыш әсер ете алмады.

Осы өзінің мазмұны жөнінде пролетарлық тұңғыш жеңімпаз революция мұнымен қатар мейлінше халықтық революция болды. Бұл — жоғарыдан жасалған төңкеріс емес, озық маркстік-лениндік партия басқарған, қанаудан әбден азап шеккен еңбекші халық күресінің ең жоғары көрінісі еді, капиталдың жан төзгісіз телкісіне бұқараның қуатты наразылығының көрінісі еді.

Помещиктер мен буржуазия және оның ішінде біздің далалық өлкедегі патшаның төрелері арыл-тегіл мол байлыққа кенеліп, жатып-ішер бейқам өмір кешкенде миллиондаған еңбеккерлер — жұмысшылар мен шаруалар адам айтқысыз қайыршылық өмір сүріп, азап шекті. В. И. Ленин елдегі бүкіл халықтың 80 проценті болған орыс деревнясының революцияға дейінгі жағдайына сипаттама бере келіп, былай деп жазған еді: шаруалар қайыршылық дәрежеге дейін жеткізілді: ол малмен бірге жатты, шоқпыт киіп, алабота жеді! Шаруалар үнемі ашаршылыққа ұшырап, аштық пен жұқпалы аурудан он мыңдап қырылып жатты...

Жәбір-жапа шеккен мужық, ең соңғы күшін бойына жинап, ауыр жоқшылыққа, табиғаттың жінәмшылдығына, аштық пен суыққа қарсы жападан-жалғыз күресті. 1911 жылы 30 миллион шаруа аштыққа ұшырады, көптеген деревняларда шаруалар семьясының тең жартысына жуығы аштан қырылды.

Жұмысшылардың жағдайы да оңып тұрған жоқ еді. 1917 жылға дейін Россияда аса терең әлеуметтік қақтығыс әбден шиеленісті: пролетариат қайыршылық пен правосыздыққа, шаруалар жерсіздік пен борыш бұғауына, аз ұлттар қанау мен мешеулікке ұшырады, империалистік соғысқа дұшпар болған халықтың басына қисапсыз көп қасірет түсті. Міне, осы бітіспес проблемаларды тек революция ғана шеше алатын еді.

Сөйтіп, міне, азаттық сараты соқты. Ұлы Октябрыдің тазартушы дауылы елді шарлап өтіп, қанау мен тепкі құрылысын қиратып, сыпырып тастады, еңбекші халықтың өкіметін, Советтер өкіметін жариялады.

Жұмысшы табы ескі, қанаушы қоғамның көрін қазушының және жаңа социалистік құрылысты орнатушының тарихи міндетін атқарды. Жұмысшы табы ең кедей шаруалармен одақтасып, құлдық бұғауын лақтырып тастады да, бұған дейін ешкім білмейтін жаңа жолмен берік қадаммен алға басты. Ұлы Октябрь Россияда империализмнің майданын бұзып, тарихта тұңғыш рет пролетариат диктатурасын орнатты. Мемлекеттің жаңа тұрпаты — советтік социалистік мемлекет, демократияның жаңа тұрпаты — барлық еңбекшілердің демократиясы құрылды. Совет адамдары қанаушылар құрылысын құлатып, ішкі контрреволюция мен шетел интервенттерінен шын мәнісіндегі халықтық өкіметті қорғап қалып, социализм орнатуға кірісті.

Елу жылдықтың шыңынан өзіміздің өткен жолымызды шолып және ұғына отырып біздер, жаңа дүниені тұңғыш ашушылар, өз Отанымыз үшін, Ұлы Октябрь тұтандырған социализм шамшырағын планета үстінде биік көтерген халқымыз үшін аса зор қанағаттанғандық пен патриоттық мақтаныш сезіміне бөленіп отырмыз.

Біздер үшін лениншіл-большевиктердің, Октябрь мен азамат соғысы батырларының, сол бір алыс, қиын, романтикаға толы революциялық жылдарда социализмнің жеңісі жолында, социалистік жас Отанның қуатын нығайту жолында күрескендердің бәрінің жарқын бейнесі әрдайым қасиетті болып қала береді.

Біздер, совет адамдары, кескілескен таптық шайқастарда және табанды еңбек үстінде не болған даңқты жетістіктерімізді орынды мақтан ете отырып, біздің бастаушымыз — Коммунистік партияға аса зор алыс пен шексіз сүйіспеншілік сезімін білдіре-

міз. 1917 жылғы октябрьдегі революцияның жеңісі — лениндік партияның шын мәнісіндегі тарихи ерлігі, оның аса зор теориялық, саяси және ұйымдастыру қызметінің нәтижесі. Ленин құрған, баулып, тәрбиелеген біздің партия Радищев пен декабристерден, Чернышевский мен Париж Коммунасының батырларынан бастап революционерлердің бұрынғы ұрпақтары жинақтаған адалдықты, терең ойшылдықты, ержүректілік пен жанқиярлықтың бәрін өз бойына сіңірді.

Советтер елінің барлық табыстары Маркс-Энгельс ісін алға апарушы ұлы Лениннің есімімен тығыз байланысты. Ленин — данышпан ойшыл және өмірді өзгертуші, революцияның теоретигі, стратегі және тактигі. Ол Россияның көсемі болып қана қоймай, сонымен бірге халықаралық жұмысшы табының да көсемі, бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілердің көсемі болды. Оның сөйлеген сөздерінен халық жүрегінің соғуы сезіледі, ал шығармаларының әрбір бетінен әлеуметтік азаттыққа барынша талпынған езілген бұқараның үні естіледі. Сондықтан бүгін таңда да біздің заманымызға арнаған Ленин үніне біз алғыс сезімімен құлақ қойып отырамыз. Лениннің мәңгі жасайтын идеялары дүниені әлеуметтік өзгерту жолында қимыл жасап отырған адамдардың үсті-үстіне жаңа ұрпақтарын жігерлендіруде.

Октябрьдің жарты ғасырлық мерекесін атай отырып, біз бүкіл өмір бойы халықтан үйренген және халықты өмір даналығына үйреткен көсемімізге үсті-үстіне қызу сүйіспеншілік пен сүйсінген сезімімізді білдіріп отырмыз. Көсемнің ойлары мен істері заман құдіретіне тәуелді емес, ол ғасырлар бойы жасай береді.

Ленин мен партия біртұтас. Ақын былай деп дұрыс айтқан:

Ленин десек —

партия дегеніміз,

Партия десек —

Ленин тұрады есте.

В. И. Ленин экономикалық құрылыстың, еліміздің бүкіл шаруашылығын жоспарлы социалистік негізде қайта құрудың, халықтың тұрмыс дәрежесі мен мәдениетін өрге бастырудың жан-жақты программасын талдап жасап берді. Ленин мен партия жаңа қоғам орнату жолында совет халқының алдында тұрған міндеттерді шешудің бірден-бір дұрыс жолы — елді индустрияландыру, ауыл шаруашылығын кооперативтендіру және мәдени революция жасау жоспарын ойдағыдай жүзеге асыру деп білді.

Лениннің нұсқаған жоспарлары неше қилы авантюристер мен даурықпашыларға, сенімсіздер мен тізе бүккіштерге қарсы, троцкистерге, оншыл оппортунистерге, ұлтшыл-уклонистерге қарсы және ленинизмге дұшпан, бас сауғалап қалған буржуазияның қалдықтары мен халықаралық контрреволюцияға арқа сүйеген басқа да топтарға қарсы шиеленіскен күресте жүзеге асырылды. Біздің идеялық дұшпандарымыз бізге бір елде социализм орнату идеяларынан бас тартуды және іс жүзінде қайтадан капитализм жолына түсуді ұсынды. Партия мұндай тізе бүккіштік ұсыныстарды аулақ тастады. Бізге социализм идеяларының сөзсіз сәтсіздікке ұшырап, беделден жұрдай болуына әкеліп соқтыратын неше қилы әсіре революцияшылық жоспарларды ұсынды. Партия авантюристік бұл саясатты да серпіп тастады. Партия халықты социализм орнатудың лениндік жолымен сенімді түрде берік алға бастады.

Біздің алғашқы қадамдарымыз адам айтқысыз қиын болды. Ел шегіне жете күйзелген еді. 1914 жылдан 1920 жылға дейін Россия майдандарда қаза тапқаны, ашаршылықтан, аурулардан және мүгедектігінен өлгені бар 19 миллионға жуық еңбекке қабілетті адамнан айрылғанын есте тұту керек. Кәсіпорындар тоқтап қалды, я болмаса қуатының тең жартысы немесе төрттен бірі мөлшерінде жұмыс істеді. Транспорт құлдырады, шикізат болмады, қалалар отынсыз қалды. Елді сұмдық ашаршылық пен жоқшылық жайлады.

Сөйтсе де Ленинге, большевиктер партиясына шексіз берілген біздің халқымыз барлық қайраты мен күшін жинап, Россияны қайта құруға жігермен кірісті.

Жас Совет республикасының алғашқы қадамдарының өзі-ақ капитал елдеріндегі үстемдік етушілердің ершелене жала жапқан өшпенділігін, ал барлық адал ниетті адамдардың қатты сүйсініп, тілектес болған сезімін тұтызды.

Француз халқының аса көрнекті перзенті Анатоль Франс 1923 жылы қатты сүйсініп мынадай сөздер айтты: «Егер Европада әділет достары әлі де бар болса, олар осыншама ғасырлардан кейін дүниеге халық басқаратын және халыққа арналған өкіметтің алғашқы істерін әкелген бұл революцияның алдында құрметпен бас июге тиіс».

Құтырына өшіккен империалистер социализмнің жеңімпаз шеруін тоқтатуға тырысып алас ұрды. Бірақ олар дәрменсіз болып шықты.

Асқан ұлы революциялық қайта құрылыстардың нәтижесінде ескі Россия келмеске кетті, жаңа, социалистік Россия туды. Елде барлық қанаушы таптар жойылды. Жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция біртұтас және ұйымдасқан қоғам құрды. Олардың мүдделерінің ортақтығы совет халқының мызғымайтын берік идеялық-саяси және моральдық бірлігіне негіз болды. Осы мызғымайтын берік бірлік біздің жарты ғасырлық бүкіл тарихымыздың өн бойында алдымызға өмір қойған барлық ең қиын және күрделі міндеттерді ойдағыдай шешуге көмектесіп отырды.

50 жылдың ішінде Советтер Елі талай 100 жылдарға тең жолдан, күрес пен жеңістердің ұлы жолынан өтті. Мұның өзі помещиктік-капиталистік құрылыстан қанауды білмейтін қоғамға өткен; еңбекшілердің саяси правосыздығынан — социалистік демократияға; халықтардың ұлттық қаналуынан — олардың бостандығы мен теңдігіне, достығы мен туысқандығына жеткен; техника-экономикалық мешеуліктен — қазіргі заманғы индустрияға және механикаландырылған коллективтік ауыл шаруашылығына жеткен; сауатсыздықтан — халықтық білімнің, ғылым мен мәдениеттің бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өсуіне жеткен жол болды.

Біздің елде социализм толық және біржола жеңді, Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы жүргізген революциялық қайта құру қызметінің басты қорытындысы, міне, осы. **(Қол шапалақтау)**. Жаңа тұрмыс жолындағы күрестің жарты ғасырлық жолы кейінде қалған қазіргі кезде біз дүние жүзінің еңбекшілеріне, бүкіл адамзатқа мақтан еткен сезіммен былай дей аламыз: совет халқының тұтас ұрпақтары бергерге еңбек етіп, шайқасқан жоқ! Біз жеңіп шықтық, біздің жеңісіміздің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар. **(Қол шапалақтау)**.

Социалистік қоғам тұрмысының қай саласын — экономикалық, әлеуметтік, саяси немесе рухани саласын алсаңыз да — олардың әрқайсысында-ақ өткен жарты ғасырдың ішінде орасан зор табыстарға қол жетті.

Бір кезде патша өкіметінің өктем билігінің бұғауы матап тастаған, алдыңғы қатарлы капиталистік елдерден жүз жыл артта қалған Россия небары елу жыл ішінде өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі жөнінде дүние жүзінде екінші орынға шықты, ал экономиканың, ғылым мен техниканың кейбір аса маңызды салаларында дүние жүзіндегі ең өркендеген елдерді артта қалдырды; соның өзінде бұл уақыттың 20 жылдайы өзін күштеп киліктірген соғысқа және қираған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруге жұмсалды. Шынында да, Ұлы Октябрь тарихты локомотив шапшандығымен алға зымырата бастаған жаңа дәуірді ашып берді.

50 жыл... Адам өмірімен салыстырғанда да мұның өзі онша ұзақ мерзім емес. Ал қоғамдық даму тарихында — мұның өзі өте аз уақыт.

Совет халқы ерлігінің ұлылығын, «советтік кереметтің» ұлылығын неғұрлым айқын түсіну үшін Англияның индустриялы елге айналуына үш ғасырдан аса, ал Франция мен Америка Құрама Штаттарына — екі жүз жылдан аса уақыт керек болғанын еске салайық.

Совет Одағының космостық тұңғыш державаға және дүние жүзіндегі индустриялы екінші елге айналуы үшін елу жылдан да аз уақыт керек болды. **(Қол шапалақтау)**. Совет өкіметінің таңы атып келе жатқанда Владимир Ильич арман еткен шын мәнісіндегі қуатты және молшылықты Рүсь нақты шындыққа айналды. Сонымен қатар біздің халқымыз бұған сырттан ешқандай көмек алмайынша, өз күшіне сүйене отырып қана ие болды.

Біз мұхиттың ар жағындағы бай ағайға бас иіп барған жоқпыз. Швейцария мен Француз банкітерінің есігін қаққан жоқпыз. Советтер елінде істелгеннің бәрі — біздің жұмысшылардың, шаруалардың және интеллигенцияның қолымен істелді. **(Қол шапалақтау)**.

Біздің халқымызға белбеуді қысып бууға, жалаң аяқ, жалаңаш жүруге, таршылық, жоқшылық жылдарын бастан кешіруге, көптеген басқа да қатал сындарға шыдап, мыңдаран кедергілерді жоюға тура келді. Сөйтіп, дүние жүзілік капитализмнің тілеуін кесіп, біз көптеген адамдар үшін қол жеткізбейтін қиял сияқты көрінгенді жүзеге асырдық. Тарих мәселені былай қойды: не құрып кету керек, не бар екпінмен алға зымырап, алдыңғы қатарлы елдерді қуып жету керек және оларды басып озу керек. Ленин мәселені осылай қойды. **(Қол шапалақтау)**.

Біздің халқымыз лениндік жолмен алға басты. «Жасау, жасау, жасау!» — халқымыздың ұранына айналды. Халқымыз елімізге металл мен бетон жамылдырды, оны электр оттарының сәулесімен нұрландырды, жолдар төсеп, жаңа қалалар салып берді. Сөйтіп біздің еліміз ғасырлық мешеулік бұғауынан арылып, дүние жүзілік цивилизацияның алдыңғы сапына шықты.

Жолдастар, біздің советтік ұлттық мақтанышымыз осы! (Қол шапалақтау).

Лениннің өсиеттеріне шын берілген жұмысшылар, шаруалар, еңбекші интеллигенция, қызыл әскерлер, жігіттер мен қыздар, ерлер мен әйелдер, аға ұрпақ күрескерлер бүкіл дүние жүзілік-тарихи ерлік жасады. Социализмді бірінші ашушылардың, бірінші орнатушылардың қаһармандық істерін адамзат мәңгі есте сақтайды! Олардың даңқы ешқашан да өшпейді, олардың еңбектегі және жауынгерлік істері ешқашан да ұмытылмайды! (Қол шапалақтау).

Біздің еліміз социализм орнатып, аса маңызды экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешті.

Совет Одағында шын мәніндегі техникалық революция жасалды. Қазір Октябрьдің Отаны — аса қуатты индустриялы держава. Егер 1913 жылы Россия дүние жүзіндегі өнеркәсіп өнімінің төрт проценттен сәл ғана астамын өндірсе, 1966 жылы дүние жүзіндегі өнеркәсіп өнімінің бестен біріне жуығы СССР-дің үлесіне тиді.

Өнеркәсібіміздің жалпы өнімі мерекелі 1967 жылы 1913 жылғымен салыстырғанда 71 есе, ал өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру — 166 есе артты. Еліміз жылына 100 миллион тоннадан аса болат балқыту дәрежесіне жетті. Совет Одағы электрі және химиялы елге, осы заманғы машиналар жасау және автоматика еліне, дүние жүзінде өндірісі мейлінше күшті шоғырланған елге айналды. Қазіргі уақытта советтің индустриясы ең күрделі деген өндірістік және техникалық міндеттерді шешіп, халық шаруашылығының басқа да барлық салаларының түрлі жабдықтар, шикізат, отын, энергия жөніндегі қажеттерін қамтамасыз ете алады.

Ауыл шаруашылығы ірі, күшті механикаландырылған салаға айналды. 1966 жылы колхоздар мен совхоздардың энергиямен жарақтануы революцияға дейінгі Россиядағы шаруалардың иелігіндегі шаруашылықтардан 16 есе асып түсті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы мөлшері 1913 жылғымен салыстырғанда 2,8 есе көбейді, ал соның өзінде бізде ауыл шаруашылығында жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің саны екі еседен астам кеміді.

Елде күрделі құрылыс бұрын болып көрмеген дәрежеде кеңінен қанат жайды. Совет мемлекетінің 50 жылы ішінде халық шаруашылығына 650 миллиард сомға жуық қаржы жұмсалды.

Осы уақыттың ішінде халқымыз түрлі интервенцияға, соғыстарға, күйзеліске қарамастан, сарқылмас творчестволық жігер көрсетіп, 40 000 ірі өнеркәсіп орындарын салды және қайтадан қалпына келтірді, 61 мың километрден астам темір жолдар, 400 мың километрге жуық тас жолдар, 77 мың километрге жуық магистралдық мұнай және газ құбырларын салды. Революциядан кейін мыңнан астам жаңа қала пайда болды.

Өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, темір жол транспортына жұмсалған күрделі қаржының абсолютті мөлшері жөнінде Совет Одағы қазіргі уақытта Америка Құрама Штаттарынан асып түсті және дүние жүзінде оған тең келетін бірде-бір ел жоқ. Бұл біздің бойымызда тек мақтаныш сезімін туғызып қана қоймай, ол сонымен қатар қоғамымыздың ең басты экономикалық міндетін — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетін ойдағыдай шешіп келе жатқанымызға және оны міндетті түрде сөзсіз шешетінімізге сенім туғызады!

Партияның ғылыми негізделген басшылығы нәтижесінде біздің елімізде: барлық еңбекке қабілетті адамның жұмыс істеуі, ғылым мен техниканың жоғары қарқынмен дамуы, экономиканың ешқандай дағдарыссыз үнемі өркендеуі іс жүзінде қамтамасыз етілді. Социализм совет адамының ертеңгі күніне деген сенімін туғызды: енді оларға жұмыссыздық, озбырлық пен қайыршылық хауіп төнбейді. Бұл, жолдастар, Совет өкіметінің, біздің партиямыздың, бүкіл халқымыздың ең маңызды жеңістерінің бірі! (Қол шапалақтау).

Өндірістің және ұлттық табыстың жоғары қарқынмен өсуі совет адамдарының материалдық ел-ауқаты мен мәдениетін арттыру үшін берік база жасады. Партия өзінің туына «Бәрі — адамның игілігі үшін, адам үшін!» деген ұран жазды, ол қазіргі уақытта совет адамдары үшін табиғи әрі әдеттегі іске айналған еңбек пен тынығуға, тегін оқуға, медициналық қызмет көрсету және пенсиямен қамсыздандыруға деген ұлы правоны нақтылы қамтамасыз етті.

Советтік өмір шындығына тән нәрсе халықтың барлық топтарының тұрмыс дәрежесі үнемі артуы болып отыр: Совет өкіметі тұсында жұмысшылар мен шаруалардың нақтылы табысы бірнеше есе артты. Осының нәтижесінде біздің адамдар неғұрлым жақсы тамақтанып, әдемі киінетін болды, олардың рухани тұрмысы да байып, сан алуан түрлі бола бастады. Елімізде тұрғын үй құрылысы орасан зор кө-

лемде жүргізілуде. 1950 жылдан 1966 жылға дейінгі кезең ішінде ғана 155 миллион адам жаңа үйлерден пәтер алды немесе өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартты.

Біз совет халқының әл-ауқатының өсуі туралы айтқан уақытта, көптеген капиталистік елдерде, оның ішінде Америка Құрама Штаттарында еңбекшілер бұқарасының жағдайы үнемі нашарлап бара жатқанын да көріп отырмыз. Мұны, атап айтқанда, Американың өз басшыларының мойындаулары да мейлінше айқын көрсетіп отыр. Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Губерт Хэмфри өзінің «Кедейлікке қарсы соғыс» деген кітабында былай деп жазды: «Біз бай деп жүрген Америкада 35 миллионнан астам адам ресми кедейлік жағдайда тұруда, сөйтіп әрбір бес американың ішінде біреуі... кедейлікте, азап пен қорлықта тұрады». «Мұның бұдан да күйінішті бір жері сол, — деп мойындады бұдан кейін Г. Хэмфри, — бұл цифрға біздің ұлтымыздың алтыдан бір бөлігі — 20 миллионға жуық бала қосылды, өйткені олардың ата-аналары балаларына жеткілікті тамақ тауып бере алмайды, оларды тиісінше қиындіріп, балаларының қажетті медициналық және тіс емдеу жөнінде көмек алуын қамтамасыз ете алмай келеді».

Көріп отырсыздар, бұл өте ерекше мойындау.

Бұл қазіргі капиталистік өмір шындығының тіпті де толық көрінісі емес, мұнда бір жақта ауқаттылар шектен шыққан сән-салтанатқа бөленсе, екінші жақта халық бұқарасының материалдық жағдайы барған сайын құлдылап нашарлауда.

КПСС Орталық Комитетінің 1967 жылғы сентябрь Пленумында халқымыздың тұрмыс дәрежесін арттыру жөнінде қабылданған жаңа шаралар халықтың көптеген тобының әл-ауқатын бұрынғыдан да арттыруға мүмкіндік береді, өйткені бұл шаралар ондаған миллион адамның мүддесіне қатысты болып отыр. Еліміздің еңбекшілері бұл шараларды Коммунистік партия совет халқының тұрмыс дәрежесін арттыруға түбегейлі қамқорлық жасап келе жатқандығының тағы бір жаңа дәлелі ретінде қабылдады.

Октябрь революциясы мен СССР-де социализмнің жеңуі тек экономикада ғана түбірлі өзгерістер жасап қоймай, адамдардың психологиясы мен санасында да терең өзгерістер туғызды... «Адамдар бір-біріне сүйсінетін, әрбір адам екінші адамның алдында жұлдыздай жарқырайтын уақыт болатынын да білемін». Горькийдің осы асыл сөздері біздің есімізде. Революцияның дауылпазы арман еткен адамдар қазір біздің қасымызда жүр. Бұлар — біздің замандастарымыз. Октябрь штурмының дауылында дүниеге жаңа адам келді, — ол социалистік құрылыстың барысында қара басының қамын ойлаған мешандық пиғылдан әбден арылған адам. Адам өмірді өзгертті, ал өмір адамды өзгертті.

Бүгін таңда совет адамы күрескер әрі революционер, интернационалист әрі саналы еңбеккер, өз тағдырының және өз елінің шын мәніндегі қожасы болып отыр.

Осы жаңа адамның тууы — Октябьдің ең басты жеңісі. **(Қол шапалақтау).**

Социалистік мемлекеттің орнығуы мен дамуының тарихы совет халқының коммунизм мұраттарына шексіз берілуінің аса жарқын мысалдарына толы. Біздің қаһарман жолымыздың барлық кезеңінде — пролетарлық диктатураны орнату жолындағы күресте де, индустриаландырудың барысында да, ауыл шаруашылығын коллективтендіруде де, мәдени революцияны жүзеге асыруда да, азамат және Ұлы Отан соғыстарының шайқастарында да, соғыстан кейінгі бейбіт құрылыста да — халқымыз қаһарман халық, еңбеккер халық, жасампаз халық болып отырды.

Біздің еліміз, халқымыз, совет құрылысы дүние жүзілік екінші соғыс жылдарында ерекше ауыр сынға төтеп берді. Мұның өзі дүние жүзілік агрессияшыл империализмнің екпінді күштеріне қарсы социализмнің шайқасы болды. Бұл шайқаста социализм гитлершіл Германияны күйрете талқандап қана қойған жоқ, сонымен бірге бүкіл дүние жүзілік империализмді аса күшті жеңдіске ұшыратты. Бұл соғыстың нәтижелері дүние жүзінде советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысты жоя алатындай ешбір күш жоқ екенін сенімді көрсетті. Бұл қорытындылар — империалистік агрессорларға жасалған қаһарлы ескерту, олар үшін тарихи қатал сабақ.

Біздің космос кеңістігін бағындырудағы теңдесі жоқ табыстарымыз совет халқының қуаттылығының жаңа мысалы болды. Советтің ғалымдары мен инженерлерінің тарихта тұңғыш рет Шолпанға ғылыми лабораторияны қондыруы және космос аппараттарын орбитада дүние жүзіндегі тұңғыш рет автоматты түйістіруі сияқты дәуірлік маңызы бар оқиғаларды жүзеге асыру Ұлы Октябьдің 50 жылдығына тамаша тарту болды. **(Қол шапалақтау).**

Октябьдің батырларынан Днепрогэстің, Брестің және Сталинградтың батырларына дейін, Братск мен Маңқыстаудың ерлеріне дейін — совет адамдарының бар-

лық ұрпақтарының еңбектегі бұрын болып көрмеген қажырлылығы, жауға қарсы ұрыстардағы ерлігі мен табандылығы — қанау мен езгіден құтылған халық айбындылық пен батырлықтың кереметін жасай алатынын бүкіл дүние жүзіне дәлелдеп берді. Міне, сондықтан да, біз бүгін таңда былай деп салтанатты түрде жарияладық: жеңімпаз халық, коммунизмнің қажырлы құрылысшысы, еңбекшілердің бостандығы, бейбітшілігі және бақыты жолындағы ержүрек күрескер — ұлы совет халқының даңқы арта берсін! (Ду қол шапалақтау).

Жолдастар! Бүгін жаңарған Қазақстан жерінде де ұлы мейрам. Қазақ халқы республиканың барлық еңбекшілерімен бірге өзінің ұлы бақытқа бөленгенін — Октябрь таңын дүние жүзінде алғашқылардың бірі қатарында қарсы алып, жаңа өмір орната алғанын сезімтал ізгі жүрегімен сезіп отыр. Отанымыз үшін қуанышты күндерде де, қиын күндерде де қазақ халқы лениндік идеяларға әрдайым қалтқысыз сеніп, партия белгілеген жолмен дәйектілікпен алға басып отырды. Сөйтіп бүгін, даңқты мереке күні, біз, қазақ халқының ұлдары мен қыздары, Қазақстанның барлық еңбекшілері, былай деп айта аламыз: иә, барлық совет адамдары сияқты, біз үшін де мұның өзі ұлы істерді жүзеге асыру жолы болды.

Отанымыздың биікке самғауы, совет экономикасы мен мәдениетінің жедел қарқынмен өрге басуы сонымен бірге коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға елеулі және барған сайын неғұрлым мол үлес қосып отырған Советтік Қазақстанның да қуатты самғауы болды.

Осы салтанатты күні Қазақстанның коммунистері мен барлық еңбекшілері еліміздегі революциялық қозғалыс пен социалистік құрылыстың тарихына жазған даңқты беттерін еске түсіру өте орынды. Осында, Қазақстан жерінде, революциялық, жауынгерлік және еңбектің көптеген тамаша дәстүрлері қалыптасты. Мұнда орыс жұмысшысы мен шаруасының мал өсірген кедей қазақпен арадағы туысқандық достығы нығайды. Қаналған қазақ бұқарасы пролетарлық ынтымақтың және таптық ортақ жауға қарсы бірлескен күрестің заңдарын орыс туысқандарынан үйренді.

Жұртқа мәлім, Ұлы Октябрь социалистік революциясы қарсаңында Қазақстан патшалық Россияның неғұрлым мешеу шет аймақтарының бірі болды. Тағылық заңдар мен әдеттер халықтың қасиетін кемсітіп, оның творчестволық күштері мен рухани мүмкіндіктерін тежеп тастады. Сөйтсе де, тарихтың доңғалағы ілгері баса берді. Сол кезде мұнда қалыптасқан жардайдың неғұрлым көзге түсерлік көріністері, бір жағынан, отаршылдық және әлеуметтік езгі, дәулетсіз халық бұқарасының басынша қайыршылануы, өндіргіш күштердің зор қиыншылықпен баяу өркендеуі болса, ал екінші жағынан, капиталистік қоғамға дейінгі бұл қатынастардың ыдырауы, жергілікті пролетариат түрінде әлеуметтік-қоғамдық жаңа күштің пайда болуы, ұлы орыс халқымен экономикалық және мәдени байланыстар жасалуы және бұл байланыстардың өлкедегі еңбекшілер бұқарасын Россиядағы жұмысшы табының революциялық күресіне қамтуға көмектесуі болды. Дүние жүзілік революциялық дауылдардың орталығы Россияға ауысып, Ленин бастаған большевиктер партиясы капиталға қарсы күрес аренасына шыққан кезден бастап бұл күрес ерекше өріс алды.

Коммунистердің «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұлы ұраны, Лениннің, большевиктер партиясының идеялары тамаша тұқымдай игі топыраққа себіліп жатты. Қаншалықты мешеу болғанымен, қазақ өлкесі, Россияның осы құрамды бөлегі, социалистік революция үшін жетілді. Бүкіл еліміздегі сияқты, мұнда да социалистік революция қоғамдық-экономикалық және саяси дамудың заңды нәтижесі болды, мұның өзі, кейбір буржуазиялық жазушысымақтар осы уақытқа дейін жалақорлықпен айтып жүргеніндей, мұнда тыс жерден тіпті де әкелінген жоқ.

Адамзат тарихында жаңа дәуірдің басталғанын хабарлаған «Аврораның» залпы Петроградта ғана естіліп қойған жоқ, оның күркіреген күшті жанғырығы Қазақстанның ұлан-байтақ жерін де шарлап өтті. Оған қазақ еңбекшілерінің ақыл-ойы мен жүрек сезімі мейлінше үн қосты. Елдің орталығында Октябрь жеңгеннен кейін Совет өкіметі Қазақстанның барлық қалаларын, селоларын және ауылдарын жеңімпаз қадаммен шарлап өтті.

Октябрь социалистік революциясы — Отанымыздың барлық халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да тағдырындағы аса зор тарихи бетбұрыс. Бұл революция әлеуметтік және ұлттық тепкіден толық азат ету туы астында, интернационализм туы астында жасалды.

1917 жылғы ноябрде қабылданған «Россия халықтары праволарының Декларациясында» Совет өкіметінің ұлт саясатының негіздері салтанатты түрде жарияланды. Россия халықтарына советтік ұлттық мемлекеттер құруға право берілді.

1918 жылы Орта Азия территориясын, соның ішінде Қазақстанның оңтүстік аудандарының да территориясын біріктірген Түркістан Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы құрылды. Бұл республиканың құрылуының орасан зор ішкі маңызы болып қана қоймай, сонымен қатар орасан зор халықаралық маңызы да болды.

В. И. Ленин Қазақстандағы социалистік құрылыс жағдайларының мейлінше әр алуан екенін жан-жақты ескеріп отырды. Қазақстан еңбекшілері Совет өкіметінің жеңісі жолындағы, оны баянды ету жолындағы күресте, шетелдік интервенттер мен ақгвардияшыларды талқандауда Владимир Ильичтен, партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметінен ұдайы көмек және қолдау алып отырды. Әскер, қару-жарақ, жабдық, киім-кешек жөнінде, азық-түлік және әскери, партиялық, саяси қызметкерлер жөнінде көрсетіліп келген көмек қазақ халқының тағдырында аса маңызды роль атқарды.

Партия мен Совет мемлекетінің көптеген көрнекті қайраткерлері В. И. Лениннің нұсқауы мен ақыл-кеңесі бойынша Қазақстанда социалистік революцияның жеңістерін қорғауды ұйымдастыру, лениндік ұлт саясатын жүзеге асыру ісіне тікелей қатысты. Орыс жұмысшы табы, орыс халқы біздің өлкемізде Совет өкіметі үшін күрес жүргізген жауынгерлердің Михаил Васильевич Фрунзе, Валериан Владимирович Куйбышев, Сергей Миронович Киров, Василий Иванович Чапаев, Дмитрий Фурманов, Ян Эрнестович Рудзутак, Емельян Ярославский сияқты саңлақтарын және басқа да сан мыңдаған өрендерін туғызды.

Қазақ халқының таңдаулы перзенттері — Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов және басқа да көптеген өрендері революцияның жеңісі жолында жанқиярлықпен күресті.

Еңбекші халық алдынан жаңа өмірге кеңінен есік ашып берген революция мен азамат соғысының қаһармандарына деген перзенттік алғыс сезімі біздің жүрегімізде мәңгі жасайды. Бұлардың көбі қаза тапты, бірақ олардың есімдерін жақсылықтың қадірін білетін ұрпақтары ешқашан да ұмытпайды. Олардың жарқын есімін орындарыңыздан тұрып еске түсіруді өтінемін.

Партия мен үкімет 1917—1922 жылдарда Совет өкіметін орнату жолындағы күресте неғұрлым көзге түскендердің — Октябрь революциясына белсене қатысушылардың, қарт большевиктердің, бұрынғы қызыл гвардияшылардың, Қызыл Армия мен Флоттың жауынгерлері мен командирлерінің, қызыл партизандардың, партия, совет, кәсіподақ және комсомол органдарының, революциялық комитеттердің, бүкіл одақтық төтенше комиссия мен милиция қызметкерлерінің, ерекше міндет атқаратын бөлімшелер, азық-түлік отрядтары жауынгерлерінің және басқа да адамдардың еңбегін жоғары бағалап, Ұлы Октябрінің 50 жылдығына байланысты 128 мың адамды, оның ішінде Қазақстанда тұратын үш жарым мыңға жуық адамды наградтады.

Салтанатты мәжіліске қатысушылардың бәрінің атынан наградталған ардагерлерді шын жүректен құттықтап, олардың сау-сәлемет болуына тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер! (Қол шапалақтау).

Жолдастар! В. И. Лениннің басшылығымен және оның жеке өзінің қатысуымен 1920 жылғы октябрьде Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы құрылды. Бұл республика қазақ халқының бүкіл көп ғасырлық тарихындағы тұңғыш біртұтас орталықтандырылған мемлекеттік құрылым болды.

Республикамызда Владимир Ильич мейлінше зейін қоя көңіл бөлмеген халық шаруашылығының бірде-бір саласы, мәдени құрылыстың бірде-бір учаскесі жоқ. Владимир Ильич Орал — Ембі мұнайлы ауданын, Риддерді, Екібастұзды қалпына келтіруге, жаңа темір жолдар салуға, алғашқы аграрлық өзгерістерді жасауға, суландыру жұмыстарына, азық-түлік мәселесін ойдағыдай шешуге, ұлт кадрларын даярлауға зор көмек көрсетіп отырды. Лениннің жолдамасымен Питер жұмысшылары еліміздегі тұңғыш коллективтік шаруашылықты — коммуналарды ұйымдастыру үшін 1918 жылы Шығыс Қазақстанға келді.

1922 жылғы декабрьде Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы — совет халықтарының, соның ішінде қазақ халқының өміріндегі аса маңызды кезең, бұл одақ еліміздегі барлық халықтардың ұлы орыс халқына деген сенімінің берік негізінде, халықтар арасындағы достық пен туысқандық негізінде орнады. Ерікті республикалардың дәл осы мызғымас ұлы одағы бір ұрпақ өмірінің өзінде бұрынғы езілген халықтардың әлеуметтік, техникалық және мәдени прогрестің асқар биік шыңдарына жетуін қамтамасыз етті.

Ертектегідей бай және қайталанбас әсем қазақ жеріндегі жасампаздықтың ұлы суреттерін көрсе, Ленин, оның серіктері, Совет өкіметі жолында күрескен, біздің уақытымызға дейін өмір сүре алмай кеткен күрескерлердің бәрі қандай қуанар еді! (Қол шапалақтау).

Осы ұлы әрі қарапайым адам — Владимир Ильич Лениннің қазақ халқының бақыты үшін істеген барлық жақсылығын алғысқор қазақ халқы еш уақытта да ұмытпайды. (Қол шапалақтау). Отан-анамыздың ражап табыстары, Ұлы Октябрьдің жеңісінің мәуелі жемісі күн сәулелі Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі гүлденіп-көркеюден айқын көрініп отыр.

Республикамызда таң шапағын бірінші болып Шығыс Қазақстан облысының еңбекшілері қарсы алады. Таңғажайып әдемі табиғаты бар осы өлке осыдан жарты ғасыр бұрын аю мекендеген жер аталатын еді. Жан түршігерлік жоқшылық, жаппай дерлік сауатсыздық, мәдениетсіздік, жолдардың жоқтығы — міне, сол кездегі Шығыс Қазақстанға тән сипаттар осындай еді.

Қазір бұл өлке — республикамыздың асыл алқасы, «Дүние жүзінде бірінші рет», «СССР-де бірінші рет» деген атақ беруге болатын көптеген техникалық жаңалықтардың отаны. Электр энергиясының тасқыны осы жерден басталды. Бұл — еліміздің түсті металлургиясының орталығы. Мұнда кен өндіру және металлургия индустриясының алыштары пайда болды, кен машиналарының, электр конденсаторларының, автоматика приборларының жаңа үлгілері жасалуда.

Қазір Шығыс Қазақстан облысындағы мұғалімдердің саны бұдан жарты ғасыр бұрынғы мектеп оқушыларының санынан да көп. Енді мұнда жоғары білім туралы диплом алуға, ғылыми диссертация қорғауға да болады.

Ұлы Октябрьге дейін революционерлерді, прогресшіл көзқарастағы адамдарды жер аударатын орынға айналған Семейдің Ертіс өңірі де гүлденіп өркендеді. Жүрек тебіrentкен, бір жағынан даналыққа толы, ал екінші жағынан санамен сарғайған өлең жазған ұлы Абайдың туған жері жасара түсті. Совет өкіметі тұсында Семей заводтар мен фабрикалар, жоғары оқу орындары мен техникумдар қаласына айналды. Енді ол республикамыздың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің аса маңызды орталығына айналды.

Бір кездерде Всеволод Иванов, ақын Павел Васильев жоқшылық жайлаған өлке болды деп күрсіне отырып жазған Павлодар өңірінің ұлан-байтақ жазығын енді мүлде танымай қаласың. Қазір бұл — қолдан жасалған алып құрылыстар өлкесі. Мұнда трактор заводы, химия комбинаты, аса қуатты Ермак мемлекеттік аймақтық электр станциясы сияқты индустрия алыштары еңсесін көтеріп тұр. Мұнда еліміздегі ең ірі Екібастұз алып көмір разрезі салынуда, жақында алюминий заводы өзінің жобадағы қуатына жетеді. Павлодар жерінде Тілеген-су жөніндегі ежелгі аңыз қайта тірілді. Халық қазірдің өзінде өмір арнасы деп атап жүрген ұзындығы бес жүз километрлік Ертіс — Қарағанды каналы, міне, осы арадан басталады.

Бізге совет халқының жасампаздық және қайта жаңартушылық қуаты ерекше жарқырап көрінген облыс та бар. Бұл — Қарағанды. Совет өкіметі тұсында Орталық Қазақстанда орасан зор өзгерістер болғаны соншалық, енді оны тіпті космостан да байқауға болады. Бұл облыс еліміздің үшінші көмір қоймасына айналды, ол бізге көптеген мыс береді, шойын, болат, прокат, химия және басқа салалардың өнімін өндіру жөніндегі ірі орталыққа айналып келеді. Жан баспаған шөл далада осы заманғы үлкен қалалар бой түзеді, темір жол және тас жолдар төселді. Қарағанды еліміздің аса маңызды экономикалық ауданы болды.

Қазір игерілген тың өлкесі, ал тіпті таяудағы уақытта ғана мыңдаған көшпенділер өлкесі болған Целиноград өлкесі бұл күндерде мол астығымен және басқа да көптеген байлықтарымен данққа бөленді. Бұл облыста тұрмысқа қолайлы жағдайлар жасалған жүздеген совхоз поселкелері пайда болды, поселкелердің тұрғындары үшін су құбыры, телефон, радио, электр жарығы, телевизия, ас үйдегі көгілдір от қазірдің өзінде үйреншікті игілікке айналған.

Бөкшетау өңірін халқымыз айрықша еркелетіп «жер шоқтығы» деп атайды. Бұл күндерде облыс ондаған миллион пұт баданадай алтын бидайымен және бүкіл елімізге данқы жайылған дертке дауа жұпар ауалы сауықтыру орындарымен мәлім болып отыр. Мұнда еліміздің мыңдаған еңбеккерлері шипа тауып, денсаулығын түзеп қайтады.

Солтүстік Қазақстан облысы астық пен сүтті, ет пен ет консервілерін мол өндіруде. Ойлап қаранышы: бұл өлкенің тек мүйіз бен тұяқ жинайтын, тайынша мен қой терісін жинайтын өлке болғаны күні көше ғана емес пе еді. Ал енді Петропавл өнеркәсіп

орындарының таңбасы дүние жүзінің рыноктарында кеңінен мәлім болды. Осы қалалардағы заводтардың өнімін Европадағы, Азиядағы, Африка мен Америкадағы көптеген елдерден кездестіруге болады.

Қостанайдың бозды даласы ғажайып құпиясын тек совет жылдарында ғана ашты. Мұндағы жер қойнауына табиғат аңызда айтылатын қазыналы құмыраны тығып қойған сияқты: оның қойнауынан асбест пен боксит, темір рудасы мен сирек кездесетін металдар, көмір мен отқа төзімді балшықтар және басқа да көптеген қазыналар табылды. Ал енді игерілген тыңның шексіз де шетсіз теңіздей толқыған астығы арасынан кен өндіретін алыптар бой түзеуде. Мол астық пен мол руда — бүгінгі Қостанайдың ең басты тартуы. Қостанай бұл өнімді Қазақстанда басқалардың бәрінен де көп беруде!

Алматы облысы — Жетісу өлкесі — керуен жолы аталған жерде жатыр. Жетісу алтын астық алқабы, қызылша мен жүгері плантациялары, жомарт бау-бақшалары мен жүзімдіктері, фабрикалары мен заводтары тұнып тұрған өлкеге айналды. Қазақстанның астанасы — машина жасаушылар мен тоқымашылар қаласы, студенттер мен ғалымдар қаласы, сәулетшілер мен суретшілер қаласы, бау-бақша қаласы, кісі жұпар аңқыған ару қала — Алматы, міне, осында қоныс тепкен. (Қол шапалақтау).

Жамбыл облысы — республика қант өнеркәсібінің аса ірі базасы және үлкен химияның маңызды орталығы. Біздің әкелеріміз бен аталарымыз Қаратау қырқаларының сілемдерінде өз отаулары тігілген жердің қойнауында ілуде бір кездесетін «құнарлылық тасының» кен қабаттары жатқанын, адамдар осы байлықты игеріп, оны халық игілігіне пайдаланатын заман келетінін ойлады ма десеңізші!

Қорғасын, цемент, экскаваторлар, пресс-автоматтар, фосфор қосындылары, мақта, қарақұл елтірісі, жеміс, овощ, шипа өсімдіктер — Шымкент облысында өндірілетін өнімдердің тіпті де толық емес тізімі, міне, осылар. Еске түсірейік, бұл өлкенің құлазыған шөл дала болып жатқанынан бері көп уақыт өтті ме?

Қызылорда облысы Қазақстанның басты күріш егістігіне айналды. Қазір оның жерінде еліміздегі барлық күріш плантацияларының бестен бір бөлегі орналасқан. Мұнда халық академигі Ыбырай Жақаев, оның ізбасарлары бұрын болып көрмеген мол өнім өсіріп жүр. Мұнда картон, аяқ киім және басқа да көптеген өнімдер өндіріледі. (Қол шапалақтау).

Ақтөбе ферросплав, бағалы химиялық өнімдер, рентген аппараттарын, геологиялық барлау және мал фермалары үшін жабдықтар өндіретін ірі аймақ. Бұл — тарының өнімділігі жөнінде дүние жүзілік рекорд туған өлке, бұл рекордты жасаған қазақ халқының лайықты перзенті — Шығанақ Берсиев еді. (Қол шапалақтау).

Мұнай мұнаралары, химия объектілері, мұнай және газ құбырының қалың жүйесі — қазіргі Гурьев облысына тән айрықша бейне болып отыр. Маңғыстауды, Үстірт жазығын, Волга — Орал өзендерінің аралығын игеру, облыстың жер қойнауында терең орналасқан қара алтын мен көгілдір отын қазыпасын алу үшін өте көптеген аса берік болат керек және одан да берік адамның күш-жігері керек.

Республиканың батыс шетінде Орал облысы орналасқан. Мұнда, бүкіл Қазақстан жеріндегі сияқты керемет өзгерістер болды. Облыстың жыртылған даласы соңғы жылдардың ішінде Европа мен Азия шебіндегі астықты және мал шаруашылығының ірі ауданына айналды.

Ал енді бүтіндей Қазақстанды көзбен шолып өтейік.

Бүгінгі Қазақстан — суверенді социалистік мемлекет, ғылымы мен мәдениеті жоғары дәрежелі, қуатты индустриялы-аграрлы республика, мұнда барлық материалдық және рухани игіліктер — халық меншігі.

Бүгінгі Қазақстан — еліміздегі түсті металлургияның, көмір өнеркәсібінің, астық шаруашылығының және мал шаруашылығының аса маңызды базасы. Өнеркәсіптің жалпы өнімі жөнінде елімізде үшінші орын, қорғасын өндіру жөнінде Одақта бірінші орын, мыс, мырыш, жүн өндіру жөнінде — екінші орын, көмір, электр энергиясын, астық, ет өндіру жөнінде — үшінші орын — еліміздің халық шаруашылығының жалпы балансында Қазақстанның үлесі, міне, осындай. (Ду қол шапалақтау).

Қазақстан — біршама жақында ғана керосинді, шегені және тағаны басқа жақтан жеткізіп келген өлке — қазір өз өнімін дүние жүзінің 70-тен аса еліне шығарады. (Қол шапалақтау).

Осы фактілер мен цифрларға терең зер салып, ойланғанында, осы советтік 50 жылдың қаншалықты көп оқиғаларға толы болғанын, біз осы уақыттың ішінде қандай аса зор жолдан өткенімізді, Ұлы Октябрь халық арасындағы қандай қуатты күштерді оятқанын айқын түсінесің!

Қазақстанның қол жеткені — партияның индустрияландыру жөнінде ұстаған барытын жүзеге асырудың нәтижесі. Жұртқа мәлім, Октябрь революциясына дейін Қазақстан өнеркәсібінің өркендеуі мардымсыз еді. Біз іс жүзінде қайла мен қол арбадан, ұршық пен шоттан бастадық, сөйтіп социалистік индустрияның алыптарын салуға жетіп отырмыз. Қазір республикада 24 мыңнан аса өнеркәсіп орны, оның ішінде екі мыңнан аса ірі кәсіпоры бар. Бізде техниканың ең соңғы жетістігі негізінде жабдықталған кен өндіру өнеркәсібі, қара және түсті металлургия, көмір, мұнай, химия және машина жасау өнеркәсібі, қуатты энергетика, жеңіл және тамақ индустриясы кәсіпорындарының кең жүйесі құрылды.

Өскемендегі қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбайдағы кен-байыту, Балқаш пен Жезқазғандағы кен-металлургия, Қаратаудағы кен-химия, Семей мен Петропавлдағы ет консервілері, Жамбылдағы аяқ киім комбинаттары, Шымкенттегі қорғасын және фосфор тұздарының заводтары, Ақтөбедегі хром қосындыларының заводы, Гурьевтегі полиэтилен заводы, Алматыдағы ауыр машина жасау заводы сияқты және басқа көптеген алып кәсіпорындар қазір Қазақстанның индустриялық бейнесін белгілеп отыр. Жаңа ірі өнеркәсіп орталықтары, жаңа қалалар мен поселкелер, жаңа темір және тас жолдары — осының бәрі республиканың бейнесін мықтан өзгертті. Қазақстан қазір таңқалған адамзат алдында мүлде жаңа сапасын көрсетіп отыр. (Ду қол шапалақтау).

Басқа да ұлттық республикалар сияқты Қазақстанның да әлеуметтік дамуындағы аса ірі жетістік — жұмысшы табының, әсіресе, ұлт кадрларының қалыптасқаны. Сөйтіп, халықтың таптық құрылымындағы елеулі айырмашылық жойылды; мұның өзі ұлттардың іс жүзіндегі теңдігінің өте маңызды өлшемдерінің бірі және бұлардың бірлігінің негізі екені мәлім. Егер 1926 жылы Қазақстанның халық шаруашылығында барлығы 169,8 мың адам ғана жұмыс істеген болса, 1966 жылы — 4 197 мың адам жұмыс істеді, оның ішінде өнеркәсіпте 830 мыңнан аса, құрылыста — 400 мыңдай және ауыл шаруашылығында — бір миллионнан аса адам жұмыс істеді.

Міне, сондықтан да, жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуы қазақ халқының алдыңғы қатарлы социалистік ұлт болып топтасуымен қатар, социализмнің Қазақстандағы жеңісінің асқан ұлы қорытындылары қатарына жатады.

Бүгін біз Қазақстан жұмысшы табы өкілдерінің, азамат соғысының от жалынында қалалар мен ауылдарда Советтер өкіметін орнатқандардың, бейбіт еңбек майданында Гиддерді өрге бастырып, Қарағандыны ашқандардың, Турксибті, Қазақстанның өнеркәсіп алыптарын салғандардың орасан зор еңбегін шын жүректен алғыс айтып атап көрсетеміз. Қазақстан жұмысшы табының Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарындағы, соғыстан кейінгі бесжылдықтар тұсындағы даңқты еңбегі Отан-ана алдындағы қасиетті борышты орындаудың мәңгі жасайтын үлгісі болады. Қазақстанның тарихына, Отанымыздың тарихына даңқты жұмысшы гвардиясы қатарында болған мыңдаған адамдардың есімдері алтын әріптермен жазылды!

Еліміздің барлық жұмысшы табымен бірлесе отырып, коммунизм орнату жолындағы күреске орасан зор үлес қосып келе жатқан республикамыздың қаһарман жұмысшы табына шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. (Ду қол шапалақтау).

Қазақстанның жеткен табыстары — лениндік кооперативтік жоспар негізінде ауыл шаруашылығын коллективтендіруге барыт алған партияның жолын жүзеге асырудың нәтижесі. Мұның өзі пролетариат өкіметті өз қолына алғаннан кейінгі ең күрделі және қиын міндет болды. Ұсақ жеке меншіктің ғасырлар бойына қалыптасқан әдеттерінен арылу, біздің советтік принцип салтанат құруына: «Жолдастық ынтымақ пен социалистік өзара көмек» деген советтік принцип орнығуына күш салу қажет болды. Партияның ол жылдардағы таңдаулы кадрлары, жұмысшы табының өкілдері — жиырма бес мыңшылар, село активистері, кейде басын өлімге тіккен тәуекелдікпен, ал кейде, тіпті, жанын пида етіп, партия қойған міндетті абыроймен орындады.

Қазақ аулында коллективтендірумен бірге көшпелі халық қоныстануда болды. Осы тарихи процестің барысында ауыл-деревняның бір миллионнан астам шаруашылықтары колхоздарға бірікті, мұның өзі, істің шын мәніне келгенде, қазақ халқының өміріндегі екінші революция болды.

Совет өкіметі тұсында Қазақстанның ауыл шаруашылығы мықтап алға басты. Тың және тыңайған жерлердің игерілгені бұл істе орасан зор роль атқарды. Село еңбеккерлері қысқа уақыттың ішінде туысқан республикалардың көмектесуімен елсіз жатқан 25 миллион гектардан аса жерлерді көтеріп игерді. Қазақстанның егіс көлемі 1913 жылғы 4,1 миллион гектардан 1967 жылы 30 миллион гектардай болды. Тыңды бағындырушылардың еңбектегі ерлігі советтік заманның ең жарқын беттерінің

бірі болып, оның тарихына мәңгі енді. Қазақстан қазір еліміздің астықты ең ірі аймақтарының бірі болып отыр.

Республиканың совхоздары мен колхоздары ауа райы қолайсыз жылдар бірнеше рет қайталанғанына қарамастан соңғы он екі жылдың ішінде жыл сайын орта есеппен 616 миллион пұт астық сатты. Ал осы жылдар ішінде біз мемлекетке барлығы 7 миллиард 400 миллион пұт Қазақстан астығын бердік. Мал шаруашылығында да сапа өзгерістері болды. Мал саны көбеюде, қойдың саны 35 миллионға, ірі қараның саны 5 миллионнан астамға жетті. Қазақстанның бүкіл тарихында мал саны мұншама болып көрген жоқ. Мал шаруашылығының товарлығы да мықтап артты. Мақтадан, қант қызылшасынан, овоц пен басқа да дақылдардан мол өнім жиналуда. Республика елімізде күріш өндіретін ірі аймаққа айналды.

Бір кездерде жер өңдеудің басты құралы болған тіс ағаш, соқа және ағаш тырма ұмытылды, олар тек көрініс үшін музейлерге ғана қойылған. Қазір Қазақстанның совхоздары мен колхоздарының және басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының егіс даласында 189 мың трактор, 97 мыңға жуық комбайн, 104 мың жүк автомашинасы жұмыс істейді. Совхоздар мен колхоздар бір жылда 1,6 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын тұтынады. Бұл — Днепрогэс өндіретін энергия мөлшерімен бара-бар десе де болғандай. Мал шаруашылығындағы еңбек те интенсификацияландырылды, жерді суару және мелиорациялау, жайылымдарды суландыру, химияландыру, топырақтың жел эрозиясына ұшырауына қарсы күресу жөнінде үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Осы шын мәніндегі барлық тамапта табыстар — біздің партиямыздың лениндік сара жолын, КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март және май Пленумдары, партиямыздың XXIII съезі белгілеген барытты дәйектілікпен жүзеге асырудың нәтижесі.

Коллективтендіру, ауыл шаруашылығы өндірісін қазіргі заманның техникасын қолдануға көшіру, социализм орнату жылдары және капиталистік дүниедегі тұрмыс укладынан мүлдем өзгеше біздің советтік тұрмыс-салтымыз — осының барлығы село еңбеккерлерінің психологиясын түбірімен өзгертті. Ол коллектившілге, өз тұрмысының иесіне және оны орнатушыға айналды.

Бүгін, барлық еңбек адамдарының тамаша мейрамы күні, біз колхоз құрылысының ардагерлерін, село коммунистерін, деревня мен ауылды революциялық жолмен қайта өзгертудің орасан зор ауыртпалығын өз мойнымен көтергендердің бәрін айрықша жылы лебізбен, зор құрметпен ардақтаймыз. (Қол шапалақтау).

Қазіргі уақытта республиканың село еңбеккерлері Совет мемлекетінде азық-түлік өнімдерінің молшылығы болуы жолында орасан зор өрлеумен күресуде. Біз бүгінгі жарқын күні былай дейміз:

Социалистік егіс далалары мен Қазақстанның фермаларының еңбеккерлеріне — коммунизмнің белсенді құрылысшыларына бас иіп, тағзым етеміз! (Ду қол шапалақтау).

Республика еңбекшілерінің қол жеткен табыстары — сондай-ақ Қазақстандағы мәдени революция жеңістерінің де нәтижесі. Лениннің сөзімен айтқанда, халық бұқарасы «мәдениет, жарық, білім жөнінде тоналған» кездегімен, революциядан бұрынғысымен салыстырғанда мәдени құрылыс саласындағы табыстарымыз ұшан-теңіз, шынында да қазақтар революциядан бұрын түгелдей дерлік сауатсыз еді, ауылдағылар университет, институт, академия, театр, кітапхана дегеннің не екенін білмейтін.

Ұлы Октябрь қазақ халқына мәдениеттің барлық игіліктерін әкелді, оның рухани өмірін өлшеусіз байытты. Партия мен Совет мемлекеті өткендегінің маскаралық мұрасын — халықтың жаппай дерлік сауатсыздығын жою жөнінде нағыз жігерлі шаралар қолданды. Істің шын мәнінде Қазақстанда советтік орта және жоғары мектеп, ғылым мен мәдениет жаңадан пайда болды. Октябрь қазақ тілін қайта өркендетті, оның қоғамдық қызметін орасан ұлғайтты.

Демократиялық мәдениетке, оның прогресшіл дәстүрлеріне ұқыптылықпен қараудың лениндік принциптері, ұлт мәдениетін дамыту жөніндегі сергектік пен байсалдылық, халық дарындыларын қолдау тамаша жемістерін берді. Қазақ халқының алдынан адамзаттың рухани байлықтарына шексіз жол ашылды. Халық творчествосы жаңа мазмұнмен байытылды, ұлт театры, симфониялық және камералық музыка, скульптура мен живопись пайда болды. Қазақстанның социалистік мәдениетінің таңдаулы шығармаларын жалпы жұрт танып, бүкіл одақтық және дүние жүзілік аренаға шықты.

Ұлттық совет интеллигенциясының және әсіресе техникалық интеллигенцияның көп мың адамдық отрядын жасақтау жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді. Сусыз шөлде құдық қалай сирек кездесетін болса, білімді адам да сондай сирек кездесетін өлкеде халықтың өз ішінен сан мыңдаран педагог, дәрігер, инженер, агроном, ғалым, жазушы, суретші, композитор өсіп, жетілді. Республикадағы жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандардың саны 545 мың адамға жеткенін айтсақ, соның өзі де жеткілікті. Бізде 20 мыңнан астам ғылыми қызметкер бар. Жоғары оқу орындары мен техникумдарда 356 мыңнан астам адам, ал мектептерде үш миллионға жуық балалар оқып жүр. Социализмнің ұлы өзгертуші күшінің, лениндік ұлт саясаты салтанатының нағыз жарқын айғағы осы емес пе! **(Қол шапалақтау).**

Октябрьден кейінгі дәуір — совет адамының ақыл-парасаты мен дарынының аса зор гүлденген шағы. Біздің совет интеллигенциясының творчестволық ой-пікірінің шарықтауына бүкіл дүние жүзі сүйсініп отыр. Сондықтан ғалым мен инженердің, мұғалім мен дәрігердің, жазушы мен артистің, суретші мен журналистің есімі халықтың зор құрметі мен сыйына бөленіп отырғаны тегін емес. Олардың күнбе-күнгі ізгі еңбегі совет адамдарына білім жарығын әкелуде, олардың планетамыздағы Октябрь революциясы идеяларының жеңімпаз шеруін, біздің ұлы коммунистік ерлік істерімізді неғұрлым толық және терең сезініп, айқын ұғынуына көмектесуде.

Бүгін коммунистік құрылыс ісіне зор үлес қосып отырған даңқты интеллигенциямызға шын жүректен ықыласты алғыс айтуыма, Ұлы Отанымыздың игілігі үшін жаңа творчестволық табыстарға жетуіне тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер! **(Ду қол шапалақтау).**

СССР-дің туысқан халықтарының семьясында, тең ұлттар арасындағы терезесі тең, суверенді қазақ социалистік ұлтының құрылуы — әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени қайта өзгерістердің аса маңызды қорытындысы. Еліміздегі барлық ұлттар мен халықтардың Совет өкіметін орнату жолындағы, социализмнің жеңісі жолындағы бірлескен күресі тарихта бұрын көз көрмеген социалистік туысқандықты баянды етті.

Лениндік дана ұлт саясатының жемістері Ұлы Отан соғысының қиын жылдарында айрықша күшпен көрінді. СССР халықтарының достығы гитлершіл басқыншылардың жолында мызғымас, берік қамал боп қарсы тұрды, барлық сындардан мүдірмей өтіп, онан сайын нығайды. Қазақ халқының ұлдары мен қыздары, қазақстандық жауынгерлер орыстармен, украиндармен, белорустармен, СССР-дің барлық халықтарының өкілдерімен қол ұстасып, Москва іргесінде, Сталинград окоптарында, Курск түбіндегі ұрыстарда, Днепрді кешіп өткенде, жаудың тылында және Европаны азат еткенде мың төрт жүз он жеті күн мен түн бойына қаһармандық шайқас жүргізді.

Даңқты Қарулы Күштеріміз бен еңбек армиясының қатарында Қазақстанның 1 миллион 870 мың өкілі, немесе республикамыздың әрбір төртінші тұрғыны, 82 мыңнан астам коммунист, немесе бүкіл Қазақстан партия ұйымының үштен екісі, 250 мыңға жуық комсомолец, немесе бүкіл комсомол ұйымының 70 проценті Отан соғысының майдандарында жаумен шайқасқанын біз бүгін ерекше мақтанып сезімімен атап өтеміз.

Бресті қорғаушылардың қатарында Қазақстаннан барған үш мыңдай жауынгер болды, олар теңдесі жоқ қаһармандық, көз көрмеген табандылық көрсетті. Отанымыздың астанасы — Москваны қорғаған күндерде генерал-майор И. В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы Ұлы Отан соғысы тарихында өшпес беттер жазды. Даңқы жайылған 150-атқыштар дивизиясында қызмет еткен қазақстандық жауынгерлер рейхстагқа тіке шабуыл жасап, оның күмбезіне жеңіс туын тікті. Қазақстанның ұлдары мен қыздарынан жүздеген мың орденділер, 500-ге жуық Совет Одағының Батырлары шықты. **(Қол шапалақтау).**

Сорғыс күндерінде Советтік Қазақстан Отанымыздың аса маңызды арсеналдарының біріне айналды. Көмір шығару және электр энергиясын өндіру соғыстан бұрынғы кезеңмен салыстырғанда екі еседей арттырылды. Қазақ ССР-і майданның қажеттері үшін, жеңіс ісі үшін көптеген марганец, мыс, молибден, висмут, мырыш пен қорғасын беріп тұрды. «Правда» газетінің атап көрсеткеніндей, Советтік Қазақстан «өз жерінің барлық байлықтарымен, өз тауларының барлық қазыналарымен майданның қуатты тірегі болып тұрды. Қазақ халқы, Қазақстанның барлық еңбекшілері Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің Отан алдындағы патриоттық борышын ақырына дейін орындады.

Олардың ерліктері ғасырлар бойы мәңгі жасайды! Солдаттың ауыр жолымен талай жерлерді адымдап өткендердің, ұлы жеңісіміздің игілігі үшін тылда жан аямай еңбек

еткендердің, сүйікті Отанымыздың бостандығы, намысы мен тәуелсіздігі жолында өмірін пайда еткендердің мәңгі өшпес ерлігі еш уақытта да жадымыздан кетпейді. **(Қол шапалақтау).**

Республика еңбекшілерінің жалпы жұрт таныған айбынды басшысы — Қазақстан Коммунистік партиясы Октябрь революциясының жеңістерін баянды ету жолындағы, социализмнің салтанаты жолындағы күресте өсіп, ержетті.

Қазақстан Коммунистік партиясы социалистік құрылыс процесінде 1917 жылғы октябрьде құрамында 500 адамы болған шағын отрядтан қазіргі жарты миллион адамдық партия ұйымына — КПСС-тің ірі, құрыштай берік, айбынды отрядына айналды.

Социализм мен коммунизм орнатудың барысында өсіп, шыныққан және бай тәжірибеге молыққан Қазақстан Коммунистік партиясы КПСС-тің лениндік Орталық Комитетінің басшылығымен жұмыс істеп, республиканың еңбекшілерін жасампаздық ұлы іске, партияның Программасын, КПСС XXIII съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күреске ойдағыдай топтастырып, оларды бастауда! **(Қол шапалақтау).**

Республикамызда еңбекшілер депутаттарының Советтері орасан зор жұмыстар атқаруда. Олардың алуан қырлы қызметінен қоғам мен мемлекеттің істерін өзі басқаратын халықтың өкімет билігінің тікелей үлгісі көрініп отыр.

Өзінің қатарында төрт миллионнан астам адамды қамтып отырған кәсіподақтарымыз да еңбекшілердің ең қалың бұқарасын қоғамдық істерді басқарудың алуан түрлеріне қатыстыруға белсене көмектесуде. Олар біздер үшін өндірісті басқарудың шын мәніндегі мектебі, коммунизм мектебі болып табылады.

Біздің жастарымыз жалынды сүйіспеншілікке, партияның, бүкіл совет халқының зор құрметіне бөленген. Осыдан 43 жыл бұрын комсомол Лениннің есімімен аталып, ол бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілердің ұлы көсемі әрі ұстазының ая қызыл туына ешуақытта да дақ түсірмеуге қасиетті ант берген еді. Ол өзінің бүкіл жолында осы антына адал болды. Ленин комсомолы азамат соғысының майдандарында, алғашқы коммунистік сенбіліктерде, күйзеушілік пен аштыққа қарсы күресте өсіп, есейді, даңқты совет жастары да өсіп, есейді.

Республикамыздың барлық түкпір-түкпірінде даңқты комсомолдық істердің алтын оттары алаулап жануда. Жаңа цехтар мен домналарда, игерілген тыңның шетсіз де шексіз даласында — қысқасы, барлық жерлерде біз комсомолдар жүрегінің соққан дүрсілін естиміз.

Жастар фашизмге қарсы өліспей бітіспейтін шайқаста Отанға шексіз берілгенін, ержүректілігін және қажымас ерлігін толығымен дәлелдеді. Ауыр индустрияның алыптарып салуға, еңбекте және саяси шынығудың, жастарды интернационалдық рухта тәрбиелеудің тамаша мектебі — тың игеруге комсомолдың белсене қатысуы Қазақстан комсомолының тарихына алтын бет болып жазылады.

Біз осы салтанатты күні республикамыздағы лениндік комсомолдың, біздің барлық жастарымыздың коммунистік ұлы істерде бұрынғыдан да зор табыстарға жетуін тілейміз! **(Қол шапалақтау).**

Бүгін біз тамаша әйелдер туралы аса құрметтеген және шын жүректен алғыс білдірген сезіммен айтамыз. Әйелдер даңқты елу жыл тұсында зор және даңқты жолдан өтті. Бұрын жапа шегіп, правосыз болған әйелдер, әсіресе, қазақ әйелдері Ұлы Октябрдің жеңісі нәтижесінде еркін және тең праволы азаматтарға айналды. Бүгінгі күні біз Совет мемлекетінің барлық кезеңдерінде әйелдер тұрмысының, күресінің және еңбегінің қаһарман шежіресін оймен шолып отырмыз. Олар ерлермен қол ұстасып, қоян-қолтықтаса отырып, соғыстың қаһарлы жылдарында да, бейбіт құрылыс жылдарында да үлесіне тиген барлық сындарға төтеп беріп, ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті.

Халқымыз өзінің даңқты қыздарының, ерлермен бірге Ұлы Октябрдің жеңістерін қаһармандықпен қорғаған жауынгер құрбыларының есімдерін ешқашан да ұмытпайды. Соғыс сындарының қатал жылдарында тылда еңбек еткен біздің әйелдердің теңдесі жоқ ерлігі ешқашан да ұмытылмайды!

Біздің әйелдер — тамаша ана әрі тәрбиеші, кәсіпорынның басшысы және белсенді жұмысшы, ғалым және инженер, дәрігер және мұғалім, қоғам және мемлекет қайраткері. Республиканың халық шаруашылығында істейтін әрбір жүз маманның 56-сы — әйелдер, Қазақстанда 11 849 әйел ордендермен және медальдармен наградталып, 184 әйел — Социалистік Еңбек Ері болып отыр. **(Қол шапалақтау).**

Совет әйелдері қажырлы еңбегімен бүкіл халықтың зор құрметіне бөленді. Бүгін, даңқты елу жылдық күні, еліміздің тамаша әйелдерін — аналарымызды, апақарындастарымызды, құрбыларымызды шын пейілмен құттықтап, олардың жарқын ақыл-ойына, олардың қажымайтын білектеріне, олардың аналық ерлігі мен коммунистік мұраттарға берілгеніне құрметтеген сезімімізді білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Ұлы Октябрь қазақ халқына бостандық пен саяси праволар ғана емес, онымен қатар молшылықта өмір сүру мүмкіндігін де әперді. Ұлттық табыстың, еңбекшілердің нақты табыстарының өсуі, ерекше зор көлемде жүргізіліп отырған тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыс осының айқын дәлелі. Октябрьден бергі жылдар ішінде Қазақстан кешегі жапырайған киіз үйлерден зәулім үйлерге дейін өсті деуге болады. Республиканың картасында көрсетілген жетпіс қаланың 53-і Совет өкіметі тұсында орнады. 1913 жылғымен салыстырғанда қаладағы тұрғын үйлер қоры 27 есе көбейді. Социалистік құрылыс жылдарында жалпы көлемі 109 миллион шаршы метрден астам тұрғын үйлер салынды. 1963—1966 жылдардың өзінде ғана мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар, тұрғын үй кооперативтері (колхоздардан басқа) 18 750 мың шаршы метр тұрғын үйлерді іске қосты, екі миллионнан астам адам жаңа пәтерге көшті.

Октябрьдің 50 жылдығына дейін еліміздегі барлық жұмысшылар және қызметшілердің көпшілігі екі демалысты бес күндік жұмыс аптасына көшірілгені сияқты маңызды әлеуметтік-экономикалық шараның халықтың тұрмысын жақсартудағы мәні орасан зор.

Біз осы орасан зор табыстардың бәріне партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің ұлттық республикаларды өркендетуге жасап отырған орасан зор қамқорлығы нәтижесінде, еліміздегі туысқан барлық халықтардың, ең алдымен ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегі нәтижесінде жеттік. (Қол шапалақтау).

Бұл көмек экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени тұрмыстың барлық жақтарын қамтыды. Оның бейнесін зор көлемде жүргізілген күрделі құрылыстардан, республикамызға ғалымдар, инженерлер, агрономдар, маман жұмысшылар кадрларының жіберілуінен, жаңа техникамен және жабдықпен қамтамасыз етіліп отырғанымыздан, табиғат ресурстарының барланып, игерілуінен, аса ірі объектілердің жобалары жасалғандығынан, колхоздардың, совхоздардың, жаңа құрылыстардың қамқорлыққа алынғандығынан, тың жердің көтерілуінен, ғылымның, орта және жоғары білімнің дамытылуынан, ұлт кадрларының даярлануынан және Советтік Қазақстанды өркендетудің басқа да көптеген мәселелерінен көреміз.

Осы салтанатты күні қазақ халқы әрқашан да ұлы орыс халқының, Отанымыздағы басқа да барлық халықтардың сенімді жолдасы, досы әрі туысы болғанын, солай болып отырғанын және мәңгі солай бола беретінін тағы да бар дауыспен айтуға рұқсат етіңіздер! (Қол шапалақтау). Совет халықтарының достығы — біздің күшіміздің бойға нәр беретін қайнары, біздің алдағы жеңістеріміздің кепілі.

Қазақ халқы, Қазақстанның барлық еңбекшілері экономиканы өркендетуде, мәдениет пен ғылымды гүлдендіруде, материалдық әл-ауқатты арттыруда ие болған жетістіктеріміздің бәрі үшін Коммунистік партияға және сүйікті Совет өкіметіне борышты екенімізді өте айқын түсінеді. (Қол шапалақтау).

Менің сіздердің атыңыздан, қазақ халқының және Қазақстандағы барлық еңбекшілердің атынан осы Ұлы Октябрьдің елу жылдығы күні республикамыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге орасан зор көмек көрсеткені үшін КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросына, КПСС Орталық Комитетіне, Совет үкіметіне шын жүректен тебірене алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. (Ду қол шапалақтау).

Коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңі социалистік ұлттар мен халықтардың одан әрі гүлденіп, жақындасуымен сипатталады.

Бейнелеп айтқанда, әрбір совет республикасы бүкіл елімізге, ал бүкіл еліміз әрбір республикаға қызмет етеді. Алайда біздің ұлт мәселесін неғұрлым тез шешу жөніндегі тәжірибеміз және оның дүние жүзіндегі басқа халықтарға ықпалы империалистерге ұнамай отыр. Империализм идеологтарының әсіресе біздің елу жылдық мерекеміз қарсаңында ерекше күшейтіліп отырған құтырылған антисоветтік науқаны да, міне, осыдан болса керек. Олар бұл тәжірибені бұрмалап, оған дақ түсіру үшін қандай сұрқиялық жалалар жапшай жүр десеніңші. Осы жаланың ішінде «советтік отаршылдық» жайындағы ойдан шығарылған өсектер мен басқаны орыстандырып жатыр деген жалақорлық та, ұлттық тепкі мен ұлттық қайыршылықтар жайындағы сандырақтар мен дінді кемсітушілік жайындағы аңыздар да бар.

Бұл пайымдаулар сандырақ екенін айтып жағудың қажеті жоқ. Күннің бетіне күйе жара алмайтыны сияқты, Совет Одағындағы, оның әрбір туысқан республика-

сындағы шындықты да жасырып қала алмайсың, енді біз былай дейміз: кімде-кім халықтардың лениндік достығы іс жүзінде қалай жүзеге асқанын өз көзімен көргісі келсе, ол бізге Қазақстанға келетін болсын. Ол мұнда Совет Одағының Коммунистік партиясы жүргізіп келе жатқан ұлт саясаты қандай тамаша жемістер беріп отырғанын өз көзімен көріп сенетін болады.

Жолдастар! Елімізде пролетарлық революцияның жеңуі дүние жүзілік оқиғалардың бүкіл барысына орасан зор ықпал жасады және қазір де ықпал жасап келеді. 1917 жылғы Октябрь осы жарты ғасыр ішінде біздің планетамызды дүр сілкіндірген революциялық дауылдарда өмір сүруде. Ол барлық елдердегі еңбекшілер ұрыс үстінде буржуазиядан тартып алған саяси және әлеуметтік жеңістерде өмір сүруде. 1917 жылғы соққыдан кейін капитализм әбден есеңгіреп қалды. Сөйтіп, капитализмнің күйреуі, ал бүкіл дүние жүзінде социализмнің салтанат құру дәуірі туды.

Дүние жүзілік революциялық процестің басты күші — социализмнің дүние жүзілік системасы құрылуы — дүние жүзіндегі тарихи өзгерістердің ең маңызды қорытындысы. Енді нақ осы құрылыс адамзаттың дамуының басты мазмұны мен басты бағытын белгілеп беруде. Дүние жүзілік социалистік система өмір сүрген жиырма жылдан астам уақыттың ішінде экономикада, саясатта, идеологияда, мәдениетте және халықаралық ынтымақ ісінде өзінің аса ұлы өміршеңдік күшін айқын дәлелдеді.

Қазіргі уақытта социализм елдері арасындағы қатынастардың ірге тасына айналған пролетарлық интернационализм принциптеріне негізделген халықаралық қатынастардың жаңа, социалистік тұрпаты қалыптасты. Совет Одағының басқа социалистік елдермен жасасқан достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договорлары, Экономикалық Өзара көмек Советінің және Варшава Договорының қызметі пролетарлық интернационализм рухына толы.

Сонымен бірге социализмнің сарқылмас мүмкіндіктерін ойдағыдай пайдалану билік жүргізуші Коммунистік партиялардың дұрыс, маркстік-лениндік саясат жүргізуін талап ететінін социалистік системаның даму тәжірибесі тағы да көрсетіп берді. Марксизм-ленинизм принциптерінен шегінудің мейлінше елеулі және қауіпті зардаптары болуы мүмкін. Қытайдағы оқиғалар осыны көрсетеді.

Мао Цзэ-дун мен оның тобы халықаралық социалистік саясаттың негізгі принциптерінен ашықтан-ашық қол үзді. Интернационализмнің орнына — ұлы державалық ұлтшылдық, дүние жүзілік революцияшыл күштерді топтастырудың орнына — оған іріткі салу бағытын ұстаушылық, Октябрьдің Отанымен достық пен одақта болудың орнына — Совет Одағына қастандық пен өшпенділік білдірушілік, Бейбітшілікті қорғаудың орнына — соғысты көздеген авантюристік барыт.

Мао Цзэ-дунның халыққа қарсы тобы өкімет басында отырған және қазір істің пын мәнінде контрреволюциялық, буржуазиялық бағыт жүргізіп келе жатқан ат төбеліндей аз ғана адамдар болып табылады.

Қазіргі уақытта Мао Цзэ-дун тобының антилениндік шовинистік және ұлы державалық саясаты Қытайдағы социализм ісіне елеулі кеселін тигізіп, елдің өркендеуін тежеуде, қытай халқын ауыр тапшылыққа ұшыратып отыр. Сөйтсе де Қытай Халық Республикасындағы қазіргі оқиғалар оның дамуындағы қайғылы, бірақ уақытша кезең екеніне біз сенеміз. Социализмнің тарихи артықшылықтарын өз тәжірибесі негізінде айқын көрген қытай халқы өз жеңістерін қорғай алады.

Біздің партия дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысы қатарының топтасқандығын нығайтуға әрдайым көңіл бөліп келді және бұдан былай да мейлінше күшті көңіл бөле береді.

Ұлы Октябрь бейбітшілік ұранымен жеңіске жетті. Совет мемлекеті халықтардың тең праволылығы мен өзін-өзі билеуі принциптерін жариялады. В. И. Ленин Советтер елі сыртқы саясатының мәнісін «социалистік қоғам құру және халықтар арасында баянды, әділетті бейбітшілік» орнату деп тұжырымдады. Біздің партияның, біздің үкіметтің сыртқы саясат саласындағы бүкіл қызметі осы ізгі мақсатты іске асыруға бағытталып отыр.

Капитализм мен социализм арасындағы күрес дүние жүзілік саясаттың басты майданына айналды. Дүние жүзілік аренада күштер ара салмағының бейбітшілік пен социализмнің пайдасына түбегейлі өзгеруі, Совет Одағы мен бүкіл социалистік ынтымақтың барған сайын өсіп отырған қуаты, барлық бейбітшіл күштердің осы заманғы империализмнің агрессияшыл бағыттарына қарсы күресі империализмнің дүние жүзілік ракеталық-ядролық соғысты тұтандыруына мүмкіндік бермеді.

Алайда, мұндай соғыс қатері жойылған жоқ. Империалистік дүниеде дүние жүзін соғыс апаты қауіпінде ұстау үшін қолынан келгеннің бәрін істеп отырған ықпалды күштер бар.

Бұрынғы уақыттары сияқты, қазір де соғыс пен агрессияның басты күші, дүние жүзілік жандарм және күйреп бара жатқан отарлық тәртіптердің тірегі — американизм империализмі соғыс қатерінің басты көзі болып отыр. Америка Құрама Штаттарының, Вьетнамдағы ылаң соғысы, Израильдің араб мемлекеттеріне қарсы империалистік агрессиясы, Бонн басшыларының реваншистік саясаты халықаралық шиеленісті бәсеңдету мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайту жолындағы елеулі кедергі болып отыр.

Осындай жағдайда Совет Одағы соғысқұмар империализмнің саясатына белсене қарсы қимыл жасау үшін қолынан келгеннің бәрін істеуде. Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға негізгі жауапкершілік жүктелетін дүние жүзілік ұлы держава ретінде біздің еліміз қандай да болсын жергілікті жанжалдарға немқұрайды қарап отыра алмайды, сондықтан да біз осындай әрбір жағдайда басқа туысқан елдермен бірлесе отырып, оқиғалардың қандай да болсын хауіпті өріс алуын және дүние жүзілік жаңа соғысқа ұласу мүмкіндігін болдырмау үшін пәрменді шаралар қолданып отыруға тиіспіз, өйткені мұндай соғыс біздің заманымызда термоядролық соғыс болады және жүздеген миллион адамды қазаға ұшыратады.

КПСС пен Совет мемлекеті өзінің барлық күш-жігерін коммунизм орнату үшін бейбіт жағдайлар болуын қамтамасыз етуге, социалистік елдердің бірлігі мен топтасқандығын, олардың достығы мен туысқандығын нығайтуға, азаттық жолында күресіп жатқан халықтарды қолдауға, Азиядағы, Африка мен Латын Америкасындағы ұлттық жас мемлекеттермен ынтымақтастығын және достық одағын үнемі дамытуға, бейбіт қатар өмір сүру принциптерін баянды етуге, адамзатты дүние жүзілік соғыстың қатерінен құтқаруға бағыттауда. Мұндай саясат барлық халықтардың мүддесіне жауап беріп, тарихи дамудың түбегейлі міндеттеріне сай келеді. КПСС-тің лениндік тұрғыдағы халықаралық саясаты бейбітшілік пен коммунизмнің салтанат құруы жолында алдағы уақытта да тамаша жана жеңістерге жететіндігіне ешқандай күмән жоқ. (Қол шапалақтау).

Коммунистік партия империализмнің агрессияшыл табиғатын жақсы білетіндіктен, біздің бейбіт саясатымыз Совет Одағының мызғымас қорғаныс қуатымен нығайтылып отыруға тиіс, деп санап келді және солай деп санап отыр. Әрбір болашақ агрессор, егер ол дүние жүзілік жаңа соғыс өртін тұтандыруға әжеттік ететін болса, күйрете соғатын зауалдан құтыла алмайтынын біліп тұрсын. Қазір Совет Армиясы — дүние жүзіндегі талдаулы қарумен жарақтандырылған қуатты, қаһарлы, жеңдірмейтін күш. Совет халқы өзінің бейбіт еңбегін сенімді түрде қорғап тұрған өз армиясын орынды мақтан ете алады.

Ұлы Октябрьдің даңқты мерекесін атап өте отырып, біз бүгін салтанатты түрде былай дейміз:

Ұлы Октябрь жеңістерінің, социализм жеңістерінің күзетінде тұрған, даңққа бөленген айбынды Совет Қарулы Күштері жасасын! (Ду қол шапалақтау).

Жолдастар! Біздің халқымыздың, мемлекетіміздің күші — лениндік партияның басшылығында. Ұлы Октябрь социалистік революциясы, еліміздегі социалистік өзгерістер дүние жүзілік революциялық қозғалыста жұмысшы табының жаңа тұрпатты саяси партиясын ұйымдастырудың, революциялық күреске және социалистік құрылысқа партиялық басшылықтың аса бай тәжірибесін жинақтап берді.

Ұлы Октябрьдің мерекесіне партиямыз өзінің сара жолын жүзеге асыру жолындағы, ғылыми социализмнің принциптері салтанат құру жолындағы күрестің бай тәжірибесіне әбден молығып, біртұтас әрі құрыптай берік, КПСС лениндік Орталық Комитетінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасқан жағдайда келіп отыр. Партия сара бағыттың сабақтастығын сақтай отырып, халықпен тұрақты және берік байланыс жасаудан, марксизм-ленинизм принциптеріне адалдық және революциялық теорияны қажымай-талмай творчестволықпен дамытудан өзінің бойына күш жинауда.

Совет адамдары 50 жылдың ішінде шын мәнінде шырқау шыңға самғап шықты. Сондықтан жасампаздық істерімізді заңды түрде мақтанып етеміз. Алайда, партия бізді қол жеткен табысқа тоқмейілсімеуге үйретуде. Біз осы ұлы жылдықты атап өте отырып жеңістеріміздің қорытындысын ғана шығарып қоймаймыз, сонымен қатар қиындықтарды, кемшіліктерді, сәтсіздіктерді, тағы да не істеу керектігімізді де ашықтан-ашық айтамыз.

Партия халықпен шындық тілімен сөйлеседі, одап ешнәрсені жасырмайды және бояламайды, біздің дамуымыздағы нақтылы жетістіктерімізді, сондай-ақ қиындықтарымызды көрсетіп береді. Біз өзімізде әлі де шешілмеген проблемалар бар екенін, артта қалып келе жатқан кәсіпорындар мен шаруашылықтар бар екенін айқын түсінеміз. Біз халық шаруашылығындағы резервтерді, ең алдымен еңбек өнімділігін арт-

тыру саласындағы резервтерді, сондай-ақ күрделі қаржының тиімділігін арттырудың мүмкіндіктерін әлі де болса толық пайдалана алмай келеміз. Халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің дәрежесін арттыру, совет адамдарының өнеркәсіп товарлары мен тұрғын үйлер жөніндегі үнемі өсіп отырған қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін әлі де болса көп іс атқаруымызға тура келеді. Партия өмірдің тынысына асқан сергектікпен құлақ түре отырып, құрылысымыздағы кемшіліктерді неғұрлым тезірек жою үшін, пісуі жеткен проблемаларды неғұрлым жақсы шешу үшін мүмкін болғанның барлығын істей бермек.

Мұнымен қатар әрбір жұмысшының, маманның, басшының, әрбір коллективтің тапсырылған іс үшін жауапкершілігін арттырмаған жағдайда, барша жұртшылық қорамдық өндірісіміздің тиімділігін батыл арттыруға мейлінше мүдделі болмаған жағдайда алға қойылған міндеттердің ойдағыдай орындалуы да мүмкін емес.

Республиканың еңбекшілері Октябрьдің даңқты мерекесін социалистік жарысты бұрын болып көрмеген дәрежеде кеңінен өрістетіп қарсы алуы совет адамдарының Отан алдындағы, партия алдындағы патриоттық борышын жақсы сезінетінін мейлінше айқын дәлелдеп берді. Олар Октябрьдің мерекесіне 1966 жылдың мемлекеттік жоспарлары мен социалистік міндеттемесін, сондай-ақ 1967 мерекелі жылдың он айының жоспары мен міндеттемесін, өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінде де, сондай-ақ техникалық-экономикалық көрсеткіштердің көпшілігі жөнінде де ойдағыдай орындаумен және асыра орындаумен келіп отыр.

Болат пен шойын балқыту, прокат өндіру, көмір, темір рудасын қазу, электр энергиясын өндіру жөніндегі тапсырмалар асыра орындалды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің бұйымдарын, мәдени-тұрмыстық қызмет атқаратын товарларды шығару артты. Жоспардан тыс жүздеген миллион сомның өнімі өндірілді. Жоспарлау мен экономикалық жағынан көтермелеудің жаңа жүйесі тамаша нәтижелер беріп отыр.

Мереке жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығының еңбеккерлері үшін күрделі өрі қиын болды. Сондықтан бүгінгі күні осы кәмелеттікті тексерген ауыр сынға жалпы алғанда абыроймен төтеп берген механизаторлардың, ауыл шаруашылығы мамандарының, ғалымдардың, шаруашылық басшыларының, партия және совет ұйымдарымыздың еңбегін жоғары бағалауымыз керек.

Қостанай облысының колхоздары мен совхоздары астық сату жоспарын асыра орындады және элеваторлар мен астық қабылдау пункттеріне қосымша түрде 752 мың тонна астық тасып жеткізді. Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда және Шымкент облыстарындағы ауыл шаруашылығының еңбеккерлері едәуір табыстарға жетті. Олар мемлекетке жоспардан тыс 752 мың тонна астық тапсырды.

Республиканың село еңбеккерлері үстіміздегі жылдың ауа райының жағдайы ауыр болғанына қарамастан, биыл Отан қоймасына жарты миллиард пұт астық құйды, ал екі жыл ішінде бір миллиард 532 миллион пұт астық құйды, бұл — жоспардағыдан 336 миллион пұт көп. Республика мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін дайындаудың, мақта, қант қызылшасын, овоц және басқа дақылдар дайындаудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Жолдастар! Біз Ұлы Октябрьдің екінші елуінші жылдығына қадам басқалы отырмыз. Үстіміздегі бесжылдықта және таяудағы болашақта атқаратын міндеттеріміз ерекше зор да жауапты. Қазақстан экономика мен мәдениеттің барлық салаларында алға қарай жаңа алып қадам жасайды. Үстіміздегі бесжылдықта республиканың экономикалық қуаты екі еседей артады. Бұл міндеттер партияның XXIII съезінің Директиваларында белгіленген және бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін республиканың бүкіл партия ұйымының зор ұйымдастыру және идеялық-саяси жұмыс жүргізуі, республикадағы барлық коммунистердің, барлық Совет депутаттарының, барлық еңбекшілердің барынша күш-жігер жұмсауы керек. Қазақстан Отанның қандай да болсын тапсырмасын орындайтынына біз ешбір күмәнданбаймыз. (Қол шапалақтау).

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Қазақ ССР-інің коммунистік құрылыс ісіне қосқан үлесін жоғары бағалады. Қазақстан Ленин орденімен наградталды. Республиканың барлық 15 облысы, көптеген өнеркәсіп орындары, совхоздары мен колхоздары, ғылыми-зерттеу мекемелері де осындай жоғары наградаға ие болды. Жұмысшы табының, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің, халықтық интеллигенцияның жүз мыңнан аса таңдаулы өкілдеріне ордендер мен медальдар берілді, ал бір жарым мыңға жуық озаттар Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Бүкіл халықтық мейрам қарсаңында 42 кәсіпорынға, ұйымға, совхозға, колхозға және сонымен бірге бүтіндей республикамызға КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жо-

ғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советінің және ВЦСПС-тің Ескерткіш Қызыл тулары мәңгі сақтауға табыс етілді.

Біз бұл Қызыл туды жарқын символ деп, Қазақстанның қаһарман жұмысшы табының, даңқты шаруаларының және халық интеллигенциясының өткен жарты ғасырдың ішінде қолы жеткен шын мәнісіндегі тарихи жеңістері мен табыстарын, республикамыздың жарты миллион мүшесі бар партия ұйымының бұқара арасында жүргізіп келген және қазір де жүргізіп отырған алуан салалы зор ұйымдастыру жұмысын танығандықтың көрінісі деп білеміз.

Біз сонымен бірге бұл Ескерткіш Қызыл туды ұлы революциямыздың символы, қазіргі уақытта жүзеге асырылған лениндік ұлы идеялардың салтанаты мен мәңгі жасауының символы деп білеміз. Партия мен үкіметтің жоғары наградасына жауап ретінде еліміздің шығысындағы социалистік индустрия мен ауыл шаруашылығының қуатты қамалы болып отырған Қазақстанның ролін бұрынғыдан да арттыру — біздің ең бірінші борышымыз. Коммунистік құрылысқа қосатын үлесімізді бұдан былай да табандылықпен еселей беру — біздің аса маңызды міндетіміз. (Қол шапалақтау).

Қымбатты жолдастар, революцияның басталуы бар, бірақ революцияның ақыры жоқ және ешқашан да болмайды, 1917 жылғы пролетарлық ұлы революция біздің үлкенді-кішілі істерімізде, біздің бүгін таңдағы және болашақтағы істерімізде, ойларымыз бен жоспарларымызда одан әрі дамытылуда.

Осыдан жарты ғасыр бұрын басталған дүниені революциялық жолмен жаңарту ісі планетамызды жеңімпаздықпен шарлауда. Біз өз қатарымызды Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыра отырып, болашаққа қарай сеніммен алға басып келеміз. Біздің бағытымызды Октябрь, Ленин дәлдеп берді. Сөйтіп өзіміз қадам басқалы отырған жаңа елуінші жылдың Октябрьдің өмір орнықтырушы, мәңгі өшпейтін идеяларын жаңа жеңістерге жеткізетіні ешбір күмәнсыз. (Ду қол шапалақтау).

Қазақ халқының, Қазақстандағы көп ұлтты барлық еңбекшілердің атынан республикамыздың жұмысшы табы, колхозшы шаруалары, интеллигенциясы, барлық еңбеккерлері КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының және СССР Министрлер Советінің совет халқына арналған тарихи үндеуіне жауап ретінде Лениннің ұлы партиясының жеңімпаз туын, коммунизм туын бұдан былай да жоғары ұстай береді деп лениндік Орталық Комитетті сендіруіме рұқсат етіңіздер! (Ду қол шапалақтау).

Түпкілікті ұлы нысанамыз — коммунистік қоғам орнату жолында бізді ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды!

Ұлы Октябрьдің даңқы арта берсін!

Совет халқының даңқы арта берсін!

Ұлы Отанымыздың — жер жүзіндегі халықтардың бейбітшілігі мен туысқандығының тірегі — Советтік Социалистік Республикалар Одағының даңқы арта берсін!

Біздің барлық жеңістеріміздің рухтандырушысы және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы мен оның лениндік Орталық Комитетінің даңқы арта берсін! (Ду қол шапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады).

КӨСЕМ БЕЙНЕСІ

КӨЗ АЛДЫМДА

*Хамит ЧУРИН,
1919 жылдан КПСС мүшесі*

1917 ЖЫЛҒЫ декабрь айының ортасында Бөкей облысының орталығы Ордада жергілікті большевиктердің басшылығымен буржуазиялық үкімет құлатылып, Совет өкіметі жарияланды. Бұл мақсатты жүзеге асыруда жергілікті большевиктерге Астраханнан келген қызыл гвардияшылар көмек көрсетті. Сөйтіп Ордада облыстық революциялық комитет құрылды. Ревком 1918 жылдың март айына дейін бүкіл облыста жұмысшылар мен шаруалар депутаттарының Советтерін ұйымдастырып, Совет өкіметін түгелдей орнатты. Сол жылы облыс жастары бірігіп комсомол ұйымын құрды. Бай-кулактар, ақгвардияшылар мен алашордашылар Совет өкіметіне қарсы шыға бастаған шақта өз өкіметін қорғау үшін облыс еңбекшілері жергілікті қызыл әскер бөлімдерін ұйымдастыра бастады. 1918 жылдың жазында Орда қаласында қазақ жастарынан тұңғыш рет қазақтың советтік өнегелі атты әскер полкі құрылды. Осы полкке өз еркiмен алғаш енгендердің сапында мен де болдым. Қолына қару ұстаған қазақ жастары бар зейiнiмен әскерлiк өнердi үйренiп, Совет елiнiң жауларына қарсы тұруға дайындала бастады.

Бiздiң полк алғаш рет 1919 жылы Совет өкiметiнiң қас дұшпандары Толстов пен Деникиндердiң отрядтарымен шайқасты. Әсiресе Ақтөбе майданында көрсеткен ерлiгi, Советтiк Отанға сiңiрген адал еңбегi үшiн Қазақтың бiрiншi өнегелi атты әскер полкiне Совет үкiметiнiң жауынгерлiк Қызыл туы тапсырылды.

1919 жылдың басында осы полктiң алты жауынгерiн Москваға әскери-саяси оқуға жiбердi.

Ол кездегi жағдай өте ауыр болатын. Елдi аштық, жалаңаштық, меңдеп, жан-жақтан анталаған жау қоршап алған-ды. Паровозда ағаш жағылады. Осындай қиын-қыстау шақта бiз Москваға бiр жарым күн жүрудiң орнына 12 тәулiкте зорға жеттiк. Бұл бiздiң Москваға тұңғыш келуiмiз едi. Мектебiмiз бұрын-купец клубы болған Малая Дмитровка көшесiндегi 6-үйде екен. 20 шақты ұлттан құрылған 500-ден астам оқушы оқуға кiрiстiк. Бұл мектептiң мiндетi — қызыл әскерге, жергiлiктi совет, партия орындарына арнап саяси қызметкерлер даярлау екен. Ылғи алыс аймақта болып, оқудан қағажу қалған бiздер оқуға құштарлана кiрiстiк.

1919 жылдың апрель айы. Бiр күнi мектеп директоры бiз оқып жатқан аудиторияға келiп: — Жолдастар, бүгiн бiзге аса бiр қадiрлi қонақ келедi, жинақ отырыңдар! — дедi де, шығып кеттi. Бiрақ ол қандай қонақ келетiнiн ашып айтпады. Аудитория тына қалды. Бiр кезде залдың сахна жағы-

нан орта бойлы, кең кеуделі, өзін ықшам ұстап, жеңіл де тез адымдаған, қасында мектеп оқытушылары бар кісі кіріп келе жатты.

Ленин!.. Біздер оны бірден тани кеттік. Қас қаққанша болған жоқ, барлығымыз бір адамдай ұшып тұрдық. Залдағылар жаңғырта қол шапалақтады, біз ұлы көсем бейнесіне сүйсіне қарап, жүрек лүпілін игере алмай:

— Жасасын ұлы көсеміміз Ленин!.. Жасасын жер жүзі пролетарларының кемеңгері Владимир Ильич! — деп ұрандағанда дауысымыз зал қабырғасын дүр сілкіндірді.

Жарқын шырайлы жүзбен бізге қараған Владимир Ильич оң қолын алға созып, алақан аясымен ауаны қаға: — Тынышталыңыздар, — дегендей ишарат білдіріп күлімсереді. Зал толқуы басылған кезде ұлы көсем өткір де жайдары көздерін сәл қыса түсіп, сөйлей жөнелді. Залда шыбын ызыңы естілгендей тыныштық орнай қалды. Кеңіліміз де, құлағымыз да лекция оқып тұрған ұлы кемеңгерде.

— Жолдастар, курсанттар! — деп бастаған көсемнің лекциясы жанымызға өмір бұлағындай құйыла кетті. Ильич лекциясы жаңа құрылып, әлі буыны бекіп жетпеген жас Совет республикасының ішкі және сыртқы жағдайлары туралы, халықаралық мәселелер хақында болды. Көсем сөзінен большевиктер партиясы бастаған социалистік революция ісінің түпкілікті жеңіп шығатынына деген шексіз сенім айқын есіп тұрды. Ильич лекциясы екі сағатқа созылды. Көсем аузынан шыққан әрбір сөзді біздер зейін сала, бар ынтамызбен жазып отырдық.

Лекция біткен соң курсанттар көсемге көп сұрақтар қойды. Кафедра маңындағы столға үйіліп қалған жазба сұрақтарды көріп Ильич былай деді:

— Жолдастар, мынау сұрақтарыңызға қазір жауап беруге менің уақытым аз, сол себепті сіздерге тағы келіп әңгімелесуге мүмкіндік іздестіріп қарармын, келермін, сонда сұрақтарыңызға жауап беремін, — деп біздермен қоштаса бастағанда-ақ біздер ұшып тұрып, ду қол шапалақтап, сүйікті ұстазымызды шығарып салдық.

Расында да біраз уақыт өткеннен кейін, сол 1919 жылдың май айында Владимир Ильич біздің мектепке тағы да келді. Бұл ұлы көсеммен екінші рет кездесуіміз еді. Бұл жолы Ильич бізге «Большевиктер орта шаруаға қалай қарайды?» деген тақырыпта лекция оқыды. Сабақ басталмас бұрын ол біздің алдыңғы лекцияда қойған сұрақтарымызға жауап берді.

Сол жылы Москвада Қызыл Алаңда 1 Май мейрамына арналған митинг болды. В. И. Ленин митингіде сөз сөйледі. Курсанттарды трибунаға жақын жерге сапқа қойған болатын, сол себепті көсем сөзін біздер өте жақсы естідік. Бұл Ильичті үшінші рет көріп, тыңдағанымыз еді.

1919 жылдың май айының аяғына таман мектебіміздің барлық оқушыларын азамат соғысының майдандарына жөнелтті. Біздер алты жас қазақ жауынгері Орал майданында тұрған өз полкімізге оралдық. Астанада саяси-әскери оқу оқып, оның үстіне В. И. Лениннің өз аузынан марксизм-ленинизм сабақтарын алып, лекцияларын тыңдап, данышпан көсемнің дидарын көру бізге ерекше қуат беріп, жігер үстіне жігер қосып, кеңілімізді сайратып жіберді. Біз қызыл әскерлер арасындағы саяси жұмысқа құлшына кірістік. Москвадан оралып полкте істеп жүргенде де, одан кейінгі кездерде де ұлы Лениннің өшпес бейнесі көз алдымыздан ешбір кеткен емес.

Владимир Ильичпен мен төртінші рет Москвада дидарластым. Бұл кезде мен совет жұмысында болатынмын. 1919 жылдың декабрь айында Советтердің Бүкіл россиялық VII съезі болған еді, осы съезге мен Бөкей облысынан делегат болып қатыстым. Съезде В. И. Ленин Совет мемлекетінің тарихқа келген екі жыл ішіндегі жұмысы туралы баяндама жасады.

Съезд Үлкен театрда болды, оған мыңнан астам делегат қатысты. Ол уақыт азамат соғысының өте қатты жүріп жатқан кезі еді. Владимир Ильичтің үш сағатқа созылған өте ұғымды да терең баяндамасын делегаттар мен съезге қонақ ретінде қатысушылар бар зейінімен тыңдап отырды. Зал тып-

тыныш. Көсем қолында қағаз жоқ, сахнаның үстінде ылағи қозғала жүріп, оң қолын сілтеп-сілтеп қойып, сөйледі. Ильич сөйлеп тұрып, әрбір 25—30 минут шамасында сөз арасына әзіл-сықақ сөздерді қыстырып, бүтін залда отырған делегаттарды ду күлдірді. Съезд декабрьдің 5-де басталып, 9-ында аяқталды.

Съезден кейін, 1919 жылдың 13 декабрі күні Кремльде Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты басшыларының қатысуымен Ленин ұлт мәселесі туралы кеңес өткізді. Осы кеңеске мен де қатыстым. Кеңеске шақырылған барлық адам 25-ке жуық екен. Біздерді, делегаттарды Ильич кабинетіне алдымен кіргізді. Қазақстаннан екі адам болдық, ол кезде менің жас шағым. Біз кабинетіне кірген кезде Ильич орнынан ұшып тұрып, қарсы жүріп қол алысып амандасты да:

— Отырыңыздар, отырыңыздар, жолдастар! — деп біздерді ұзын столға қарай бастап апарды.

Бізбен бірге кірген большевик Н. Н. Наримановпен Ильич шүйіркелесе сөйлесе бастады. Делегаттардың әрқайсысымен В. И. Ленин қысқа-қысқа пікір алысты.

В. И. Лениннің басқаруымен кеңес жұмысқа кірісті. Бұл мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе қазақ, башқұрт және татар халықтарының автономиялы советтік республикаларын ұйымдастыру жайлы еді. Кеңесте біраз адам сөйледі, оларды Владимир Ильич ынта қойып тыңдады. Ұлы көсемді мен бұрын талай рет көрсем де сүйінішті сезіммен оның жарқын бейнесіне құмарта қараумен болдым. Біресе көз алмастан Ленинге қараймын, біресе жазу столына, үлкен шкафтарда текшеленіп тұрған қалың-қалың томдарға көз жіберіп қоям. Кеңес аяқталды, Ильич қысқа ғана қорытынды сөзбен мәжілісті жапты.

Менің Ленинмен соңғы кездескеніме, оны ең ақырғы рет көргеніме биыл 48 жыл болады. Ұлы көсемнің өшпес бейнесі сол қалпында әлі күнге дейін менің көз алдымда. Владимир Ильич Лениннің өзі ұйымдастырған Совет мемлекетіне 50 жыл толып отыр. Советтік Отанымыздың шұғылалы сәулесі бүкіл дүние жүзіне тарауда.

Бүгінде коммунизм орнатушы Совет елінің сәулетті тұлғасынан мен ылағи данышпан ұстазымыз, кемеңгер көсеміміз Владимир Ильич Лениннің өшпес идеяларының жүзеге асқанын көремін.

ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Құсайынбек ӘМІРОВ,
1920 жылдан КПСС мүшесі

«Той — көптің қазынасы» деген бар ғой. Еліміздің ең үлкен тойы — Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы, шындығы да, баршамыздың шаттық мерекеміз болды. Үлкен де, кіші де оны тарапсыз күтіп, бар жақсымызды, бар жалынымыз бен қажыр-қайратымызды соған арнадық. Шаттығымызда, шалқуымызда шек болған жоқ. Өз басым екі есе мерейге бөлендім: партия мен үкімет көп жылғы еңбегімді жоғары баралап, торқалы той үстінде кеудеме Ленин орденін тақты.

Ал менің басқа тойды да көргенім бар. Салтанаты санаулы топтың ермегін көздеп, халыққа қыр көрсетуге арналған қоғамда тойдың өзі топалаңға айналады екен. Өңгімені содан бастайық.

1913 жыл. Он жасар бала кезім. Бүкіл Верный шаһәрі: «Ақ патшаның тұқымы таққа отырғанына үш жүз жыл толыпты. Соның құрметіне той болады екен» деп

күмпілдегеніне біраз болған. Міне енді соның межелі күні де жетті. Балара не керек — қызық керек, өзім құралпы үш-төрт жолдасыммен той болатын жерге тарттым.

Көше толы ыры-жыры халық. Аузын ашып аң-таң болған момын жұрт. Қасапшыдай жалақтаған стражниктер. Ит арқасы қияннан саба артып, сабылып келіп жатқан бай-манаптар тобы. Көп ауызда жалғыз сөз: «Той! Аламан бөйгесі бар дейді! Тай шаптырады екен!».

Несі болса да тезірек жетсек деп ентелеп келе жатқанбыз.

Бір мезетте жұрт дүрліге қалды:

— Лиханов келеді!

— Уездің начальнигі келе жатыр!

Тойға кетіп бара жатқан қалың жұрт абыр-сабыр жарыла берді. Қос торы ат жеккен фэтон сызып келеді екен. Тамашалай қалдық.

— Қағыл әрі!

— Тарт мыналарыңды! — деп төртін сақшылары жалаң қағады.

Иминахун дейтін наубайшы ұйғыр бар еді. Өзін бұрыннан білетінбіз. Сол нан салған көрзеңкесін асығыс көтере жөнелгенде, тақап қалған қос торы үркіп жалт берді. Иминахун бейшараның соры ма, кім білсін, Лихановтың маңғаз бөйбішесі фэтоннан ұшып-ақ түскені. Арғы жағын жақсы аңғармай қалдық, әйтеуір опыр-топыр басталды да кетті.

— Сілімтік неме!

— Оңбаған ит!

— Қап, мынаны-ай! — десіп арс-арс еткен жандайшаптар тұра ұмтылды. Иминахунның басында қамшы ойнап жүр. Жан ұшыра айқайлап жібердік:

— Өлді ғой! Өлтірді ғой!..

Желікпе топ көп айналмады, ілгері тартып кетті. Қанға малшынып Иминахун қалды. Қазандай қайнап амалсыз іштен тынған қалың жұрт қалды. Иминахунның бір көзі ағып түскен екен...

Жоқ, халық тынып қана қойған жоқ. Сол күні ол да айбатын көрсетті. Шектен шыққан жүгенсіздікке қарсы ашу-ызасын атты. Ол былай.

Той әлі бастала қоймаған. Енді губернатордың келуін күтіп ошарылып тұрған халық бір кезде: «Жамбылды сабап жатыр!» деп ду ете түсті. Тұра жүгірдік. Жиналған жұртқа жыр айтып жүрген Жамбылды уездің начальнигі Лиханов таяқтың астына алып жатыр екен. Шарасыз ақын домбырасын кесе көлденең ұстап басын қорғалай бергенін көріп қалдық. Сол сәтте топ арасынан суырыла шыққан тал шыбықтай жігіт бір-ақ атылып, Лихановтың қолына жармасты. Есер немені тышыр еткізбей сіресті де қалды. Қайнаған ашумен қатты сөйлеп, бетін қайтарып тастады. Айнала көпшілік:

— Тоқаш қой мынау!

— Иә, Тоқаш!

— Алда, айналайын арысым-ай! — деп желпінісіп кетті. Атақты революционер Тоқаш Бокияннің атын сол күні тұңғыш естідім.

Бұл Октябрь таңы атар алдындағы іңір қаранғысы еді. Еңбекші халықтың оянар қарсаңы болатын...

Ойлап отырсаң, өткен күнде белгі көп. Ес біліп, етек жапқан кезімнен-ақ талай рет зәбір көргенім есімде. Он екі жасымда гимназияның әзірлік курсына емтихан тапсырып, өте жақсы баға алғаным да, бірақ сол орынға Бейсебай қажының түйсіксіз дәлдүр баласы өтіп, менің босқа қалғаным, сөйтіп егіл-тегіл жылағаным көз алдымда. Боралдайда Бекболат батырды дарға асқаны, сонда өксікке толы жас жүрегімнен шыққан лағнетімді айтам деп мектептен қуылғаным да көкейде сайрап тұр. Қисапсыз жәбір-жапа бізді ерте оятты. Ұлы Октябрьді зор қуанышпен қарсы алғанмыз міне содан.

1918 жылдың көктемі еді. Верный қаласында Совет өкіметі жаңа ғана орнаған. Халықтың қуанышында шек жоқ. Күнде жиын, күнде митинг. Әңгіме біткеннің төркіні — саясат, жаңа өкіметтің мақсат-мүддесі, мүмкіндігі мен болашағы.

Март айында Лука Емелевтің басқаруымен социалистік жаяу әскер полкі ұйымдасқанын білетінбіз. Міне мен соған жауынгер болмаққа бекіндім. Онда он бес жасар кезім. Лука Емелевке жолығып, жас Совет өкіметіне бар жан-тәніммен қызмет еткім келетінін айттым. Полкке жауынгер етіп қабылдауын өтіндім. Бас-аяғымды барлай шолып шыққан Емелев:

— Буының бекің, бұғанан қатпаған көрінеді ғой. Кішкене қоя тұрсаң қайтеді, — деді.

— Бұл — бойымның қораштығы ғой. Әйтпесе жасым он сегізге толды, — деп те соқтым кеп. Оған алдана қоятын Емелев пе, біраз жымып тұрды да:

— Қой, балақан, мұның қиындау болар, — деп кесіп айтты. Мысым құрып сыртқа шықтым. Рота командирін тауып алып, әлгі сөздерімді қайта айттым. Ол Емелевтей емес, о жарлау адам екен:

— Немене, қызыл әскер жалаңаяқ балалардың жып ойнағы деп ойлайсың ба? — деп қуып шықпасы бар ма.

Салым сура кетіп бара жатыр едім, жауынгерлердің бірі:

— Інішек, сен Емелевке тағы бір жолықсаңшы. Мүмкін, тілегінді қабыл етер, — деді. Сол түрткі болып, Емелевке қайта бардым. Ол:

— Талабың зор екен. Болмас, сені қабылдайық, — дегені ғой! Қуанғанымнан талаға жүгіре шықтым. Сол күннен бастап қызыл әскер болдым. Сол күннен, яғни 1918 жылғы 14 майдан бастап күні бүгінге дейін өзімді революцияның солдаты санаймын.

Ол бір отты күндер еді ғой. Жастығымызға қарамастан, не бір жауапты тапсырмалардың өзін құлшына жүріп, жалындай жүріп атқаратынбыз. Байлардың үйін қызыл әскер семьяларына, кедей-кепшікке өперу ісіне белсене араластым. Ет магазинінде бақылаушы болып, азық-түлік карточкасының дұрыс бөлінуіне көмектестім. Верныйдағы тұңғыш комсомол ұйымдарын құруға, оларды нығайтуға ат салыстым.

1920 жылы Ташкенттегі әскери-саяси курсты бітіріп келісімен Дмитрий Фурманов басқарған үшінші дивизияның саяси бөлімінде нұсқаушы болдым. Сол кезде Верный қаласында болған контрреволюциялық бүлік естен кетпейді. Мен бұл жолы большевиктердің революция ісіне шексіз берілгендігі мен табандылығын, партияның Д. Фурманов сынды адал перзентінің тамаша ұйымдастырушылық қабілетін көрдім. Адам айтқысыз қиын-қыспақта қалсақ та біз жеңіп шықтық.

Бүлік басылысымен, мені жедел Ферғана майданына жіберді. Өзкент аудандық ревкомына председатель болдым. Оның үстіне Өзкент қалалық гарнизонының комиссарымын. Тап күресі әбден шиеленіскен жағдайда жұмыс жүргіздік. Революциялық өзгерістерді жүзеге асыруда үлкен ептілік қажет еді. Жаңа тәртіп әлі орнығып бола қоймаған. Советтік тәртіп пен шарият соты қатар өмір сүріп тұрған кез. Он сегіз-он тоғыздардағы жас жігітке осындай дүрбелең шақта жұмыс жүргізу, лениндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыру қаншалықты қиын болғаны айтпаса да түсінікті ғой деймін.

Оның үстіне, айнала төңіректі дүрліктіріп, ылаң салып жүрген басмашылар да маза бермейді. Абдуллабек, Жүсіпбек қажы, Мәті мықбасы бастаған басмашылармен талай рет қақтығысып қалып жүргенбіз. Бірақ жер жағдайын, ел ішін жақсы білетін жырынды жау әрқашан сытылып кете беретін.

Бір күні солардан хабар жетті. «Жарасамыз. Кездесетін жерін айтсын» депті. Осылай боларын өзіміз де күтіп жүргеміз. Өйткені Верныйдан он алтыншы қазақ атты әскер полкі мен атақты Масанчи бастаған он бесінші дунған полкі шығып Жалалабадқа келгенін, солар бүкіл осы өңірдегі басмашыларды қыспаққа алып, қатты састырып келе жатқанын білеміз едік. Мынау соның нәтижесі болар. Бастарына алмағайып күн туған соң жан сауғаға көшкен ғой.

Қасыма үш адам серік алып, Өзкенттен төрт-бес шақырымдай жердегі жау ордасына бардым. Білең ала шапан киген басмашылар одырайысып қарсы алысты. Бес қаруы түгел бойларында. Абдуллабектің белдігінде қос наған, Мәтінің белінде қолағаштай маузер бар екен, соған көзім түсті. «Апырай, аңсыз келгеніміз теріс болмаса игі еді» деп іштей тіксініп қалдым (кейін жолдастар осы жаңсақтығым үшін кейіс білдірді де). Дегенмен, бұл тек басмашылардың сыртқы айбаты екен. Бастан-аяқ шартты біз айттық та, олар «лем» деместен көнетін болды. Сонымен, Өзкент аймағын ұзақ дүрліктірген дұшпанның сағы сынып, амалсыз қаруын тастады.

... Уақыт озған сайын көкейдегінің көбі көмескі тарта беретіні бар ғой. Бірақ өмірімнің сол бір отты кезеңі ешқашан зердемнен кетер емес. Жетісуда комсомол ұйымдарын құрудың мазасыз да қуанышты шағы қандай еді. Бүкіл Түркістан комсомолына басшылық еткен жалынды жастардың салында, ешқашан естен кетпес сүйіктіміз Ғани Мұратбаевпен қоян-қолтық жұмыс істеген жылдар өз алдына бір төбе. Одан бергі жылдардан елді жаннай индустриаландыру, коллективтендіру кезеңдері де өз қызығымен, алуан оқиғаларымен, қиындығымен, жеңісімен тұлғаланып, ойға оралады. Әр жылдың, әр айдың, тіпті әрбір күннің өз бедері, өз нақышы санамда із қалдырыпты. Өйткені ол — күрес жолының бел-белестері, асу-кезеңдері. Ол күндердің даңқы ешқашан да өшпек емес!

ӘЙЕЛ АТЫН АРДАҚТАЙЫҚ

Сындыбала ОҢҒАРБАЕВА,
Социалистік Еңбек Ері

Халқымыз үлкен жорық, мол шеру үстінде. Мақсатымыз — коммунизм. Осы жолда мына біздерге — әйелдерге жүктелген сенім асқар таудай. Партия бізді «коммунизмнің белсенді құрылысшылары» деп атайды. Осыны мақтан етеміз. Осыған лайықты орнымыз да, үлесіміз де бар.

... Арғыны былай қойып, кешегі соғыс жылдарын-ақ еске алайықшы. Ер азаматын түгел майданға аттандырып салған ауылда кім қалып еді? Еңкейген кәрі, еңбектеген жас, тірі жетім, тірі жесір қалдық. Бар ауыртпалық әйел мойнына түсті. Таңның атысы, күннің батысы демей еңбек еттік: жер жырттық, егін еттік; қара қазан, сары баланың несібесі үшін, майдандағы ерлердің ырағы үшін тыным көрмедік. Беліміз қайысқанымен, өзіміз қайыспадық. Түн баласы жауынгерлерге жылы қорғап, байпақшұлық тоқтыдық. Ерлердің аманаты — шияттей бала-шағаны мәпеледік.

Алғашқы кездері шалдығып, қатты қиналғанымыз бар. Бірақ бірте-бірте көндігіп кеттік, небір ауыр жұмыстың өзін дөңгелетіп әкететін болдық. Осы Жантоқова Зеріп, Қамбарова Бүбісара, Байсеркеева Ләтипа, Нарыметова Халида, Сәтиева Сәниязардың әрқайсысы сол күндері екі адамның жүгін арқалады десем жаңсақ болмас.

Сол кездегі там-тұмдаған техниканың өзіне де ие шамалы еді. Қайтпек керек? Оқуға бел байладық. Мырзақұлова Қалжан, Алдабергенова Орынкүл, Тойлыбаева Зерттай бәріміз МТС ұйымдастырған тракторшылар курсына бардық. Басқа колхоздардан да бірталай әйел келген екен. Ертегі-кеш тыным көрмей жүріп оны да түгестік. Алғаш тіркемесі болдым да, аздан соң өз бетіммен трактор айдадым.

Бүкіл халықты үлкен қуанышқа кенелтіп жеңіс таңы да атты. Ер азамат елге оралды. Шаруашылығымызды қалпына келтіруге жұмылдыдық.

Біз бұрын да қызылша өсіретінбіз. Бірақ оның жайын жөнді білмейтін едік. Бар білетініміз: жерге тұқым шашамыз, қалт-құлт еткен әлсіз өсімдіктерді сирексітіп, отаған боламыз. Суды да дұрыс бермейміз, қапталып жібергенімізге мәзбіз. Ал жылғалан су тарту, құлақ байлау, тыңайтқыш қолдану дегеніңіз атымен жоқ-ты. Сөйтіп қыруар еңбектің нәтижесі мардымды болмай шығатын.

Соғыс аяқталған соң колхозымызға Бұралқиев Мұстапа деген агроном келді де, жаңағы «әдістің» бәрі жолда қалды. Ғылымның күдіретін сонда көрдік. Бәріміз бірдей ерінбей-жалықпай агротехниканың сырына қаныға бердік.

1947 жылдың күзі естен кетпейді. Ақ түйенің қарны жарылды сой сол жылы. Кілең бір сайдың тасындай ірікті қызылшаларды қазып, жинап үлгіре алатын емеспіз. Ұзақты күнге бел жазбай қимылдағанда кешке қарай төбе-төбе қызылшаны үйіп тастаймыз. Звенолас серіктеріміз де жүзі жайрақ. Колхоз председателі Нұрбаев Махмұтқали болса тіпті тыным таппайды. Марқұм сол күндері қатты қуанып жүрді. «Ой, өркендерің өссін, айналып кетейіндер! Келіншектерім жарайды!» — деп мақтауын да аямайды.

Сол жылы менің звеном қызылшаның әр гектарынан 805 центнерден, Ибрахимова Мәрияның звеносы 808 центнерден өнім алды. Жантоқова Дәриға мен Тортаева Қанымқыздың звенолары да бізден қалысқан жоқ. Айнала жұрттың бәрі таңданғанынан жарасын ұстады.

Сондағы табысымыз үшін колхозымыздан жеті адам Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Солардың ішінде мен де бармын.

Иә, Еңбек Ері атауы үлкен абырой екені рас. Бірақ сонымен бірге таудай жауапкершілік жүктейтіні де бар екен. Біз соны ұқтық. Ұқтық та, намысты қолдан бермеуге тырысып бақтық. Қазір ойлап отырсам, тек қызылша өсірудің өзіне 25 жыл өмірімді арнаппын. Ширек ғасыр бойы өз құрбыларыма, әпкелерім мен сінділеріме бас бола жүріп, олардың мұқалмас жігерін, қайтпас қажырын көрдім, талай сүйсіндім. Әр жылдарда гектар сайын 500—600 центнерден өнім алып жүрдік. Атағымыз жайылып, абыройға бөлендік. Өз басым төрт рет Ленин орденімен наградталдым. Отан жүрегі — Москваға бірнеше мәрте барып қайттым. ЕНСС XXII съезіне делегат болдым. Жерлестерім 1962 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат етіп сайлады. «Еңбегі жапын, бағы ашылды» деген осындай-ақ болар. Кешегі от басы, ошақ қасынан шыға алмаған қазақ әйелі қандай еді. Бүгінгі біздің шыққан шырқау биігіміз қандай. Бұл да — Октябрдің жемісі, соның нұр шапараты.

Қазір пенсиядамын. Өзім үйде отырсам, көңілім қызылша плантациясында. Әрі отырып, бері отырып, дегбірі таусылған соң апаныз тура жұмыс басына тартады! Ең болмаса білгенімді айтуға жараймын ғой. Балаларға бас-көз болып, әбден құмарымды тарқатып қайтам. Келіндерім: «Апамның ниеті далаға ауып кеткен» деп қалжындайды кейде.

«Жан тыныштық жақсы екен, жатып ішер ас болса» деген адамды көрсем, екі аяғын бір етікке тығар едім. Ішер асқа да, киер киімге де зәру емеспін. Өкіметтен айналайын, көп жылғы еңбегімнің жемісін беріп отыр. Бала-шаға, келін-кешпігімнің ортасында қаздай қалқып жүрген жайым бар. Бірақ қарап отыра алмаймын.

... Алғаш пенсияға шыққан кезім. Бір күні обкомның бұрынғы секретары А. Асқаров жолдас кезігіп: «Әпке, құп көрсеңіз сізде бір тілегім бар еді. Колхозда адам жетіспей жатқан көрінеді, өзіңіз сияқты қарттардың басын құрап, бір жыл қолғабыс етсеңіздер қайтеді?» — деді. Содан ауылға келіп, тең-тұстарымның бір-екеуіне ақыл салдым да, ертеңіне білекті сыбанып жұмысқа шықтық. «Сындыбалалар пенсионерлердің звеносын құратын болыпты, жастарға көмектесеміз депті» деген сөз сол күні-ақ тарап кетті. Сөйтіп Есімова Көрікті, Сәмекеева Ұлтуған, Жантоқова Зеріп, Сәрсенбаева Кәрима, Мұсаева Айша, Қалдыбаева Жәмила, Иманәлиева Өзипа сияқты аналар тұғырға қайта қонды. «Біз жұмыс істеп, сендер қарап жатпақсыңдар ма» деп, бірнеше шал-шауанды да қатарға қосып алдық. Звено 22 гектар қызылшаны күтіп-баптап, оның әр гектарынан 365 центнерден өнім алды. «Қараңдар, апайлар әбден жарады, Колхоз бойынша бірінші орынға шықты!» — десіп жастарымыз мәз боп қалды...

Міне менің құрбыларым осындай. Октябрь жеңістерін мәпелеп, Совет өкіметін нығайтып, колхоз ұйымдастыруға, жауды жеңіп, бүгінгі мәртебеге, мынадай жарқын күнге жетуімізге олардың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Ал енді қазіргі жас келіншектер мен қыздарға қарап тұрсам, олар да қай істе болсын ер-азаматтардан ешбір кем түсіп жатпаған сияқты. Еңбекте де, өнерде де, оқуда да дәрежесі тең. Бақытты, талапкер ұрпақ өсірдік деп біз мерейліміз. Бір сапта қатар тұрып коммунизм орнатып жатқан ұлдарымыз бен қыздарымыз да бақыт құшағында.

Свердлов ауданы,
«Красная звезда» колхозы.

Жамбыл облысы.

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Өрік РАХЫМОВА,
ВКП(б) XVII съезінің делегаты, дербес пенсионер

Міне еліміздің ең мерейлі мерекесі — Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығын зор салтанатпен атап өттік. Бұл — баршамыздың ортақ қуанышымыз, ортақ тойымыз болды. Өйткені әрбір совет адамы: Октябрь революциясы — менің революциям! — деп зор мақтаншпен айтуға праволы. Қазіргі үш ұрпақтың ілкі буыны оны жүзеге асырса, ортаңғы буын — бізге де аз үлес тиген жоқ: тар жол, тайғақ кешуден өттік, қиын-қыстауда күрес жүргізіп, революцияның жеңісін баянды еттік; енді бүгін әкелер даңқын мұра тұтқан жастарымыздың жасампаздық еңбегіне сүйсінудеміз.

Осындай шалқулы шақта өткен күндердің елесі жиі-жиі ойға орала береді. Өмірдің өткелдері жылдар тізбегін артқа тастап, қарсы алдыма қайта келіп тұрғандай...

Мен қоғам ісіне 1922 жылы араласа бастадым. Ол кезде «өкіл әйел» деген болатын. Соның бірі болдым. Жаңалық біткеннің жаршысымыз. Соқыр тынып жалақы алмаймыз, жүректің әмірімен жұмыс істейтін едік.

Онда бүгінгідей колхоз, совхоз жоқ. Өнеркәсіптің атын да естіген емеспіз. Негізгі мақсатымыз — қараңғы елді ояту, мектеп ашу, қазақ әйелдерін қоғам өміріне тарту. Түгіннен бір-бір қойдан жинап мектеп салдырдық. Балаларды оқуға тарттық. Әңгіме

қыз балаларды оқытуға келгенде, жұрт қиғылық салмасын ба. Білекті сыбанып, тар-тысқа түстік.

Оның үстіне халықтың да ашалаң шары. Байлар астығын бермей қасарысып бақты. Астық дайындауға аттандық, ауылдық ревкомның сенімді қолқанаты болдық. Сөйтіп жүріп жинаған там-тұм астықтың өзін жөнелтуге көлік тағы жоқ. Елден түйе, қап, арқан жинадық. Жас Совет өкіметін нығайтуға, көп жылғы күйзелістен ақ сирақ болған халықтың еңсесін көтеруге барымызды салып бақтық.

Ұршық иіре білетін 29 әйелдің басын құрап, осы Ақсу селосында артель құрғанымыз есімде. Оны «Нағима» деп атаған болатынбыз. Қазақ әйелдерінің ақылшы апасы Нағима Арық қызына білдірген ілтипатымыз еді бұл. Ши, алаша тоқып кәсіп еттік.

Кейін артеліміз Аманкелді артелі деп аталды. Тез өсіп, өндірісі кеңейе берді. Алғашқыда алаша тоқыған әйелдер аздан соң кілем тоқитын дәрежеге көтерілді. Олардың ішінен Нариману Жәңкебаева, Биби Айбасова, Дәмелі Оспанова, Мәміш Қалабаева сияқты он саусағынан өнері тамған шеберлер шықты.

Жаңаның орнығуы оп-оңай бола қойсын ба. Кедергі деген бастан асады. Тіпті өзгені былай қойғанда, өзіміздің үйдегі отарасы Қарабекпен де шөлкем-шалыс келіп қалғаным да бар. 1930 жылы «Өнім» колхозын ұйымдастырып, соған басқарма болған едім. Сонда: «Жалғыз сиырды колхозға өткіздің» деп Қарекен біраз тулады ғой.

Әсіресе бұрынғы дәулетінен айрылған байлар мен олардың түрлі құйыршықтары қатты құсаланды. Олар елдің ішіне ірткі салып бақты, әсіресе ескілікті қарт адамдарға біздің ісімізді құбыжық етіп көрсетуге тырысты. Қан төгусіз, қақтығусыз да болған жоқ.

Осы орайда мынадай бір оқиға еске түседі. 1930 жылы күзге салым мені 11 ауылға, Суықсай деген жерге ауылдық Советке председатель етіп сайлады. Істегеніме небәрі екі айдай ғана болған. Ауыл Баян-жүрек тауының баурайында отырған. Астық жинап жатқан абыр-сабыр уақыт. Екіден-үштен ат мініп сабылғандар көбейіп кетті. Мен оған мән бере қойғаным жоқ, күнделікті міндетті жұмысымды атқарып шапқылап жүрмін.

Қайын атамның Жақыпбек деген туған інісі бар-ды. Бір күні кешқұрым сол кісінің үйінің жақынан отп бара жатыр едім:

— Қарағым, Өрік, бері мойныңды бұра кетші, — деп шақырып алды. Жақындап келіп, жайлап атымнан түстім. Үйге кірдік. Атай төрге, мен жапсар тұсына отырдым.

«Не айтар екен» деп жауап күтудемін. Атай маған қарап түнеріп үнсіз отыр. Бір мезгілде көзінің қарашығы дөңгеленіп, жасқа батып бара жатты. Әлден уақытта көзінің жасын сүртіп тастап, сұп-сұр болып денесін бекітіп алды да, маған ала көзімен атып тік қарады.

— Шырағым Өрік, айтпауым керек еді, бірақ айтпасқа болмады. Сенің қасықтай қаныңды мойныма жүктегім келмеді, — деп атай булығып қалды. Өңі сұсты болғанмен, үні жұмсақ шықты. Даусында діріл бар.

— Аяйтын қылықтарың да жоқ. Үлкенді үлкен деп тындауды қойдыңдар. Енді колхоз боламыз деп жұрттың мал-мүлкін ортаға салып отырғандарың мынау. Осы қылықтарың сыныққа сылтау таба алмай аласұрып жүрген бай-құлаққа желеу болды. Ел арасы бұзылатын болып тұр. Қилыбай, Ысқақ дегендер бас болып, бірсыпырасы арғы бетке өтуге пәтуә жасапты. Коммунистердің дыбысын шығармай байлап өкетеміз, Қытайға өткен соң сыбағасын сонда береміз десіпті...

Өне бойым түршігіп кетті. Денемді бір қара зіл басқандай. Маңдайымнан суық тер бұрқ ете түсті. Жұдырықтай жүрегім атпа тулап алқымыма тығылды. Аузыма сөз түсер емес. Екі көзім жапаңдап, атама қарай берем.

— Ел аяғы бастыққан соң еренсіз боп осында кел. Атыңды тастап кет, тасалай тұрайын, — деді атам.

Жан ұшырып кеңсеме келдім. Кеңсенің қасында Түшкенова Биғайша дейтін келіншектің үйі бар-ды. Екеуіміз дос едік. Биғайшаға естігенімді қысқа рана жеткіздім.

— Мен де естідім, бүгін бір пәле болады. Мыналарды үстіңе киіп ал да жөнел, — деп бір жамаң тон, жырттық шалбар, ескі тымақ берді. Киіп алдым. Апақ-сапақта ауыл-советтің мөрің, кіріс-шығыс кітабын қойныма тығып алып, атамның үйіне қарай ұшып келем. Басқаға дәрмен болмай қалды.

Атайдың үйі ауылдың шетінде, бір үлкен қара тастың ырында еді. Қас қарайғанда алба-жұлба болып жетіп келдім. Тастың үңгірінде ит күшіктеп жатыр екен. Сол үңгірге мені де тыға салды. Аузында ала қаншық, түбінде мен жатырмын. Қозғалсам, ит ырылдайды.

Қанша уақыт өткенін де білмеймін, әйтеуір ел жатар шамада аудан орталығынан алыста жатқан кішкене ауылымыз ұлардай шулап кетті. Ит абалап, мал азан-қазан болды.

Әлден соң тасырлата шауып екі атты келді.

— Келінінді тап! — деп атамды алқымынан алып жатыр.

— Келін бұл манда жоқ. Мана кешқұрым хатшысын ертіп Арасанға түсіп кеткен, — дейді атам даусы қалтырап.

— Табасын! — деді әлгі екеуі әкіреңдеп.

— Тап десендер іздейін.

— Таң атқанша тауып әкелесің, әйтпесе тас ошағынды талқан қылып, өзінді әкетеміз...

Атам атына мініп мені «іздеуге» Арасанға аттанды.

Жұрт улап-шулап көшіп жатты. Бірақ үңгірде жатқан мен кімнің көшіп кеткенін, кімнің қалғанын білгем жоқ.

Атам сол беті Сарқанға, аудан орталығына кетіпті. Сонда милицияда қызмет істейтін Еспай Қожановқа мен жайлы, бүлініп жатқан ел жайлы хабарлапты. Еспай жиырма шамалы солдатпен келіп мені тауып алды. Түндегі оқиғадан үрпіскен жұртты тыныштандырдық.

Сөйтіп ажал аузынан аман қалдым, өзіммен бірге ауылдық Советтің кіріс-шығыс кітабы мен мөрін сақтап қалдым. Кеңседегі өзге мүлік пен документті қашқындар өртеп кетті.

Кейін естідік, сол жолы Қаракөз ауылдық Советінің председателін бандалар байлап әкетіпті. Ақсу селосында аудандық партия комитетінің секретары Ибрагимовты, Қоңыр аулында судья Бұлановты өлтіріп кетіпті. Бұл оқиға біздің ауылда ғана болмапты, кулактар коммунистер мен ауыл активіне қарсы сөз байласып, белсене көтеріліпті. Енді ойласам, бұл тек бізге емес, колхоз құрылысына қарсы күрес екен...

Менің үйімде бір қастерлі мүлік бар. Отыз үш жылдан бері соны сары майдай сақтап келемін. Қолыма алып қараған сайын көз алдыма өмірімнің ең бір бақытты шағы елестейді.

Сонау мың да тоғыз жүз отыз төртінші жыл. Онда мен «Талалкер» колхозында бастауыш партия ұйымының секретары болып істейтінмін. Қазақстаннан ВКП(б) XVII съезіне делегат болған екі әйелдің бірі болып мен де Москваға бардым. Кремльді тамашаладым, еліміздің басшыларын көрдім. Ұйықтап жатқан Ленин көсемге тағзым етіп, қол қусырдым. Өмірімде атын да естіп көрмеген ұлттардың ұл-қызымен аралас отырып ас іштім...

Съезд он төрт күнге созылды. Ол жеңімпаздар съезі деп аталды. Оның да өзіндік мәні бар: съезге біз тап жауларын талқандап жеңіп барғанбыз.

Неліктен екенін білмеймін, өкімет басшысының бірімен ауызба-ауыз сөйлескім келді де отырды. Ойласам да, орайын таба алмай жүрдім. Бір күні үзіліс уағында қасымдағы қазақ әйелімен залда әңгімелесіп тұр едім. Біріне бірі күле қарап, аяқтарын жайлап басып, Михаил Иванович пен Сергей Миронович бізге тура беттеп келе жатты. Жақындап келгенде өнебойым шымыр ете түсті. М. И. Калинин оң қолымды қысып тұрып, менен колхоздың жайын сұрады. Қасымдағы серігім тымаштық жасады. Михаил Иванович хал-жаймен қысқаша танысты да: «жасыңыз қаншада?» деп сұрады. Мен: «36 жастамын» дедім.

— Шаруашылықтары кемшілік әлі-ақ жойылады. Біздің ұстазымыз Владимир Ильич «Оқы, оқы және оқы» деген, оқыңыз. Қазір 36 жаста екенсіз, он жыл оқысаңыз қырық алты жасқа келесіз. Сонда да кемі жиырма жыл қызмет істемейсіз бе? — деп күлімсіреп, қолымды қайта қысып, жылы шыраймен қоштасты да бұрылып жүріп кетті. Мен ешнәрсе айта алмай абыржып қалдым. Әлгінің бәрі көрген түстей. Сөстиып ұзақ тұрдым.

Сонда кімнің суретке басып алғанын білмеймін, әйтеуір Михаил Иванович пен Сергей Мироновичтің ортасында әңгімелесіп тұрған суретімді келесі күні «Правда» газетінен бір-ақ көрдім. Міне содан бері аттай отыз үш жыл. «Правданың» сол күнгі номерін ең қастерлі мүлкім санайтыным содан.

Иә, жетпіс жыл өмірімнің нелер бір естен кетпес бел-белестері бар. Бір үйдің от басы, ошақ қасынан шырып, дүйім жұртқа жөн-жосық айтарлық, жол көрсетерлік дәрежеге жеттім. Михаил Ивановичтің сондағы ақылы бойынша комвузға оқуға түсіп, білім алдым. Жасым алпыстың сегізіне келгенше еңбектен қол үзгенім жоқ.

Туып-өскен аулым бүгінде танымастай өзгерген. Бұрынғы жер кепелердің орнын колхоз, совхоздардың сәнді қалашықтары басты. Жерлестерім бақыт пен паттыққа кенелді. Мұнда менің де үлесім бар. Мен осыған мақтанам!

Әңгімені жазып алған
А. БАЙТУҒАНОВ.

Ақсу ауданы,
Алматы облысы.

Коллектив осылай шындалды

МҰЗДЫБАЙ деп аталатын осы өңірдің тылсым тыныштығы бір-ақ күнде бұзылды. Қарағандыдан келетін ақшаңдақ жол сілемдерімен андыздап лек-лек машиналар өтіп жатты.

Анадайдағы үш-төрт үйлі қостан бір адам атқа қонды да, шуда шаңға қарай тырағайлай шапты. Сол бетте келесі машинаның алдын кесе-көлденендей беріп еді, анау бір бүйірлей бүлк ете түсті де кілт тоқтады. Бетін бозғылт шаң қапқан шофер жігіт кабинадан басын шығарып:

— Ақсақал, ажал айдап жүр ме? — деп қатқыл үн қатты.

— Е, е бала, ажалды құдай жібереді-дағы. Одан да қиястанбай жөнінді айтшы өзің, мынау не көш таусылмайтың?

— Не болушы еді, завод саламыз мына Мұздыбайдан!

— Апыр-ай, ә?! Завод деймісің, бала?

— Иә, металлургиялық завод!

Басқа тілге келген жоқ. Өз жөндеріне кетті. Қария тізгінді бос тастап, өзінше күбірлеп келе жатыр: «Завод дейді, ә? Екі-үш жылдан бері осы айналаны көп түрткілеп кетіп еді әлгі дағарадай ши қалпақ кигендері. Көмір іздеп жүр ме десем...жөн-жөн. Мұздыбай жарықтық бір жасап қалатын болды не де болса».

Сол күннен бастап осынау аймақтан дүбір кеткен жоқ. Күн демей, түн демей толассыз ағылған сансыз машина әртүрлі құрылыс материалдарын жеткізді. Кірпіш заводы, құрылыстық гипс өндіретін цех, асфальт-бетон заводы, паровоз депосы бірінен соң бірі ірге көтере берді. Қарағандымен екі араға тас жол салына бастады. «Мұздыбай» тас карьері іске қосылды. Тұрғын үйлер сап түзеп, бұрынғы кішігірім Самарқант поселкесі күн санап, сағат санап үлкейіп келе жатты. Сөйтіп болашақ Теміртау қаласының іргесі қаланды.

1956 жылы КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі барлық комсомол ұйымдарына, комсомолецтер мен жастарға үндеу қабылдап, оларды жаңа салынып жатқан электр станцияларына, заводтарға, ірі құрылыстарға баруға шақырды. Еліміздегі алып құрылыстардың осы тізімінде Қарағандының металлургиялық заводы да бар еді.

Партия мен үкіметтің шақыруына жастар бірден қызу үн қосты. Олардың екпінді құрылыстарға баруға тілек білдірген өтініштері партия, комсомол комитеттеріне қарша борады. Тек сол жылы Теміртауға 2 мыңдай жігіт пен қыз келді. Россия Федерациясының, Украинаның, Түркменстанның комсомол ұйымдары өздерінің таңдаулы өкілдерін осында жіберді. Шетелдік достарымыз да біздің игі ісімізден қалыс қалған жоқ. Олар казак жерінде салына бастаған металлургия алыбының қажеттерін өтеуге барынша көмек берді. Ал Болгарияның Димитров атындағы жастар одағы өзінің мыңнан астам таңдаулы өкілдеріне жолдама беріп, Теміртауға шығарып салды. Олар алғашқы күннен-ақ нағыз ерлерше еңбек етіп, жұрттың құрметіне бөленді.

Келесі бір-екі жылдың ішінде завод құрылысына келген жігіттер

мен қыздардың саны жиырма мыңнан асып кетті. Ендігі міндет жастардың тұрмысы мен еңбек етуіне жағдай жасау, оларды біртұтас, үлкен коллективке біріктіру еді. Бұл көп күш-жігерді талап етті. Жатын орын жетіспеді. Азық-түлікпен қамтамасыз ету жайы да ойдағыдай емес болатын. Ал жастар күн сайын жүздеп, мыңдап ағылып келіп жатты.

Теміртау қалалық партия комитеті коммунистердің күш-жігерін барлық қиыншылықтарды жеңуге, тату-тәтті тас-түйін коллектив қалыптастыруға жұмылдырды. Тұрғын үй құрылысы жаппай өрістетілді. Тұрмыс қажетін өтейтін мекемелер бірінен соң бірі қатарға қосылып жатты.

Завод құрылысы да өрістей түсті. Аптап ыстық пен қақаған суық жас патриоттардың қажырлы еңбегіне тосқауыл бола алмады.

1957 жылдың 3 декабрі теміртаулықтардың жадында мәңгі сақталатын болар, сірә. Қыстың қақап тұрған қызылшұнақ күні. Аяқ бассаң, шыны қар бұрауы келген домбырадай сыңғырлайды. «Ту-у» деген түкірік жерге түспейді.

Бірақ мұны ешкім елер емес. Буы бұрқыраған көңілді жастар леклегімен құрылыс басына ағылып келіп жатыр. Түс әлетінде әлденеше мың адам жиналған салтанатты митинг өткізілді де, артынша И. Голованов пен С. Матюниннің бригадасы бірінші домнаның алғашқы бетонын құйды. Қазақстанның тұңғыш домна пеші салына бастады!

Завод құрылысы алғашқы күннен бастап бүкіл еліміздің назарында болды. Халқымыз оны «Қазақстан Магниткасы» деп сүйіспеншілікпен атап кетті. Мұның да өзіндік себебі бар еді. 1956 жылы «Правда» газеті былай деп жазған болатын: «Жаңа алып өзінің қуаты жағынан Магнитогорск комбинатымен тетелес деп лайықты аталатын болады... Бұл барынша механикаландырылған және автоматтандырылған, ең озық технологиясы бар кәсіпорын болмақ».

Міне атакты Магнитканың тетелесі — Қазақстан Магниткасын салуға бүкіл ел болып жұмылуының сыры осында. Завод ірге көтере бастағаннан-ақ біз өзіміздің ақжарқын ағаларымыз бен тілеулес бауырларымыздың — орыстар мен украиндардың, өзбектер мен түркмендердің, қырғыздардың, тәжіктердің, латыштардың, белорустардың, болгарлардың, поляктардың, немістердің, басқа да толып жатқан дос пейілді халықтардың ыстық ықыласын көріп, көмегіне сүйеніп келеміз. Кузнецк мен Нижний Тагиль Қазақстан Магниткасын рельспен қамтамасыз етсе, Челябинск металл кесетін станоктарды, «Уралмаш» негізгі жабдықтарды, Ленинград турбогенераторларды, Днепропетровск домна пешінің тоңазытқыштарын жіберіп жатты.

Қазақстан Магниткасы — бүкіл совет халқының перзенті. Тек Россия мен Украинаның өзінен мыңдаған домнашылар мен болат қорытушылар, коксохимиктер мен агломератчиктер, прокатшылар мен тас қалаушы шеберлер, слесарьлар мен токарьлар осында келіп, қазақтың металлургтерін тәрбиелеуге ат салысуы, бірнеше жыл қатарынан неше мың жас жігіттер мен қыздар Нижний Тагильдің, Череповецтің, Днепропетровскінің, Челябинскінің заводтарында болып, тәлім алып қайтуы — осының тағы бір дәлелі.

... Кузьма Павлович Геращенко — пішінді, тұлғалы адам. Сөзді де асықпай, бір түрлі кесек сөйлейді. Тынымсыз күлім қағып тұратын кішкентай мойыл көздері мен мұлайым шырайы өзін жас балаға ұқсатып жіберетін сияқты. Отыз жеті жыл бойы шойын балқытып жүріп тотыққан қонырқай жүзінде ерекше жылылық бар.

Бұл 1959 жыл еді. Онда К. Геращенко Челябинскіде істейтін. Бір күні партком секретары шақырып алып:

— Кузьма Павлович, Теміртау туралы естуіңіз бар шығар, — делі.

— Естімегенде... Әрине естиміз.

— Керемет завод болмақ. Алыптың алыбы нағыз, — деп мақтай

келіп партком секретары атакты шойын балқытушының жүзіне кулана қарады. — Тек сіз сияқты маман жетіспейтін көрінеді...

Екеуінің әңгімесі ұзаққа созылған жоқ. Қоштасарда партком секретары:

— Сізге үлкен сенім артып отырмыз, Кузьма Павлович. Мұны партиялық тапсырма деп есептеңіз. Бізді ұятқа қалдырмағайсыз, — деген-ді.

Кузьма Павлович сенімді ақтады. Қазақстан Магниткасына келген алғашқы күндері-ақ білгір маман екенін танытты. Заводтың бас мамандары көптеген мәселе жөнінде Қ. Геращенконың ақылына құлақ қойып, пікірімен санасатын болды.

Домна цехының аға мастері ретінде ол бір топ уыз жасқа ұстаздық етті. Төлеген Адамюсупов, Болат Қарімов, Хабиболла Сәрекенов, Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмсәлі Намазбаев сияқты шәкірттері қауылап:

— Кузьма Павлович, анау қалай?

— Кузьма Павлович, мынау қалай? — деп тынбай сұраса да, ертелі-кеш ерінбей, жалықпай түсіндіруге бар. Талапкер шәкірт өзінше бірдеңені шұқылап, терлеп-тепшіп жатса, анадайдан қалт жібермей бақылап, балаша жымып тұратынын қайтерсің. Сөйтіп жүріп, алғашқы домна пеші іске қосылар күнге дейін коммунист Қ. П. Геращенко әр ұлттың балаларынан ынтымақты коллектив құрап, өзіне сенімді көмекшілер даярлап алған еді.

Бұл күнді барша Теміртау тықыршып күтті. Қәрі-жас түгел елеңдесіп: «Қашан екен? Қай күнге белгілепті?» десті.

...Әбден кеш жамырап, қараңғы түскенге дейін күйеуінің келуін күткен Мария Дмитриевна қызына кейіс білдірді:

— Әлгі шалға не болды екен, барып біліп те келмедің-ау, Людочка.

— Не болушы еді, мама. Шәкірттерінің жатақханасында жүрген болар.

— Бұған сыр мінез ана илана қоймады.

— Қайдам. Жақында домна пеші іске қосылады десіп жүр ғой. Әкеңнің үйреншікті «дерті» басталған-дағы...

Мария Дмитриевна ыстық сорпасын алып заводқа тартты. Қателеспеген екен. Күйеуін жұмыс орнынан тапты.

— Ашуды қоя тұр, кемпір. Уақыт тығыз. Жағдайды өзін де білесің ғой, — деп Кузьма Павлович ақтала сөйледі.

Содан үш күн бойы цехтан қарыс аттап шыққан жоқ. Ертелі-кеш ыстық ас әкелген әйеліне қуыстана қарайды да: «Қайтейін, бәтір-ау, жай осы» дегендей жымып қояды. Тамағын абыл-құбыл ішіп жұмысқа қайта кіріседі. Өзіне де, өзгеге де тыным таптырмайды.

Мың тоғыз жүз алпысыншы жылғы 30 июньде Нижний Тагиль металлургиялық заводының директоры Социалистік Еңбек Ері А. Ф. Захаров бастаған мемлекеттік комиссия Қарағанды металлургия заводының тұңғыш домнасын қабылдап алды да, оны үрлеуді 2 июль күніне белгіледі.

— Ал, Кузьма Павлович, ендігі үмітіміз сенде, ұятқа қалдыра көрме, жарықтығым, — десті достары.

Межелі күн. Домна цехының айналасы қарақұрым халық. Қ. Геращенко таң сызат бергеннен осында жүрген. Мандайы шып-шып терлеген. Жүрегі атша тулайды. Таныс сезім. Отыз жылдан бері мұндай сәттер талай рет басынан өткен. Сонда да бойы үйренбепті. Толқи береді.

Сағат үш кезі. Айнала жұрт тына қалды. Кузьма Павлович бойын билеп, қатуланып алды да, бірінші домнаның алғашқы шойынын ағыт-

ты. Жалынданған сұйық шойын лап қойды. Қазақстанның тұңғыш шойыны!

Теміртаулықтар бірін бірі құттықтап жатыр. Қуанышта шек жоқ. Сол жерде өткізілген митингіде Кузьма Павловичтің мына сөзі осы қуаныштың төркінін танытқандай еді.

— Біз бақытты жандармыз, — деді байырғы домнашы. — Көбіміз осында алғаш келгенде бұл маңайда көз тоқтатарлық қара жоқ еді. Енді міне Теміртау деп аталатын сәнді қаламыз бар. Біз Қазақстанның тұңғыш шойынын береміз деп келген едік. Міне бүгін сол мақсатымыз орындалды. Енді біз Қазақстанның тұңғыш коксын, тамаша болатын да шығарамыз.

Шынында дос сүйініп, дұшпан күйінерлік жеңіс еді бұл. Бұрын мұндай домналар көбінесе он жылдап салынып жүрген болса, Қазақстанның тұңғыш домна пеші бас-аяғы екі жарым жыл ішінде шаңырақ көтеріп, іске қосылды. «Қазақстан домнасының тууы — барша совет халқының ерлігі, — деп жазды ертеңінде «Правда» газеті. — Бұл жерде тек домна емес, ауыр индустрияның алыбы іске қосылып отыр».

Қазақстанның тұңғыш домнасы алғашқы күннен-ақ жақсы жұмыс істеп кетті. Қарқынға қарқын қоса отырып, шойын балқытушылар келесі айда пештің бір циклын жарты сағатқа қысқартты. Сөйтіп олар жыл аяғында жоспардан тыс 34,1 мың тонна металл өндірді.

Қазір екі домна пешін біріктіретін цехта 570 адам еңбек етеді. Бұл — әр ұлттың балалары бас қосқан тату-тәтті коллектив. Көбі жастар. Бұлар біраздан бері коммунистік еңбек цехы деген құрметті атақ үшін күресіп келеді.

Ынтымақтың ұйтқысы — цехтың партия ұйымы. Онда 57 коммунист бар. Ұйым мүшелерінің барлығы да өндірістің ең жауапты буынында еңбек етеді. Болат Досәлиев, Шәйзат Жылқайдаров, Кузьма Герасценко, Төлеубек Хамзин, Төлеген Адамюсупов, Нұрсұлтан Назарбаев сияқты коммунистер тек домна цехына ғана емес, бүкіл заводқа, тіпті барша қала халқына мәлім, өнегелі жандар.

Бұлардың ерлік еңбегінің нәтижесінде өндірілген жоғары сапалы шойын күн сайын Волгоградқа, Орынборға, Душанбеге, Фрунзеге, Қуйбышевке, Сызраньға жөнелтіліп жатады. Ал Герман Демократиялық Республикасы мамандарының Қазақстан шойынына берген аса жоғары бағасы — бүкіл цехтың үлкен мақтанышы.

Домна пеші іске қосылғаннан соң бес айдан кейін, қыстың шағырмақ күндерінің бірінде заводтағы екінші ірі өндіріс ұясы — кокс батареясы пайдалануға берілді.

— Ол да біздің заводтың тарихындағы жарқын белес еді, — дейді коксохимия өндірісі бас инженерінің орынбасары Н. П. Смолянок жолдас. — Бұған дейін Қазақстанның өз коксы болған емес. Оның үстіне тап Қарағандының көмірі де өз алдына кокстеліп көрген жоқты. Осы екі міндетті бірден шешіп, тез қарқын ала бастаған домна өндірісіне өз коксымызды беру сәті таянғанда қандай сезімде болғанымызды түсіну қиын емес. Несін жасырайың, қатты толқып жүрдік. «Көз қорқақ, қол батыр» дейді ғой. Сол рас екен. Сәтті сағат соққанда бәрі де ойдағыдай болып шықты.

Содан бергі жеті жыл ішінде коксохимиктер коллективі ерен еңбектің үлгісін көрсетумен келеді. Қазір Теміртаудың коксы тек Қазақстан Магниткасының қажетін өтеп қана қоймай, Орскінің, Шымкенттің, Қушваның, Душанбенің, Фрунзенің көптеген кәсіпорындарына жөнелтіледі.

Қарағанды металлургия заводының бұдан былайғы тарихында да жарқын белестер аз емес. Әйгілі болат қорытушы Арғын Жүнісов пен Юрий Овчинников қатар тұрып, алғашқы мартен пешін іске қосқан 1964 жылғы 1 октябрь де теміртаулық металлургтердің есінен кетпейді.

КПСС XXIII съезі ашылар қарсаңында жаңа бесжылдықтың алғашқы перзенті — аса қуатты «1150» слябинг пайдалануға берілді. Бұл да зор жеңіс еді.

Ал завод құрылысы әлі жүргізілуде. Ол қазір өзінің нағыз кемелденген шағында. Болат қорытудың ең жаңа әдістеріне негізделген қуатты конвертор цехы салынып жатыр. Металды суық күйінде прокаттау станы да заводтағы жаңа объектілердің қатарын толықтыра түспек. Жуықтағы бір-екі жылда қуатты домна пеші, екі кокс батареясы, бірнеше қосалқы цех іске қосылады.

Бүгінде Қазақстан Магниткасы — достық ұясы. Онда еліміздің әр түкпірінен бір тілекпен, ортақ мақсатпен келген 27 ұлттың адамдары еңбек етеді. Олар қысыл-таян кезде бір-біріне сүйеу, қуаныш үстінде — тілеулес. «Өзіміз болат қорытатындықтан, оның қаншалықты берік екенін жақсы білеміз ғой. Ал достығымыз болаттан да берік» деседі темір-таулық өрендер.

— Бізде Т. Токжігітов дейтін қазақ жігіті бар, — дейді Николай Павлович Смоляко. — Өзі сауыққой, әнші. Сонысынан болар, жігіттердің бәрі оны «Бұлбұл» деп атайды. Бір күні мынадай оқиға болды. Смена алдындағы бес минуттық бас қосуға жиналғанбыз. Әбден төрт көзіміз түгелденгенде жігіттердің бірі ортаға шыға келді. Бір күшак ойыншық, жөргек-жастық дейсің бе, әйтеуір толып жатқан бөлек-салалығы бар.

— Кәне, Бұлбұл, бері шык! — деді.

Анау қысыла-қымсына ортаға шығып еді:

— Кішкентайының бауы берік болсын! Мынау — болашақ металлургке деген азын-аулақ сыйлығымыз. Ал көрімдігін жігітті көргенде береміз. Солай ғой?

— Солай! — деп жігіттер қуанышты әкенің қолын қысып, көпке дейін гүлдесіп жатты. Қуанғаныннан көзіме жас іркілді.

— Рахмет, жігіттер, Кішкентайының бауы берік болсын, Бұлбұл, — дедім мен де.

Қазақстан Магниткасы — кадрлар ұясы. Осында келіп өзінің өмір жолын, жеке басының бақытын тапқан жігіттер мен қыздар қаншама! Нұрсұлтан Назарбаев, Әбен Итенов, Асхат Жылқайдаров, Болат Досәлиев, Молдахмет Қожатаев, татар қызы Людмила Шарипова, украин қызы Нина Мазур, неміс қызы Маргарита Штремер, чуваш қызы Александра Макарова, болгар бауырлар Боян Алексов, Стефан Шушков, ерлі-зайыпты Борис пен Тодорка Ичевтер, тағы басқа да мыңдаған жастар заводпен бірге өсіп, біте қайнасты. Мұнда Үкен Тұрмағамбетов, Григорий Цой, Михаил Нечкин, Петр Роман, Пелагея Захарова, Төлепберген Сәлімбаев, Әлхан Райымбетов, Владимир Скрипаль сияқты атакты металлургтер еңбек етеді.

Теміртау — жастар қаласы. Қазір қала халқы 160 мың десек, оның жүз мыңнан астамы жас жігіттер мен қыздар болар. Соққала, Бөкі қала, Жаңа қала деп аталатын аудандардың қайсысына барсаңыз да көретінініз — ықшам киінген көңілді жастар. Тіпті қаланың өзі де енді-енді кемелденіп келе жатқан жігітті көзге елестетеді.

Көкке асқақ бой созып, ерен еңбектің туын тіккен Қазақстан Магниткасы, дарқан дала төсіне алтын алқадай жарасқан осынау сәнді қала Теміртау, бесжылдықтың балғасын солқылдата соққан жасампаз жастар — осының бәрі көпке дейін ойыңызды билеп, көңіліңізден кетпейді. Бұл — бүкіл халқымыздың жеңісі, бұл — Ұлы Октябрдің жемісі!

Б. ӘДЕТОВ.

Теміртау қаласы.

КӨРКЕМ СӨЗДІң АСТАМ ШЕБЕРІ

Қазақ мәдениетінің тарихында жазушы, драматург, публицист, зерттеуші, аудармашы Мұхтар Әуезовтың алатын орны ерекше. Әдебиеттің әр жанрын биік кемелге көтерген, қазақ әдебиетінің профессионалдық өрісін кеңейтіп, даңқын асырған саңлақ суреткер М. Әуезовтың өнерпаздық жолы — халқымыздың советтік дәуірде өсіп-өрлегендігінің көркемдік куәсі, анық айғағы. Ұлы жазушының творчествосы туралы айтылған жылы лебіздер, игі пікірлер жұртшылыққа мәлім. Бір кезде академик Қ. Сәтбаев «Абай» романын сөз ете келіп, оны қазақ халқының өткендегі өмірінің энциклопедиясы деген еді. Ал қырғыз жазушысы Ш. Айтматов Орта Азия халықтарының мәдениетіне Мұхтар Әуезов тигізген әсерді Пушкиннің кейінгі орыс мәдениетіне жасаран ықпалымен теңеді. Орыс драматургы Н. Погодин М. Әуезовты «Шығыстың Шолоховы» деді. Бұл пікірлер М. Әуезовтың қазақстандық, орта азиялық, бүкіл одақтық көлемдегі орнын жақсы тұжырымдайды. Көрнекті француз жазушысы Луи Арагон М. Әуезов шығармаларының әлемдік маңызын жоғары баралады. Л. Арагон «Абай» эпопеясын ХХ ғасырдағы әдебиеттің ең таңдаулыларының қатарына қосты. Осындай бағаны жер жүзіне аты мәлім өзге де көп қаламгерлер қайталап айтты. М. Әуезов шығармалары дүние жүзінің отыздан астам тіліне миллиондаран тиражбен аударылып басылды.

Үлкен суреткердің творчествосын ой көзімен шолсақ, оның тамаша үлгілі, терең мағыналы өнер жолын көреміз. Сонау жиырмамыншы жылдардың басында жазылған «Қорғансыздың күнінен» «Абай жолы» эпопеясына, отызыншы жылдардағы «Білекке — білектен» «Өскен өркен» романына, «Еңлік-Кебек» трагедиясына «Дос — Бедел досқа», эпос, әдебиет тарихы туралы мақалаларынан әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, жаңа қаһарман жайындағы теориялық зерттеулеріне дейінгі аралық тұтас көркемдік ізденіс пен өрлеудің, сөз зергерлігіне жетіліп кемелденудің, өмір диалектикасын бардарлаудың, азаматтық, отаншылдық борышты өтеудің өнегесі болды. Жазушының ұзақ жылдардағы үздіксіз еңбегін, орасан тәжірибесін, идеялық, көркемдік есею эволюциясын еске алмай, оның «Абай жолы» сынды теңдесі жоқ туындысының сырына көз жеткізу қиын. Сол үшін, мүмкін қадарынша, М. Әуезовтың әр кезеңде шыққан белестерін, ашқан жаңалықтарын жинақтап, талдап көрсеткен дұрыс.

Жиырмамыншы жылдар — М. Әуезовтың аса өнімді жазған, суреткерлік «тыңын» тапқан, мол барлау, тәжірибе жинаған кезеңі. Оған дейін бірсыпыра жүйелі білім алып, әлемдік әдебиетпен жақсы танысқан автор дала өмірінің көркем шежіресін жасауға кіріседі. Ол халықты тәрбиелеу үшін қоғамның орасан көп дерттерін көрсетіп, әшкерелеу, «әлеуметтік өмір докторы» болу қажет деп санайды. Жұртшылықты тікелей күреске шақырмағанымен, халық тіршілігінің тереңін, ішкі қайшылықтарын асқан білгірлікпен суреттейді. «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесінде», «Жетім», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Жуандық», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек» сияқты әңгімелері мен повестерінде сол тұстағы қазақ елі тіршілігінің әртүрлі қыры мен сырын елестетеді. М. Әуезовтың әдебиеттік сапарын осылай бастауына орыстың классикалық әдебиетінің айрықша әсері тиді.

Мысалға 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күнін» алып қарайық. Мұнда панасыз, ғарыш жетім Ғазиза деген қыздың адам айтқысыз озбырлық, қорлыққа шыдамай, боранға ұрынып, үсіп өлгені әңгімеленген. Әлеуметтік теңсіздік туралы «Қорғансыздың күнінен» бұрын да жазылып келгенін білеміз. Ы. Алтынсариннің, С. Көбеевтің, С. Торайғыровтың әңгіме, повестерінде таптық қайшылықтар сөз болатын. Бірақ М. Әуезов әңгімесінде сол қайшылық терең әрі байыпты көрсетіледі. Оқушы мұнда Ақан сияқты тиюсыз өскен әкімнің тағылық қылықтарына жиреніп қана қоймайды, адамдар арасындағы осындай сорақы әділетсіздік жойылуға тиіс деген

берік шешімге де барады. Теңсіздікке негізделген ескі өмір қалпының тұйыққа тірелгенін, рухани дағдарысқа ұшырағанын көрсете алуы бір әңгімеге аз сыбаға емес.

«Қорғансыздың күні» көркемдік бітімі жағынан да әдебиеттегі жаңа сөз еді. С. Мұқанов бұл шығарманы Европа әңгімесінің дәрежесіне көтерілген алғашқы қазақ әңгімесі деп бағалады. Кейіннен М. Әуезовтың күллі прозасына тән болып қалыптасқан кейбір нышандар осы әңгімеде анық бой көрсетті. Соның бірі — адам мінезінің қайталанбас, дара ерекшелігін ашу. «Қорғансыздың күнінде» болыс Ақан, оның серігі Қалтай, пәк, сәби қыз Ғазиза, оның қарт әжесі жанды бейнедей елес береді.

Табиғат құбылыстарын адам көңіліне лайық суреттеп отыру да «Қорғансыздың күнінде» елеулі орын алады. Бұл да автордың кездейсоқ қадамы емес, әбден өзі ұнатқан, оңтайына келетін әдемі тәсілдің бірі. Жазушының қай шығармасында болса да табиғат суреттері көрнекті орын алады.

Осылайша өз шығармасында М. Әуезов қазақ өмірінің әр қырын сөз етеді. «Жетім» деген әңгімеде Қасым атты баланың қасіретті балалық шағы, «Барымтада» ертеде ел арасында кең тараған әдет — өзара жауласып, мал барымталасып қуғын-сүргінге түсу зардабы, оның салмағы, ең алдымен, кедейлер мен жарлы-жақыбайларға түсетіні ақиқат суреттеледі.

М. Әуезовтың жиырмамыншы жылдардағы шығармалары көбіне бұрын ешкім көтермеген, көрсетпеген шындықтарға құрылған. Соның бірі — «Оқыған азамат». Жазушы бұл әңгімесінде қазақ жастарының оқығандары ішінен дүниеқор, пасық болып шыққандарды мінейді. Өзінің қайтыс болған жолдасының әйеліне үйленумен тынбай, жолдасының кәрі шешесінің қолындағы дүние-мүлікті «заңын» тауып, зорлықпен алатын Жұмағұл сияқтының оқумен тапқан білімі арам байлық, тақыстық жолына жұмсалғанын көрсетеді. Жұмағұл да, оның жылтырақ жиһазға құмартқыш әйелі Қадипша да — бұқараның жоғын жоқтаушылар емес, пасық байдың кейіндегі адамдар. Жұмағұл мен Қадипшаның баудан басқа тілегі жоқ, олар бұл жолда қандай қиянат, қарау істен де шімірікпейді. Бұл — жеке меншікшілдік мүддені ғана мақсат еткен буржуазия өкілдеріне тән сыпаттар. Автор Жұмағұлдардың малқор, мейрімсіз тұлғасын сынайды. Қадипшаның бұрынғы күйеуінің достарының бірі Мейірхан Жұмағұлдың қылығын: «Байдың баласысың, бай жесірдің байысың, бай қайыңға күйеусің... Оқығаныңа емес, тоқығаныңа бақтың ба? Жыланға түк біткен сайын қалтырайды деп, байыған сайын араның ашылып, жұтпақсың ба зарлыны? Қақаларсың өлі-ақ» деп әшкерелейді.

Енді бір әңгімеде («Жуандық») ескі рушылдық қатынастар дәстүрінің шырмауынан шыға алмай, өз правосын сезінбей жүрген Жақсылық сынды кедей бейнесі көрінеді. Тағы бір шығармадан («Қыр суреттері») әменгерлік салтымен еріксіз әйел етпек болған шалдан қыстың көзі қырауда қашып шығып, боранға килігіп азап шеккен жас келіншек Рабиғаны ұшыратамыз. Тән сұлулығына, қаланың жалтылдақ мәдениетін үстірт үйренгеніне малданып, жігіттен жігіт таңдаймын деп жүріп, ақырында күйеусіз қартай бастаған Ғайша қылықтары да («Кінәмшіл бойжеткен») суреткер қаламынан қағыс қалмайды. Күйеуі өліп жесір қалып, жылдар бойы өз сезімімен арпалысқан Қаракөз («Қаралы сұлу») тағдыры да есте қаларлық.

М. Әуезовтың ақиқат пен көркемдікке толы әңгімелері қазақ әдебиетінің профессионалдық биікке шығуына, реалистік дәстүр қалыптастыруына, жүздеген жылдық жазба проза үрдісі бар елдер әдебиетін «қуып жетуіне» қажетті көпір, жаңадан алынған шұрайлы шөп тәрізді еді. Бұл шығармаларда революциялық пафос онша сезілмегенімен, реалистік қуат пен тереңдік мол болатын. Жазушының жиырмамыншы жылдардағы шығармаларының принциптік, эстетикалық мәні осында.

Жазушының жиырмамыншы жылдардағы шығармаларының ішінен «Қараш-Қараш оқиғасы» өзгеше орын алады. Мұның ерекшелігі шығармада кемел көркемдік пен прогресшіл де шарапатты дүние танымның табиғи қабысуында. М. Әуезовтың суреткерлік сапарындағы тың өріс алғаш рет осы повестен айқын көрінді. Егер автор бұған дейінгі қаһармандарының іс-әрекетін, өмір ағысын қаз-қалпында, жанды байланыстар үстінде көрсетумен, қайшылық пен тартысты табиғи ауанына ғана жіберіп, авторлық аңсарын ашық түйіндеуге бармай келсе, «Қараш-Қарашта» революциялық дүние танымның ізі айқын аңғарылады.

М. Әуезовтың отызыншы жылдардағы шығармаларынан жаңа идеялық бағдарды көреміз. Бұл кезеңде ол проза, драматургия жанрларында қатар қалам сілтейді, тамаша туындылар жасайды. Оның «Түнгі сарын», «Аймаң-Шолпан», «Абай» (Л. Соболевпен бірге жазған) сияқты пьесалары қазақ драматургиясы тарихында көрнекті орын алды, театрлардың тұрақты репертуарына қосылды. Ауыз әдебиеті мұраларын тиісінше өңдеп, жаңа мақсатқа жарату мүмкіндігін жазушы өзінің творчестволық тәжірибесімен

дәлелдеді. М. Әуезовтың театр тарихы, теориясы, фольклор жөніндегі терең пікірлі мақалалары да сол кездегі әдеби өмірдің арнасына құйылып жатты. Бұдан кейін де автор бірталай пьеса жазды. Солардың ішінен іріктеліп, уақыт сынына жарап келе жатқандары «Қарақыпшақ Қобыланды» және ертеректе жазып, кейіннен түбірлі өзгерістер енгізген «Еңлік-Кебек» пен «Қаракөз».

Суреткердің бесжылдықтар дәуіріндегі әңгімелері де («Білекке білек», «Қасеннің құбылыстары», «Іздер», «Құм мен Асқар», «Шатқалаң», «Бүркітші» т. б.) қызғылықты. Бұлардың көзге бірден түсетін ортақ сыпаты — негізінен советтік дәуір шындығын, адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастарды көрсетуге арналғандығы. Жазушының творчествосында бұл шығармалар елеулі орын алады.

Дегенмен бұл шығармалар көркемдік жағынан біркелкі емес еді. Оған бірнеше дәлелді себептер келтіруге болады. Ең алдымен, социалистік реализм әдебиетінің өзіне тән тың ерекшеліктері көп екенін есте тұту керек. Ежелгі классикалық реалистік әдебиеттің көркемдік бояуларын түгел сақтай отырып, әрі революциялық, партиялық тұрғыны берік ұстап шығарма жазу жаңаша шеберлікті керек ететін. Адамзаттың көркемдік дамуындағы бұл тың бетбұрыс озық идеяға құрылған, жасампаз күрескер тұлғалары бар шығармалар әкелді. Сонымен қатар таза көркемдік белгілері жағынан ондай шығармалардың біразы солғындау да көрініп жүрді. Жаңа, социалистік реализм дәстүрінің толық кемелденіп үлгірмеуі, тәжірибе жетімсіздігі, демек, іздену, барлау жолындағы қиындықтар көп қаламгерге ортақ еді.

Сонда да болса М. Әуезовтың шығармалары оның өмірді жаңартушы, ескілікпен күресуші кейіпкерлер бейнесін жасау жолында жақсы тәжірибе болды. Мәселен, «Шатқалаң» деген әңгімеде колхоз құрылысының жауларына қарсы еңбекшілерді бастай білетін, коммунистік мұраттар жолында жан аямай қайрат көрсететін, өз мүддесін халықтың мүддесімен ұштастыратын жаңа, озық адам — Саматтың тартымды тұлғасы бар. Ал «Бүркітші» деген шығарманың орталық кейіпкері — Бекбол бойында да дәуіріміздің алдыңғы қатарлы адамдарына тән озық қасиеттер ұшырайды. «Іздердегі» Құлжатай мен Несіпбай туралы да осыны айтқан жөн. Бұл қаһармандардың мінез, келбетіндегі айырмашылықтар айық. Дегенмен осылардың бәріне ортақ кейбір жалпы сыпаттар да жоқ емес. Ол — партия бастаған ұлы істерге шын берілгендік, социализм орнату идеясын табиғи қажеттіліктей қабылдаушылық, өмірді жақсартуға деген сенім, қиындықтан, кедергіден тосылып қалмай, ілгері ұмтылу. Мұндай тұлғалардың кезінде тәрбиелік мәні күшті болғаны күмәнсіз.

М. Әуезовтың қазіргі заман тақырыбына жазылған шығармаларында кейіпкерлер әлеуметтік оқиға төңірегінде әрекет етеді. Біз оларды көбінесе жасырын жаулардың қастандығын әшкерелеп, қыраарлық көрсетіп жүрген кезінде көреміз. Бірақ кейде сол шығармалар негізіне алынған тартыс жасанды, біржақты сезілетін кездер бар. Осы себептен және кейіпкерлердің көңіл күйі саяз алынғандықтан, олардың эстетикалық өсері оша күшті бола бермейді. Мұндай көрініс сол дәуірде жарияланған көптеген шығармаларға ортақ мін болатын.

Отызыншы жылдардың аяқ кезінен М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясының жеке тарауларын жаза бастайды. Бұл эпопеяның бірінші кітабы 1942 жылы, екінші кітабы 1947 жылы жарық көрді, ол кітаптар іле-шала орыс тілінде де басылып шықты. Алғашқы екі кітап үшін авторға 1949 жылы бірінші дәрежелі Мемлекеттік сыйлық берілді. Эпопеяның үшінші кітабы алғаш рет 1950 жылы, кейіннен 1952 жылы жарияланды; соңғы кітабы 1956 жылы басылды. Төрт томдық «Абай жолы» романының толық аяқталып бітуі тек қазақ әдебиетіндегі ғана емес, бүкіл Одақ әдебиетіндегі үлкен оқиға болды. Шығарма еліміздегі көптеген туысқан халықтар тіліне аударылды, шетелдерде басылып шықты. «Абай жолы» — қазақ жазба әдебиетінің асқар шыңы. Бұл шығарма халқымыздың дарқан рухани күшін, көркемөз қабілетін, авторының даналығын әлемге танытты. 1959 жылы Мұхтар Әуезовке «Абай жолы» эпопеясы үшін Лениндік сыйлық берілді.

«Абай жолы» эпопеясынан суреткердің орасан талантты мен озық мәдениеті, жылдар бойында шыңдаған қаламгерлік шеберлігі, бүкіл рухани қуаты жан-жақты көрінді. Шығарманың өзі қазақтың көркемдік мәдениетінің күлші табыстарын, европалық әдебиеттердің, ең алдымен орыс әдебиетінің бейнелеу мүмкіндіктерін автордың еркін игеруі нәтижесінде туды деумен бірге бұл эпопея сол әдебиеттерге өз тарапынан ықпал жасарлық дәрежеге жетті десек, мұнымыз асыра айтқандық болмайды.

Ең алдымен, біз бұл туындыдан қазақтың жаңа тарихындағы ең нұрлы, биік тұлға, данышпан ақын, кемеңгер ойшыл, әділеттік пен адамдық үшін «мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың бейнесін көрдік, сонымен қатар заманында Абайға сүйеніп, медет болған халық өкілдерінің ұнамды тұлғаларын таныдық. Абайдың азаматтық, ақын-

дық жолдарының ең маңызды, түйінді тарихи тұстарына қанық болдық, оның әшпес, өлмес шығармаларының шығу тегіне түсіндік. Санамызға тек асыл сөздерімен, кемел трибратымен ұялаған Абай тұлғасын жанды қалпында, өмірлік, өнерпаздық сапарының барысында көрсетуі, халықпен қайта қауыштыруы — М. Әуезовтың зор суреткерлік таланты.

Романда жеке адамдардың ғана емес, бүкіл халықтың өміріндегі ең маңызды бет-бұрыс, ірі оқиғалар суреттеледі, халықтың салт-санасы, мінез-құлқы, наным-сенімі, арманы мен мұраты көрсетіледі. Демек, бұл — тұтас халықтың тарихи өсу жолы туралы шығарма. Қазақ халқының жарты ғасыр ішіндегі өмір белестерін, қорамдық, әлеуметтік, ұлттық басты қайшылықтарын, ел ішін меңдеген дерттер мен келешегі үлкен күштердің қақтығыс-тартысын автор шебер мүсіндейді.

«Абай жолы» — ақырында, қазақ пен орыс еңбекшілерінің тарихи тағдырластығын, бұлардың болашаққа деген үміті бір екенін көркемдік шындықпен бейнелеген шығарма. Арғы тарихта неше алуан күн кешіп, бергі ғасырларда ұлттық езгіге, отаршылдық қыспағына түскен қазақ халқының келешекте көгерер, өсер ең пайдалы жолы қайсы дегенге Абай заманында айтылған жауап та сенімді. «Абай жолы» романының осыншама құрметке бөленуі ондағы көтерілген идеялардың өмір ақиқатына сәйкестігінде, ал Абайдың өз басының ұлылығы тұған халқының адал ақылшысы, адастырмас рухани жетекшісі бола білгендігінде.

Мұхтар Әуезов творчествосының шыңы «Абай жолы» болса, жазушының үлкен эпопея көлемінде жазбақ болып, үлгіре алмай кеткен шығармасының алғашқы бөлегі — «Өскен өркен» романы еді. Шындығында «Өскен өркен» — толық аяқталып бітпеген күйінде-ақ оқушының назарын аударарлық қымбат туынды. Автордың қазіргі қазақ романына қосқан өзіндік жаңалығы да бұдан танылады.

«Өскен өркен» романында жазушы қазіргі дәуір адамдарының тартымды тұлғасын жасады; жылдар бойында көп шығармаларда қалыптасқан сюжеттік-тартыстық жүйеге өзгеріс енгізді; интеллектілі қаһарман бейнесін сомдап көрсетті; өмірлік, мемлекеттік түйінді проблемаларды көтере білді.

Ғажайып, кемел суреткер Мұхтар Әуезовтың туған халқымыздың мәдени, көркемдік дамуына қосқан сыбағасы ұшан-теңіз. Ол атақты, белгілі шығармаларында ғана емес, мақала, зерттеулерінде де жұртшылықты жаңа өскелең биікке ұдайы бағдарлап отыратын рухани ұстаз еді. Оның кез-келген еңбегінде бұрын ешкім айтпаған соны пікір, тұжырым, көркемдік тәсіл кездесіп отырады.

Мұхтар Әуезовтың ұлттық көркем сөз өнерін дамытуға енгізген жаңалықтары көп-ақ. Бұларды екшеп айтқанда, былайша пікір қорытуға болады. Біріншіден, М. Әуезов шығармаларымен бірге қазақтың жазба прозасына терең реалистік, психологиялық сыпат келді. Оған дейінгі әңгімелерде, повестерде, романдарда адамдардың әлеумет майданындағы істері, қайшылықтары ғана айтылып, характер, мінез ерекшелігі, қайталанбас даралығы ашыла бермейтін. Екіншіден, Мұхтар Әуезов туындыларында табиғат суреттері тұңғыш рет жай тамашалау болмай, характерді, жағдайды анықтай түсерлік жанды, қажет бөлшекке айналды. Оның шығармаларында табиғат көрінісі оқиғалар желісіне орай тамаша өрнек-нақышымен суреттелген. Біз табиғатта соншама ғажайып көрік, таусымас, көнермес ажар бар екендігін қазақ әдебиетінде М. Әуезов творчествосынан айрықша танимыз. Үшіншіден, М. Әуезовты біз қазақтың қазіргі жазба әдеби тілін жасаушылардың ең көрнектісі деп білеміз. Оның қаламынан шыққан сөз байлығы, сөйлеу дәстүрі, жаңа теңеулер мен қанатты сөздер, жаңа атаулар мен ұғымдар қанша десенізші! М. Әуезовтың сөз қолданыстары қазақтың қаламгер қауымының үлкенді-кішілі өкіліне тегіс ықпал жасады деуге болады.

Қазақ халқының үлкен мақтанышы, ардагер азаматы Мұхтар Әуезовтың артында қалдырған әдеби мұрасы мол. Оның қаламынан туған проза, драматургия, аударма, сын-зерттеу еңбектері, публицистикалық мақалалары әзірше он екі том болып шыққалы жатқаны бұған әбден айғақ. Қазір осы шығармалар жинағының алғашқы үш кітабы оқушылардың қолына тиді.

М. Әуезовтың қай-қай шығармасынан да халқына деген шексіз махаббат, оның келешегіне деген зор сенім айқын сезіледі. Дарынды жазушының сұлулық пен парасатқа толы туындылары болашақта да талай ұрпаққа қызмет етіп, үлгі-өнеге болмақ. Адамзаттың ғасырлар бойы арман еткен ұлы мұраттарын халыққа жеткізіп айта білген, шығармалары халықтың жүрегіне жол тауып, оның рухани мұрасын байытқан тамаша көркемсөз зергерінің есімі мен еңбегі халқымен бірге, елімен бірге жасай беретіні ақиқат.

Р. БЕРДІБАЕВ,

филология ғылымының кандидаты.

«Қазақстан коммунисті» журналында 1967 жылы жарияланған мақалалар мен материалдардың көрсеткіші

	№	Беті
ҚПСС Орталық Комитетінің Пленумы	7	1
Ұлы Октябрь социалистік революциясына 50 жыл. ҚПСС Орталық Комитетінің Тезистері	7	2
ҚПСС Орталық Комитетінің Пленумы	10	2
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IV пленумы	2	3
Социализмнің ұлы жеңісіне елу жыл. ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың баяндамасы	12	1
Совет халқына, Советтік Социалистік Республикалар Одағының барлық еңбекшілеріне. ҚПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советінің Үндеуі	12	34
Ұлы Октябрь социалистік революциясына елу жыл. ҚПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың баяндамасы	12	39

БАС МАҚАЛАЛАР МЕН РЕДАКЦИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР

Ленин туын көтеріп алға баса берейік	1	2
Ауыл-село еңбеккерлерінің ардақты міндеттері	2	12
Социалистік демократияның өмірлік күші	3	3
Ленинизмнің жеңімпаз ұлы туы	4	3
Берген сертке берік болайық	4	26
Совет адамына партия қамқорлығы	5	2
Бүгінгі басты тақырып	5	59
Халықтардың қауіпсіздігі мен бейбітшілігі үшін	6	2
Үнемшілдік пен ұқыптылық — шаруашылықты дұрыс жүргізудің әдісі	6	62
Партия ұйымдарының ұйымдастыру-саяси жұмысын жетілдіре берейік	7	32
Пролетарлық интернационализм идеяларының жеңімпаз күші	8	2
Аудандық комитет және колхоз-совхоз өндірісі	8	49
Партиялық насихат пен бұқаралық саяси жұмыстың негізі	9	2
Ленинизм идеяларының ұлы салтанаты	10	3
Коммунизм — адамзаттың сәулетті болашағы	11	2

МАҚАЛАЛАР

К. Айманов — Республика мектептері жаңа белесте	1	14
Е. Андреев — Партия жұмысындағы алғырлық пен пайымдылық	5	19
Х. Бақауов — Партия комиссияларының жұмысы талапқа сай болсын	7	32
С. Бәйішев — Ұлы Октябрь және Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер	8	25
А. Брыжин — Партия ұйымдарының шаруашылықтардағы экономикалық жұмысы	5	14
С. Досмағамбетов — Еңбек тәрбиесі — партия ұйымдарының төл ісі	3	14
К. Егізбаев — Экономикалық реформа және партия басшылығы	8	9
Е. Жақсылықов — Өскен өрендердің өнегесі	2	31
Т. Жанкелдин — Ұлы идеялар шұғыласы	11	14
С. Жүсіпбеков — ҚПСС-тің ішкі және сыртқы саясатының бірлігі	6	20
М. Исеналиев — Партия ұйымы және жұмысшы жастар тәрбиесі	1	9
К. Кетебаев — Экономикалық реформаның аршынды адымы	9	8
П. Ковалев — Кәсіподақтардың ролін күшейте берейік	5	24
С. Мауленов — Торқалы той, үлкен қуаныш	11	20
К. Меңдібаев — Бастауыш партия ұйымдарының ролі мен ықпалы арттырылсын	8	19
Ж. Молдағалиев — Мерекелі жыл, мерейлі жыл	1	19
Б. Наурызбаев — Халықтар достығы — әдебиеттің өзекті тақырыбы	9	16
А. Питулов — Депутат және сайлаушы	7	48
В. Платковский — Совет халқының бірлігі мен ынтымағы	11	9
Б. Рамазанова — Советтердің коммунистік құрылыстағы ролі	3	9

	№	Беті
Қ. Сапарбаев — Қазақстан машина жасау өнеркәсібінің кешегісі мен бүгінгісі	2	27
Н. Сеньков — Денсаулық сақтау күзетінде	9	12
В. Титов — Кадрларды ленинше іріктеп, тәрбиелейік	2	12
Ә. Тілеукеев — Ерлік еңбек шежіресі	2	35
Ә. Тұрсынбаев — Октябрь революциясы және Советтік Шығыс халықтарының дамуы	3	19
М. Фазылов — Тәрбие жұмысының маңызды саласы	8	15
Р. Шамжанова — Советтік Қазақстанның шетелдермен байланысы	10	29
Ә. Шәріпов — Шабыттың қайнар бұлағы	7	44
М. Ықсанов — Май Пленумы шешімдерінің игі шарапаты	5	8

Қ. МАРКСТІҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚАРСАҢЫНДА

Ф. Жеребятъев — Ұлы ойшыл және ғылыми коммунизмнің негізін қалаушы	9	33
Революциялық ақыл-ойдың асқар шыңы	9	28

В. И. ЛЕНИННІҢ ТУҒАНЫНА 97 ЖЫЛ

Х. Айдарова, Е. Нығыметов — Ленин еңбектері қазақтың алғашқы большевиктік газеттерінде	4	19
К. Әбдіуақытов — Социалистік революцияға өтудің даңышпандық программасы	4	15
С. Бейсенбаев — Лениндік идеялардың өмірлік күші	4	9
Көсемді көзімен көргендер (қарт большевиктердің естеліктері)	4	22

ҰЛЫ ОКТЯБРЬДІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫ

Б. Адамбаев — Хауіпті сапарда	10	49
М. Ақаев — Елімізді электрлендіру жоспарының жүзеге асуы	10	21
М. Әбуғалиев — Коммунарлар мұрасы	11	61
Ш. Әбутәліпов — Өскекен өлкем — Өзбекстан	5	42
Қ. Әбілдаев — Химия өнеркәсібінің тұңғышы	1	30
Б. Әдетов — Коллектив осылай шыңдалды	12	67
Ә. Әлдібаев — Өскекен өмір сәулеті	4	32
Қ. Әміров — Ол күндердің өшпес даңқы	12	60
Ү. Бағаев — Дикан ата	11	65
Бақыт пен шаттық республикасы	6	43
Ә. Бектемісов — Қазақстанда баспа ісінің дамуы	8	44
Р. Бердібаев — Халық тағдыры — жазушы тағдыры	3	29
М. Бөлекбаев — Алтайдың алтын қазаны	5	38
Б. Бөлтірікова — Көркейген халықтың гүлденген мәдениеті	11	45
П. Букаткин — Қазақстандық ұлттық бригаданың ерлік жолы	4	39
Бүгінгі Советтік Латвия	9	23
В. Великанов — Жаңарған, жасарған қала	8	38
Қ. Дияров — Шалқыған байлық, ен дәулет	11	40
Е. Дүйсенов — Алматы — әсем астана	6	38
Ш. Ерманов — Жылдар жемісі	8	41
Ш. Есмұрзаев — Ильич станогы туралы аңыз	7	52
Ә. Жанкелдин — Совет өкіметі үшін күресте	11	26
Т. Жанкелдин — Революция солдатты	6	30
Б. Жетпісбаев — Полк командирі	5	31
Г. Жилинский — Өршіл ойлы ғалым	10	55
Ә. Жұмабаев — Баянды бауырластық	11	71
Ж. Ишмұратов — Қаһарлы күндердегі халықтық қозғалыс	5	35
Ә. Кәкімжанов — Индустриялы Қазақстан	11	34
Н. Қиікбаев — Қазақ халқының ұлттық теңдігі	8	34
Л. Ключник — Отанымыздың жүрегі	3	35
С. Көлбаев — Көрнекті мемлекет қайраткері	6	35
Д. Кішібеков — Октябрь революциясының халықаралық маңызы	10	25
Ж. Қарақұсов — Интеллигенцияның мәртебелі мерейі	11	53
Т. Қатаев — Жасампаз совет адамы	11	57
М. Қозыбаев, А. Кукушкина — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері	3	24
Д. Қонаев — Октябрь революциясы және шеткері ұлт аймақтарының гүлденуі	6	8
А. Логинов — Ұлы Ленин қаласында	1	35
Б. Мәдиев — Коммунист туралы толғау	10	63
С. Мұқанов — Туған ауылдың кешегісі мен бүгінгісі	11	51
Е. Мырзахметов — Туында Ленин ордені	11	77
В. Мягкий — Жастарға айтар сөзіміз	11	29
С. Ниязбеков — Совет халықтарының тату семьясында	10	10

	№	Беті
К. Нұрпейісов — Жетісу большевиктерінің Совет өкіметін орнату жолындағы күресі	1	22
А. Нүсіпбеков — Советтік патриотизмнің құдіретті күші	10	17
Ж. Омаров — Турксиб — халық қаһармандығының куәсі	10	33
С. Оспанов — Қарағанды — үшінші алып көмірлі	10	38
С. Оңғарбаева — Әйел атын ардақтайық	12	63
Ш. Өтепов — Бостандық жолында	11	31
П. Пахмурный — Жалынды большевик	5	27
Ө. Рахымова — Өмір өткелдері	12	64
С. Сейфуллин — Еңбекшіл таптың жолбасшысы Ленин	11	25
Ғ. Сланов — Ауыл ағасы	10	59
Советтік Украинаның алып адымдары	4	42
А. Совокин — Қарулы көтеріліске мезгелген съезд	8	31
Т. Таирова — Күрес пен жеңіс жылдары	7	62
С. Хайдаров — Тың дастаны	10	43
Х. Чурин — Көсем бейнесі көз алдымда	12	58
Д. Шаймұқанов — Қазақстан қара металлургиясының алып адымы	6	26
Ә. Шалтықов — Революциялық күрес кезеңдері	1	27
Ж. Ысмағұлов — Өркенді қала — Өскемен	7	57

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Ә. Алыбаев — Коммунистердің сын ескертпелері мен ұсыныстары	2	41
С. Аққозиев — Аудандық комитет және актив	5	50
Ж. Аралбаев — Еңбек тәрбиесі — есею жолы	4	60
Ә. Атшыбаев — Торқалы тойға — мол тарту	9	51
Ф. Әбдірәйімов — Ақылшы да ұйымдастырушы бола білейік	4	69
Қ. Әркенов — Нұсқаушы қызметі жауапты да қызықты	1	60
В. Бабушкина — Ырыс алды — ынтымақ	3	55
Ш. Бәкіров — Турақты мол өнім алу жолында	8	59
Ж. Бектепов — Біздің секретарь	1	54
И. Березин — Штаттан тыс комиссия — партия комитетінің белсенді көмекшісі	4	65
Н. Болатбаев — Аудандық комитет және бастауыш партия ұйымы	7	66
Қ. Жанаев — Мектеп және партия ұйымы	6	47
Т. Жұмақаев — Басшының беделі	6	50
Ж. Қазымов — Аудандық комитет коммунистер алдында есеп беруде	3	51
Ш. Қарпықбаев — Коммунистер алғы шепте	7	70
Е. Қосжанов — Бұқараны бастаушылар	8	63
Б. Құсанов — Абыройлы борышымыз	9	55
Н. Оразбаев — Коммунистер белсенділігі	6	57
Р. Сүлейменов — Жүрек кілті	1	72
А. Тоқмағамбетов — Алтын жұлдыз	1	70
Ы. Тілеубергенев — Халық мүддесінің қамқоршылары	8	55
Н. Хисматулин — Штаттан тыс партия комиссиясының жұмысы туралы	3	54
Б. Шілманов — Жарыстың күші — жариялылығында	2	46
Н. Ысмайылов — Жарыстың жалынды күші	5	54

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК. МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР.

Б. Габдуллин — Субъективтік факторлардың қоғам дамуындағы ролі	5	46
Ә. Қуандықов — Партия оқуы және насихатшының даярлығы	1	47
М. Құнантаев — Партия СССР-де социализм құрылысын аяқтау жолындағы дәуірде	3	40
В. Малышева — Тыңдаушының білімін арттыру шарты	2	56
Г. Никольников — КПСС-тің марксизм-ленинизм тазалығы үшін, оппортунизмге қарсы күресі және оның тарихи маңызы	1	40
Партия — жеңімпаз көтерілісті ұйымдастырушы	10	74
А. Плотников — Партия оқуына күнделікті көңіл бөлінісін	9	44
М. Сейітқазиев — Советтік қоғамның мызғымас негізі	2	50
М. Табылдин — Социализм тұсында құн заңын пайдалану	4	48
Л. Тұяқбаева — Сабакты әңгіме түрінде өткізу — тиімді әдіс	4	52
Ә. Тұяқбаев — Насихатшының беделі	1	51
1967/68 оқу жылындағы проблемалық теориялық және методологиялық семинарлардың үлгі тақырыбы	9,10	44,68

ҚЫТАЙДАҒЫ ОҚИҒАЛАР ЖӨНІНДЕ

Ж. Әбділдин, Ә. Жаймұрзин — Мао Цзэ-дун тобының ұлтшылдық саясаты	4	55
С. Бәйішев — Теория жағынан теріс, практика жағынан зиянды іс	3	47
Совет адамдарының ашу-ызасы	3	44

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

И. Агапов — Шаруашылық есеп бізге не береді	6	71
Я. Әубәкіров — Ауыл шаруашылық өндірісі және экономикалық заңдарды пайдалану	5	54
А. Бараев — Тын егіншілігінің ғылыми жүйесі	4	73
В. Дуреев — Партия ұйымы және экономикалық реформа	3	65
М. Жүнісбаев — Арыс-Түркстан каналы алқабын тиімді пайдаланайық	8	67
Ө. Кесікбаев — Құрылыста еңбек өнімділігін арттыру жолдары	9	60
Ө. Кесікбаев, К. Ахметов, Ә. Ибрашев — Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру мәселелері	1	64
Ә. Махмұдов — Химия өнеркәсібінде еңбек өнімділігін арттырудың резервтері	3	61
З. Сармолдаева — Экономикалық реформа және кредит	6	68
Б. Төртқарин — Совхоз өндірісін мамандандырудың экономикалық тиімділігі	2	59

ҒЫЛЫМ. МӘДЕНИЕТ. ИДЕОЛОГИЯ.

К. Аманбаев — Телевизияның әсерлі күші	2	67
Ә. Әжібаева — Әйелдер — коммунистік құрылыстың белсенді күрескерлері	3	68
С. Әмірханов — Мектеп-интернат — тәрбие ұясы	3	71
К. Бегалиев — Балауса балғынға мәпелі тәрбие керек	5	77
Р. Бердібаев — Көркем сөздің асқан шебері	12	72
Ы. Дүйсенбаев — Аса көрнекті әдебиетші-ғалым	9	68
І. Кенесбаев — Ұлы Октябрь және қазақ тіл білімі	5	72
С. Қирабаев — Жыр өзегі — Октябрь	4	77
К. Құнантаева — Жан-жақты жетілген жас мамандар тәрбиелейік	9	73
М. Матаев — Таным процесіндегі субъектінің ролі	9	77
С. Сүлейменов — Студенттерге интернационалдық тәрбие беру	2	63
І. Ізтілеуов — Насихаттың педагогикалық негіздері	6	75

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Қ. Баймұратов — Империалист агрессорлардың Таяу Шығыстағы ылаңы	7	73
М. Мұстахов — Европада бейбітшілікті баянды етудің пәрменді шаралары	8	75

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

А. Ахметов — Советтік Қазақстан жұмысшы табының қалыптасуы	2	71
Г. Дахшлейгер, Т. Балақаев — Лениндік аграрлық саясатқа арналған еңбек	6	78
Т. Дәуітов, Ғ. Ақмамбетов — Диалектикалық материализмнің өзекті мәселелері	2	75
І. Ізтілеуов, М. Кенжебаев — Ғылыми коммунизм жайындағы күрделі зерттеулер	1	76

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Ауыл-селоның тұрмыс мәдениеті	3	75
Бүгінгі басты тақырып	5	59
Ү. Бағаев — Газет сынының әсерлілігі	5	64
М. Салықбаев — Ауыл-село тілшілері — біздің тірегіміз	5	68
Белоруссия коммунистерінің журналы	5	70
Қаламдастар қуанышы	3	80
Л. Ключник — «Вопросы истории КПСС» журналына 10 жыл	8	73

БІЗДІҢ ИНТЕРВЬЮ

Тасқынға — тосқын	7	70
Бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін	9	64
Журнал жанашырлары	1	79
Партия тұрмысының хабарлары	2,8	
КПСС тарихына арналған ғылыми конференция	3	79
«Қазақстан коммунистінің» сынына кәйін	2	



МАЗМҰНЫ

СОЦИАЛИЗМНІҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСТЕРІНЕ ЕЛУ ЖЫЛ

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдастың Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығына арналған КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советінің және РСФСР Жоғарғы Советінің бірлескен салтанатты мәжілісінде жасаған баяндамасы. 1

СОВЕТ ХАЛҚЫНА, СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ 34

ҰЛЫ ОКТЯБРЬ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫНА ЕЛУ ЖЫЛ

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдастың 1967 жылғы 6 ноябрьдегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бірлескен салтанатты мәжілісінде жасаған баяндамасы 39

ОКТЯБРЬ ШАПАҚТАРЫ

Х. Чуриң — Көсем бейнесі көз алдымда, **К. Әміров** — Ол күндердің өшпес даңқы, **С. Оңғарбаева** — Әйел атын ардақтайық, **Ө. Рахымова** — Өмір өткелдері 58

ДОСТЫҒЫМЫЗ БОЛАТТАН ДА БЕРІК

Б. Әдетов — Коллектив осылай шыңдалды 67

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

Р. Бердібаев — Көркем сөздің асқан шебері 72

«Қазақстан коммунисті» журналында 1967 жылы жарияланған мақалалар мен материалдардың көрсеткіші 76

УГ11712.

Зак. 24

Тираж 38242.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

К. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), К. Әбілдаев, Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Мендібаев, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03.

27/XI-1967 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108¹/₁₆. 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы.
Алматы, Ленин проспекті, 4.